Сабақты пікірталас форматында дұрыс ұйымдастыра білуі керек. Мәселен, тақырыпты алдын-ала беруі қажет. Кез келген тақырыпты емес, бағдарламаға сәйкес дау туғызатын мәселелерді берсе, әр тарап дайындық кезінде біршама ақпаратқа кез болады. Мен педагогикалық практикада болған кезде, өзім сабақ берген 9-10 сыныптар арасында бірнеше пікір сайыс өткіздім. Байқағаным, басында ұяндықтары басым болған оқушыларым, соңында шаршы топта сөйлеп, шешендік өнерге машықтанды. Өз ойларын анық жеткізуге тырысып, көп ізденді. Пікірталаста тек екі топ болады, ал үшінші топтағы оқушылар көрермендер қатарын толықтыратыны белгілі. Осы орайда, ойынға қатыспаған оқушыларды блиц-сұрақтар қойып, қысқаша ғана олардың да пікірін білген жөн. Сонымен қатар, олардан пікір сайыстың барысы туралы өз көзқарастарын біліп, қатысушылардың жіберген қателіктері мен кемшіліктерін таба білуге үйрету керек.

Пікірталас кезінде студенттермен бірлесіп ұстанатын ережелерді анықтап алған дұрыс. Пікірталас кезінде әрбір қатысушының өз мүмкіндігін айту мүмкіншілігі болу керек; қарсыласын тыңдай білуге дағдылану; біреудің сөзін бөлмеу; үйренушілерге ой шақыру немесе дәлелдерді жинақтау үшін уақыт беріп отыру.

Пікірсайысында болуға тиісті қасиеттердің негізгілері: харизмалық қасиет, яғни шешендік, суырып салу өнері, яғни кез келген жағдайдан сүрінбей өту, дер кезінде шешім табу, риторикалық қасиет, яғни сұрақты жүйелі қоя білу, эмоциялық қасиет, яғни өз эмоциясын басқару. Ең бастысы, мықты пікірсайысшыға логика мен білім қажет екені белгілі. Пікірсайыс кезінде дауыстың тэмбрі де белгілі бір дәрежеде қызмет атқаратынын айтушы білуі тиіс.

Пікірталасқа мүмкіндігінше оқытушылар емес, студенттерді қатыстыру керек. Бұл жағдайда әлеуметтік механизмдерді қалыптастыратын белгілі бір топтар құрылғаны дұрыс. Олар іс-әрекеттің жаңа әдістерін күшейтеді немесе жаңа тәсілдерді ойлап табады. Дискуссиялық әдістерді тиімді түрде жүзеге асырудың бір жолы пікірталасқа түсушілердің алдын ала білікті дайындығы болып табылады. Оған көтерілетін мәселе бойынша қажетті білімді жинақтау, өз ойын шұбалаңқы емес, қысқа да нұсқа жеткізе білу, өзінің эмоциясын бақылай білу, сұрақты нақ әрі анық қою, оппоненттің ой-тұжырымына құрметпен қарау т.с.с. жатады.

Дискуссиялық әдісті тек гуманитарлық пәндерді жүргізу барысында пайдаланған ұтымды деген пікір жансақ, өйткені бұл әдісті тарих, әлеуметтану, этика, әдебиет сынды пәндермен қоса химия, физика, биология т.б. пәндерді өткізу үшін қолдануға әбден болады. Бұл жағдайда дискуссия ғылыми-танымдық пікір алмасуға айналу керек.

Соңғы кездері аралық және қорытынды бақылауды тест арқылы өткізу студенттердің сөйлеу қабілетін, ойын жеткізе білу қабілетін төмендетті деген пікір айтылуда. Сондықтан практикалық сабақтар барысында бұл әдісті пайдалану – жоғарыда айтылған өзекті мәселенің тиімді шешімі.

Бұл әдістің тәрбиелік мәні де жоғары. Оның көмегімен білім алушылардың мінез-құлқы, темпераменті, есте сақтау және ойлау қабілеті сияқты танымдық процестерді диагностикалаумен қатар, олардың тәртібін, әрекетін, өзін-өзі ұстай алу қабілетін тәрбиелеп, дамытуға мүмкіндік туады. Дискуссия тақырыбын таңдағанда терең мазмұнды тақырыптармен қатар, адамгершілік мәселелері, адамдар арасындағы қарым-қатынас жөнінде пікірталастыруға болады. Сонымен, пікірталас (дискуссиялық) әдістері – тек оқыту ғана емес, сондай-ақ, тәрбие тәсілі болып табылады.

Ұтымды ой айту, құнды сөз арқылы ойындағысын жеткізу – ата-бабадан қалған игі дәстүр. «Шешендік – көп сөздікте емес, тапқырлықта» деп Ғабиден Мұстафин айтқандай шешендік өнердің қыр-сырын жетік меңгеріп, саналы да ұтымды ойды тапқырлықпен ұштастыра білген жастарымыз ел үмітін ақтар ертеңгі болашағымыз. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, болашақты білімді ұрпақ айқындайды» деп баса атап көрсеткен болатын. Сондықтан да еліміздің ертеңгі тұтқасын ұстар болашақ жастарымыз саналы да сапалы білім игеріп, тәлім-тәрбие алып, қандай жерде болмасын өз ойын еркін түрде жеткізе алатындай тұлға болып қалыптасуы қажет.

Ұрпақ тәрбиесі – ел алдындағы маңызы зор міндет. Еліміздің, қоғамның экономикалық, саяси, мәдени дамуында үлес қосатын, білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – орта кәсіптік білім беру жүйесіндегі ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы міндеті. «Адам ұрпағымен мың жасайды» – дегендей, ұрпақ тәрбиесі қай кезде де халықтық мәселе болған. Тарихтан білетініміздей, дарындылар, қабілеттілер аса жоғары бағаланған. Сондықтан қазіргі

жоғарғы сынып оқушылары педагогтары алдында тұрған аса маңызды міндет – талабы таудай тұлғаны тәрбиелеп, орта кәсіптік біліктілігі бар маманды өсіріп шығару. Ал еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілеті жоқ адамның болмайтыны педагогикада дәлелденгендіктен, оқушы дарынын дамытар жұмысты орта мектептен кейінде жалғастыра беру керектігі айдан анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // <http://kz.government.kz>.
2. Chomsky Noam (1965), *Aspects of the Theory of Syntax*, Cambridge, Massachusetts: MIT Press
3. Сейтек М. Мектепке дейінгі тәрбие. – 2012. № 2 – 47-48 бет.
4. Болонский процесс: концептуально-методологические проблемы качества высшего образования / под науч. ред. д-ра пед. наук, профессора В.И. Байденко. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2009. – 304 с.

МРНТИ 19.01.07

Г.Б. Қыдырбаева¹

*¹Аль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аға оқытушы (магистр)
email: kudyrbaevag@mail.ru
Алматы қ., Қазақстан*

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге сіңіп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам өзінің ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға тиіс. Жалпы тіл – дегеніміз адамдардың қарым-қатынас құралы, қаруы және тілдің біздің өміріміздегі алатын орны ерекше екенін білеміз. Яғни, қарым-қатынассыз еш тіршілік, түсіністік болмасын да білеміз. Тіл – адамзат баласының қоғамдық-әлеуметтік дамуының бірден-бір көрсеткіші. Тіл - ұлттың негізі, ұлттық қасиеттерінің бірі. Тілсіз ұлт жоқ, әр ұлттың өзіндік тілі бар. Десекте, өз тіліңмен қатар өзге тілдерді, өзге мәдениеттерді, әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа... демекші, салт-дәстүрлерін, ұлттық стереотиптерін білу, әр адамның парызы және интеллектуалды ой өрісінің дамуының бірден бір көрсеткіші. Өз тілін бірлік үшін, өзге тіл тірлік үшін керек екенін білу қажет. Тіпті, қазіргі уақытта көп тіл білу-заман талабы.

Түйін сөздер: тіл байлығы, мұра, қарым-қатынас, түсіністік, мәдениеттер, интеллектуалды, көп тіл, заман талабы.

Қыдырбаева Г.Б.¹

*¹старший преподаватель (магистр)
Казахского национального университета им. Аль-Фараби
e-mail: kudyrbaevag@mail.ru
г. Алматы, Казахстан*

ПОЛЬЗА ГАЗЕТ И ЖУРНАЛОВ ДЛЯ ИЗУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ

В каждой стране и в каждой нации свой родной язык ценится и развивается. Он передается с материнским молоком каждому человеку. Богатство языка является национальной гордостью каждой страны, каждой нации. Это наследие, переданное нам нашими предками. Человек должен защищать свой родной язык. Мы знаем, что язык – это орудье общения, зеркало души. То есть без языка у нас не будет взаимопонимания в целом. Язык является единственным показателем социального развития человечества. Язык является одним из национальных качеств нации. Именно в языке запечатлен весь национальный характер, в нем как в средстве общения данного народа исчезают индивидуальности и проявляется общее. Наличие единого национального языка обеспечивает обществу удобство общения в самых разных сферах деятельности – от бытовой сферы до производственной. Мы должны знать, что язык необходим для единства и развития. Сегодня многоязычие является требованием времени.

Ключевые слова: богатство языка, наследие, общение, взаимопонимание, культура, интеллектуальность, многоязычие, современные требования.

Kydyrbaeva G.B.¹

¹Assistant professor at al-Farabi KazNU

e-mail: kydyrbaevag@mail.ru

Almaty., Kazakhstan

THE BENEFITS OF NEWSPAPERS AND MAGAZINES FOR LEARNING FOREIGN LANGUAGES

In each country and in every nation, their native language is valued and developed. It is transmitted by breast milk to every person. The richness of the language is the national pride of every country, every nation. This is the legacy given to us by our ancestors. A person must protect his native language. We know that language is an instrument of communication, a mirror of the soul. That is, without language we will not have mutual understanding as a whole. Language is the only indicator of the social development of mankind. Language is one of the national qualities of a nation. It is in the language that the entire national character is embodied, in it, as in the medium of communication of a given people, individualities disappear and the common is manifested. The presence of a single national language provides the society with the convenience of communication in the most diverse spheres of activity - from the domestic sphere to the industrial one. We must know that your language is necessary for unity and development. Even today, multilingualism is a requirement of time.

Key words: language richness, heritage, communication, mutual understanding, culture, intellectuality, multilingualism, modern requirements.

Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте! Елбасы өзінің 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» атты жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлттаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деп нақты көрсетіп айтты. Бүгінгі шетел тілін оқытудың басты мақсаты – коммуникативті күзиреттілікті қалыптастыру. Қазіргі кезде шетел тілдерін оқыту технологиясы оң өзгерістерді басынан кешіруде. Шетел тілдерін оқыту теориясы мен практикасындағы оңтайлы тәжірибиелерді пайдалану негізінде жаңалау жұмыстары жүргізілуде. Тілдік материалдар шетел тілін оқытудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Солардың бірі аутентті газет журнал материалдары. Оқуды үйрену барысында аутентті мәтіндер қалай қолданылады? Ағылшын тілінде аутентті деген «түпнұсқа», «табиғи» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі уақытта ол шынайы мәтіндердің мәнін анықтау үшін бірнеше тәсілдер бар. Түпнұсқалық деп осы шетел тілді елдердің нақты өмірінен алынған материалдар болып саналады. Бұларға радио мен теледидар бағдарламаларындағы жаңалықтар, хабарландырулар (әртүрлі жарнамалар, плакаттар, белгілер, кестелер, мәзірлер және т.б.), әр түрлі газеттер мен журналдардың алынған мәтіндер кіреді. Радио миллиондаған тыңдаушыны жинайды, теледидар көргеннен, естігенімізді сезіммен қабылдап, жүректен өткіземіз, бірақ газет-журналды оқығанға жетегін ештеңе де жоқ. Газет-журналдың адам өмірінде алатын орны зор. Біз газеттен еліміздегі, шетелдердегі оқиғалардан хабардар боламыз. Сондықтан да, сабақ барысында газет, журналдарды мүмкіндігінше қолдана білу тиімді де, пайдалы. Газет мақалалары арқылы, тақырыптары бойынша студенттердің әңгіме құрастыру шеберліктерін қалыптастыра аламыз. Ахмет Байтұрсынов айтқандай: "Газет – халықтың көзі, құлағы ыәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр секілді" деген мағыналы сөз айтқаны бекерден-бекер емес-ті, яғни газет-журналдардың, бұқаралық ақпараттарды оқи отырып, шетел тілін үйретуде ғана емес, сол тілін үйренуші елдің мәдениетін, саяси өмірін, рухани жан дүниесін, көңіл-күйін, тыныс тіршілігін, мінез-құлық стереотиптерін, біздің заманымызда қоғамда болып жатқан процестермен танысуға көмектеседі. Оқу арқылы адам адамның ғылыми және мәдени жетістіктеріне қосылып, басқа халықтардың өнерімен және өмірімен танысады. Оқу үрдісі жеке тұлғаның қалыптасуына зор ықпал етеді. Оқудың көмегімен сөздердің белсенді және пассивті сөздік қоры оқушылармен толтырылады, грамматикалық дағдылар қалыптасады. Оқуды бастаудың негізгі міндеттерінің бірі - мәтіндерді таңдау және олармен жұмысты нақты ұйымдастыру. Түпнұсқалық мәтіндермен жұмыс істеу студенттерді сыни ойлау мен әмбебап оқыту іс-әрекеттерін дамытуға шақырады және оқу үшін қызықты және қызықты материал болып табылады, себебі олар табиғи тіл ортасымен танысу елесін жасайды. Газеттердің тағы бір ерекшелігі - олар шетел тілінің жалпы қабылданған көздері мен оқулықтарында оңай таба алмайтын әр түрлі және мәтіндік стильдердің мәтіндерін қамтиды. Газеттер мен журналдарда біз кино жаңалықтар, жаңа жастар қозғалысы, спорт клубтары, музыка, өнер, экологиялық мәселелер туралы өлең,

комикстер және мақалалар таба аламыз. Көптеген газет мақалалары осы материалдармен жұмыс істеу үшін қолайлы жағдай жасайтын оқушылар өздері үшін ең қызықты таңдау жасайтын ақпарат көздерінің үлкен таңдауын білдіреді. Көптеген газеттер мен журналдарда жастардың проблемаларына қатысты мақалалар бар. Газет мақаласының көлемі қысқаша параграфтан бүкіл бетке дейін өзгеруі мүмкін. Нөмірді қарау мақаланың өлшемін, тілдің күрделілігін, жаңа ақпараттың көлемін, негізгі мазмұнды және, әрине, студенттердің білім деңгейін ескере отырып, сабаққа арналған ең қолайлы басылымдарды таңдауға болады.

Мәтінмен жұмыс істеудің екі деңгейлері бар - алдын-ала мәтінмен және мәнінен кейінгі мәтін. [1, с. 153-162] Бірінші кезеңде, мәтінді оқымай студенттерден берілген тапсырманың мазмұнын тақырыппен немесе иллюстрациялармен алдын-ала болжауды сұрауға болады, студенттерге сұрақтар қоюы мүмкін: сіз суреттегі адамды кім деп ойлайсыз? келесіде не болады? Сіз қалай ойлайсыз? неге ашуланған / қайғылы / бақытты адам? тақырыпта айтылған тұлға кім? Сіз қандай басылымның тақырыбы пайда болған деп ойлайсыз? спорт? жаңалықтар? Ағылшын тілінде газет мақаласын оқыған кезде студенттер синонимдер мен синонимдік сөздерді таба алады, мысалы, бағалар шатырдан өтіп, бағалар күрт артады. Бұл жаңа сөздермен танысуға ғана емес, олардың мәнмәтінінде түсінуге де көмектеседі. Мәтінді оқығаннан кейін мақаланың негізгі сөйлемдерін жаза аласыз, бұл жаттығу негізгі идеяны түсіну үшін оқуды дамытады. Оқушыларға оқығандарға өздерінің реакцияларын ұсынатын жақсы жаттығулар жасауға болады - келесі мақалаларды жалғастыру үшін: Мақала мені таң қалдырды, себебі ... Мен жазушымен келіспеймін, себебі ... Мен сенімдімін ... толығырақ ... Келісу немесе келіспеу қиын, себебі ... Менің пікірімше ... [4] деген сияқты. Мысалы: мына сияқты газет мақалаларына орай жаттығулар жүргізу өте ыңғайлы және пайдасы мол.

1. PRESENTING AN ARTICLE

Title of article

I chose this article because.....

The main theme of the article is.....

It discusses three main points.

First, the issue of.....

Secondly.....

Finally, it looks at

First of all, let's look at the question of.....

Next, it focuses on.....

At this point I'd like to mention several points of my own, namely.....

Now, to return to the earlier point concerning

What's the explanation for this? Well, the article suggests

How will this affect us? Well, one prediction is that.....

The crucial issue is.....

Moreover..... However.....

In addition..... On the other hand.....

Also..... In spite of this.....

Therefore..... As a result.....

There are two alternatives here. Let's look at the advantages and disadvantages of each

So, as we've seen in this brief presentation.....

To put it in a nutshell, the article states that.....

Now, if you have any question, I'll do my best to answer them.....

The following are useful words I learnt from the article:

2. News Story Worksheet

Please choose a story from any newspaper or from the television news and summarise the story in your own words.

Any new words or phrases? Check in the dictionary or ask in class tomorrow.

Why is the story interesting to you? What is your opinion of the issues?

Please prepare two questions for discussion about this story- remember to ask open questions no yes or

no answers

Жоғарыда аталған жаттығулардың бәрі ағылшын тілін оқытатын мұғалімдер тарапынан кеңінен қолданылады. О.Ф. Кирсанова оқу әдістемесінде [2, 89-92 б.] газет мақаласымен жұмысын үш кезеңге бөледі: 1 кезең - газетпен мақала оқығанға дейінгі жұмыс. Студенттер газеттің барлық мәселелерін, беттерін, мақала тақырыптарын қарап және қандай категорияларына көбірек назар аудару керек екенінін анықтап, түсіндіреді. Жасалған жұмыстарды талқылау үшін сілтеме схемаларын қолдануға болады. 2 кезең - кіріспе оқу. Осы кезеңінде газет мақаласын қарауда мынадай жаттығуларды орындауға болады: мақаладағы суретке қарап мәтіннің не жайлы болатынын анықтау; тақырыпты және субтитрді оқып шығып не талқылайтындарыңызды айтыңыз; бірінші абзацты оқып шығып және мақаланың қандай ақпарат берілетінін айтыңыз; соңғы абзацты оқып шығып және оның алдында қандай мазмұн болуы мүмкін; абзацтардың бірінші сөйлемін оқып шығыңыз және мәтінде қаралатын мәселелерді атаңыз; халықаралық сөздерді табыңыз және оларға мәтіннің тақырыбын анықтаңыз. 3 кезең - мақаланың мәтінімен жұмыс істеу. Басқаша айтқанда - іздеп оқу. Оқудың бұл түріне келесідей тапсырмалар беріледі: сұраққа жауапты табыңыз: Қашан болған оқиға? Бұл қайда болды? Қай елде? Оның негізгі қатысушылары кім? Мәтіннің негізгі идеясы қандай параграфта жазылған? Осылай берілген жаттығуларды жасау арқылы оқу және сөйлеу дағдыларын дамытып, студенттердің лексикасын да байыта аламыз. Мұны орындау үшін оқыған ақпараттарына негізделген сөздік жазуды сұрауға болады. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы білім дағдысын кеңейтіп, студенттердің дағды, таным белсенділігін арттыра аламыз. Сонымен қатар, сөздік қорын байытып, белсенді сөздік қорын пайдалана отырып, лексикалық тақырып бойынша сөйлей, сөйлесе алуды үйретеміз. Теория мен практиканы ұштастыра отырып, сөздік қорын молайтумен қатар, шығармашылық қабілеттерін де арттырамыз. Студенттердің өз ойын жүйелі түрде айта білуі дағдыларын жетілдіріп, іскерлігін қалыптастырамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Галскова Н.Д. Шет тілдерін оқытудың қазіргі заманғы әдістері: оқытушыларға арналған анықтамалық / Н.Д. Гальскова. – Мәскеу: АРСТІ, 2003. – Р.153-162.
2. Кирсанова А.Ш. Шетел мәдени құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде ағылшын тілінің сабақтарында шынайы материалдарды қолдану / О.Ф. Кирсанова // Мәскеу университетінің бюллетені. 2001 ж. – № 2. 89-92 б.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991.
4. Газеттер мен журналдарда ағылшын тілін қалай үйренуге болады? [Электронды ресурс]. - Кіру режимі: <http://nikitindima.name/2009/06/23/kak-uchit-anglijskij-po-gazetam-i-zhurnalam/>
5. Назарбаев Н.Ә. «Болашақтың іргесін бірге қалайық» Қазақстан халқына Жолдауы. //Егемен Қазақстан, 29.01.2011 ж.
6. Ильина Т. С. Орта мектепте шет тілін оқытуда газет журналдар қолдана білу // Молодой ученый. – 2014 ж. – №6. – С. 715-718.

МРНТИ 16.21.61

А.Бақытов¹, А.Тулепбергенова², А.Смагулова³

¹филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультеті дипломатиялық аударма кафедрасының доцент м.а.,
e-mail: bakitov77aitkali@mail.ru, tel.: +7 701 420 0524

Алматы қ., Қазақстан

²Халықаралық қатынастар магистры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультеті дипломатиялық аударма кафедрасының аға оқытушысы
e-mail: tulepbergenova.alima@gmail.com, тел: 8 775 728 0880

Алматы қ., Қазақстан

³филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультеті дипломатиялық аударма кафедрасының доцент м.а.
e-mail: aigerim_0715@mail.ru, тел: 8 701 167 4373

Алматы қ., Қазақстан

ЭТНИКАЛЫҚ СТЕРЕОТИПТЕРДІҢ АНЕКДОТ МӘТІНДЕРІНДЕ КӨРІНІС ТАБУЫ (қазақ және француз тілдеріндегі материалдар негізінде)

Аңдатпа

Көптеген уақыттан бері ғылымның әр түрлі саласында “стереотип” ұғымын анықтау туралы көптеген пікірлер айтылып, қоғамда ұлттық стереотиптердің қалыптасу жолдары мен таралу жолдары зерттеліп, олардың халықтар арасындағы қарым-қатынасқа әсері талқыланған. Біріншіден, стереотип сөзінің қолданылуы туралы зерттеушілердің пікірлері біркелкі емес. Ғылыми әдебиеттерден ұлттық стереотиптер, этникалық алдын ала қалыптасқан пікірлер, этникалық түсініктер, ұлттық әлем бейнелері, т.б. сияқты бір құбылысты білдіретін әр түрлі терминдерді кездестіруге болады. Екіншіден, әр түрлі ғылым салаларының өкілдерінің әрқайсысының стереотип туралы өз пікірлері бар және бұл құбылысқа жасаған классификациялары да әр түрлі. “Стереотип” (грек тілінен аударғанда stereos - қатты, typos - таңба, із, белгі) сөзін гуманитарлық ғылымдар саласында қолданысқа ХХ ғасырдың басында американдық социолог Уолтер Липпманн енгізген. Ғалым бұл терминді қалыптасқан, дайын ой-пікірлер мен асығыс жасалған тұжырымды білдіретін метафора ретінде қолданған. “Қоғамдық пікір” атты ғылыми еңбегінде Уолтер Липпманн стереотипті оның пайда болуына себепкер болатын және оның қызметін анықтайтын факторлар жүйесінде қарастырған, қоғамдық пікір жүйесіндегі стереотиптердің алатын орны мен атқаратын рөлін анықтауға тырысқан, сондай-ақ стереотиптің қызметін, адам іс-әрекетінің әлеуметтік психологиялық аспектілерін талдау арқылы түсіндіре келе, стереотиптің маңыздылығын атап көрсеткен.

Бұл мақала шеңберінде біз ұлттық әлемдік бейнені көрсететін мәтін ретіндегі анекдоттың лингвомәдени ерекшеліктерін қарастыра келе, француз және қазақтар туралы анекдоттарда көрініс тапқан этникалық стереотиптерді зерттейміз.

Кілт сөздер: стереотип, анекдот, этникалық стереотиптері, прецеденттік жағдаят, прецеденттік мәтін, прецеденттік есім, прецеденттік сөйлесім.

Аннотация

Бақытов А.,¹ Тулепбергенова А.,² Смагулова А.³

¹к. филол. наук, и.о. доцента кафедры дипломатического перевода факультета международных отношений Казахского национального университета имени аль-Фараби
e-mail: bakitov77aitkali@mail.ru, tel.: +7 701 420 0524

г. Алматы, Казахстан

²магистр международных отношений, старший преподаватель доцента кафедры дипломатического перевода факультета международных отношений
e-mail: tulepbergenova.alima@gmail.com, тел: 8 775 728 0880
Казахского национального университета имени аль-Фараби,

г. Алматы, Казахстан

³к. филол. наук, и.о. доцента кафедры дипломатического перевода факультета международных отношений
Казахского национального университета имени аль-Фараби,
e-mail: aigerim_0715@mail.ru, тел: 8 701 167 4373

г. Алматы, Казахстан

ОТРАЖЕНИЕ ЭТНИЧЕСКИХ СТЕРЕОТИПОВ В ТЕКСТЕ АНЕКДОТОВ (на основе материалов на казахском и французском языках)

На протяжении многих лет в различных отраслях науки были даны различные определения на понятие “стереотип”, также рассмотрены пути формирования и распространения стереотипов в обществе, их влияние на отношения между народами. Во-первых, мнения исследователей о применении стереотипа разные. В научных литературах можно встретить разные термины как национальные стереотипы, этнические предрассудки, этнические понятия, национальные картины мира и т.д., которые одно и то же явление. Во-вторых, представители разных научных отраслей определяют понятие «стереотип» и делают их классификация по-разному. Понятие “стереотип” (в переводе с греческого stereos - твердый, typos - знак, след, признак, отпечаток) внедрено в области гуманитарных наук американским социологом Уолтером Липпманном в начале XX века. Ученый использовал данный термин в качестве концептуальные метафор, представляющие сложившиеся, готовые мысли. В своем научном труде «Общественное мнение» У.Липпманн рассмотрел стереотип в рамках факторов, влияющих на появление стереотипов и определяющих их функции, также определил роль и место стереотипов в системе общественного мнения, также подчеркнул важность стереотипа, объясняя функции стереотипа, анализируя социально-психологические аспекты деятельности человека.

В рамках данной статьи рассматривается лингвокультурные особенности анекдотов как текст, отражающий национальную картину мира, также этнические стереотипы, отраженные в анекдотах про казахов и французов.

Ключевые слова: стереотип, анекдот, этнические стереотипы, прецедентные ситуации, прецедентные тексты, прецедентные имена, прецедентные высказывания.

Abstract

Bakitov A.,¹ Tulepbergenova A.,² Smagulova A.³

*candidate of philological sciences, associate professor of Diplomatic translations Chair of International Relations faculty of Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan,*

e-mail: bakitov77aitkali@mail.ru, tel.: +7 701 420 0524

*master of International relations senior lecturer of Diplomatic translations Chair of International Relations faculty of Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan,*

e-mail: tulepbergenova.alima@gmail.com, tel: 8 775 728 0880

*candidate of philological sciences, associate professor of Diplomatic translations Chair of International Relations faculty of Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan,*

e-mail: aigerim_0715@mail.ru, tel: 8 701 167 4373

REFLECTION ON ETHNIC STEREOTYPES IN THE TEXT OF ANECDOTES (based on Kazakh and French materials)

Over the years, various definitions of the concept "stereotype" have been given in many science branches; also have been considered forming and disseminating stereotypes ways in society, their influence on relations between nations.

Firstly, researchers' opinions on the stereotype application are different.

In scientific literature, it can be found different terms like national stereotypes, ethnic prejudices, ethnic concepts, national pictures of the world, etc., which are one and the same phenomenon.

Secondly, representatives of different scientific branches define the concept of "stereotype" and make their classification differently. The concept of "stereotype" (translated from Greek stereos - solid, typos - sign, trace, sign, imprint) was introduced in the humanities by the American sociologist Walter Lippmann in the early twentieth century. The scientist used this term as a conceptual metaphor, representing established, ready-made thoughts. In his scientific work "Public Opinion", W. Lippmann considered the stereotype within the factors influencing the appearance of stereotypes, their functions, role and place in the system of public opinion, outlined its importance, and analyzed the socio-psychological aspects of human activities.

Within the framework of this article, linguistic and cultural features of anecdotes are considered as a text reflecting the national picture of the world, as well as ethnic stereotypes reflected in jokes about Kazakhs and French people.

Key words: stereotype, anecdote, ethnic stereotypes, precedent situations, precedent texts, precedent names, precedent statements.

Бастапқы мағынасында типографияда клишені жүзеге асыруға арналған қорғасын қалыпты білдіру үшін қолданылған “стереотип” (грек тілінен аударғанда stereos - қатты, typos - таңба, із, белгі) сөзін гуманитарлық ғылымдар саласында қолданысқа ХХ ғасырдың басында американдық социолог Уолтер Липпманн енгізген. Ғалым бұл терминді қалыптасқан, дайын ой-пікірлер мен асығыс жасалған тұжырымды білдіретін метафора ретінде қолданған [1]. “Қоғамдық пікір” атты ғылыми еңбегінде У. Липпманн стереотипті оның пайда болуына себепкер болатын және оның қызметін анықтайтын факторлар жүйесінде қарастырған, қоғамдық пікір жүйесіндегі стереотиптердің алатын орны мен атқаратын рөлін анықтауға тырысқан, сондай-ақ стереотиптің қызметін адам іс-әрекетінің әлеуметтік психологиялық аспектілерін талдау арқылы түсіндіре келе, стереотиптің маңыздылығын атап көрсеткен: “система стереотипов, возможно, является стержневой в нашей личной традиции, она защищает наше место в обществе, ... а также сохраняет время в нашей занятой жизни и помогает нам спастись от сбивающих с толку попыток увидеть мир устойчивым и охватить его целиком” [2].

У.Липпманнның пікірінше, өзін қоршаған ортаны оның барлық қайшылықтарымен қоса түсіну үшін адам «өз басында өзі әлі тікелей бақыламаған, көрмеген құбылыстарға қатысты сурет (картина)” қалыптастырады. Адамның өзі әлі кездестірмеген көптеген заттар, құбылыстар туралы қандай да бір деңгейде түсінігі болады. Бұндай стереотип-түсініктер жеке тұлғаның өмір сүретін мәдени ортасының әсер-ықпалымен қалыптасады. Социолог бұл туралы былай дейді: “В большинстве случаев мы не сначала видим, а потом даем определение, мы сначала определяем для себя то или иное явление, а потом уже наблюдаем его. Во всей ... неразберихе внешнего мира мы выхватываем то, что навязывает нам наша культура, и мы имеем очевидную тенденцию воспринимать эту информацию в форме стереотипов» [1]. Стереотиптер адамға өзінің әлеуметтік, географиялық, саяси ортасының шеңберінен шығып, әлем туралы тұтас түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. У.Липпманнның пікірінше, стереотиптер тек жалған түсініктер емес, стереотип шын болуы мүмкін, шындыққа жартылай сәйкес келуі мүмкін немесе жалған болуы мүмкін.

Көптеген уақыттан бері ғылымның әр түрлі саласында “стереотип” ұғымын анықтау туралы көптеген пікірлер айтылып, қоғамда ұлттық стереотиптердің қалыптасу жолдары мен таралу жолдары зерттеліп, олардың халықтар арасындағы қарым-қатынасқа әсері талқыланған. Күрделі әрі көпформалы стереотип құбылысы ғылымның әр түрлі салаларында, анықтап айтқанда, әлеуметтану, психология, философия, этнография, мәдениеттану, психолингвистика, когнитивтік тіл білімі салаларында зерттеліп келеді. Біріншіден, стереотип сөзінің қолданылуы туралы зерттеушілердің пікірлері біркелкі емес. Ғылыми әдебиеттерден ұлттық стереотиптер, этникалық алдын ала қалыптасқан пікірлер, этникалық түсініктер, ұлттық бейнелер, т.б. сияқты бір құбылысты білдіретін әр түрлі терминдерді кездестіруге болады. Екіншіден, жоғарыда айтылған ғылым салаларының өкілдерінің әрқайсысының стереотип туралы өз пікірлері бар және бұл құбылысқа жасаған классификациялары да әр түрлі. Мәселен, стереотиптердің алғашқы түрі болып табылатын әлеуметтік стереотипті алайық. В.Н. Куницынаның айтуынша, «әлеуметтік стереотип дегеніміз белгілі бір әлеуметтік топтың өмір тәжірибесі негізінде қалыптасқан және сол топ өкілдерінің басым көпшілігі түсінетін тұрақты түсінік. Әлеуметтік стереотип қоршаған орта құбылыстары мен заттарына қатысты әлеуметтік жағдайлардың әсерімен қалыптасқан адамның көзқарасын білдіреді» [3]. Әлеуметтік стереотип жеке тұлғаның өзін-өзі ұстауы, мінез-құлқы және ойлау стереотиптері ретінде көрініс табады. Әлеуметтану ғылымында стереотип дегеніміз жеке тұлғаға, әлеуметтік топқа қатысты жалпыландырылған пікір. Мәселен, француз немесе қазақ кәсіпкеріне тән стереотиптер, жастарға қатысты стереотиптер, т.б.

Л.П. Крысин : «әлеуметтік стереотиптерді адам жеке тұлғаның әлеуметтік нормалар мен рөлдерді меңгеру процесінде, яғни социализация процесінде меңгереді. Бәрімізге белгілі қоғамда адамның белгілі бір рөлі болады, оның рөлі адамның әлеуметтік сипаттамаларына, атап айтқанда оның әлеуметтік жағдайына, кәсібіне, жасына, жынысына, отбасындағы алатын орынына тығыз байланысты болады. Сонымен қатар, адамның әлеуметтік рөлін коммуникативтік жағдаяттарға тән ерекшеліктер де анықтайды, мәселен, сатушының, жолаушының, тұтынушының, сатып алушының рөлі, т.б.

Әрине адамның әлеуметтік рөлі оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына, мінез-құлқына әсер етеді. Белгілі бір әлеуметтік рөлді тұрақты орындау барысында жеке тұлға сол рөлге тән мінез-құлқы

стереотиптерін меңгереді» деп айта келе, әлеуметтік стереотиптердің төмендегідей формаларын атап көрсеткен:

- 1) стереотиптік әрекеттер және ритуалдар;
- 2) типтік эмоционалдық реакциялар мен сезімдер;
- 3) жалпыландырылған түсініктер;
- 4) тұрақты предписания және тиымдар;
- 5) социальные ярлыки;
- 6) қоғамдық пікір;
- 7) басты құндылықтар [4].

Жоғарыда аталған формалар мен әлеуметтік рөлдерге қатысты әлеуметтік стереотиптер өз ішінен әр түрлі түрлерге бөлінеді.

Әлеуметтік стереотиптердің ең көп тараған түрі этникалық (этномәдени) стереотиптер болып табылады.

Егер У.Липпман стереотиптерді зерттеудің теориялық негізін қалаған болса, америкалық ғалымдар Д.Кац және К.Брейли 1933 жылы ұлттық стереотиптерді зерттеудің әдісін ойлап тапқан. Бұл әдіс зерттеушілердің арасында кеңінен қолданылып, ұлттық мәдени стереотиптерді анықтаудың ең тиімді жолы болып есептелінген. Аталмыш ғалымдардың жүргізген экспериментіне Принстон университетінің 100 студенті қатысқан. 84 мінез-құлық жазылған тізімнен студенттерге 10 этникалық топқа (негрлерге, немістерге, еврейлерге, итальяндықтарға, ағылшындарға, ирландықтарға, американдықтарға, жапондықтарға, қытайлықтарға және түріктерге) тән негізгі мінез-құлықты таңдап, белгілеу ұсынылған. Эксперимент барысында қол жеткізген нәтижелер қандай да бір этникалық топқа тән мінез-құлықты белгілеуде көптеген жағдайда студенттердің пікірлері бір жерден шыққандығын көрсеткен. Эксперимент нәтижелеріне талдау жасайтын жұмыстарында Д.Кац және К.Брейли этникалық стереотипке төмендегідей анықтама береді: “Этнический стереотип – это устойчивое представление, мало согласующееся с теми реалиями, которое оно стремится представить, и вытекающее из присущего человеку свойства сначала определить явление, а потом уже его пронаблюдать” [5]. Этномәдени стереотиптер – қандай да бір халықты сипаттайтын ерекшеліктер туралы жалпыландырылған түсініктер.

Этникалық стереотиптерді зерттеудің әр түрлі аспектілерін ескере отырып, О.В. Белова этникалық стереотиптердің төмендегідей 5 басты қызметін анықтаған:

1. **Әлеуметтік - этникалық интеграция қызметі**: стереотип, бір жағынан танымдық күш-жігерді үнемдеудің психикалық қажеттілін қанағаттандырса, екінші жағынан – қоғамның ішкі бірлігін сақтау және оны басқа адамдар қоғамына қарама-қайшылығын, олардан ерекшелігін сақтау туралы қоғамдық қажеттілікті қанағаттандырады.

2. **Қорғаныш қызметі** этномәдени стереотиптердің өз қоғамына да және «өзгелерге» де қатысты құндылықтардың дәстүрлі жүйесін сақтауға мүмкіндік беруімен байланысты.

3. Этномәдени стереотиптердің **коммуникативтік қызметі** «өз» қоғамы өкілдерімен қарым-қатынас жасап, ақпарат алмасуды жүзеге асыруға септігін тигізеді.

4. Этникалық стереотиптердің **танымдық қызметінің** көмегімен сыртқы әлем және өзіндік жеке микрокосма бейнесі қалыптасады.

5. Этникалық стереотиптердің **басымдылық қызметі** идеологиялық және саяси мақсаттарда көпшілікке менталды әсер ету құралы ретінде қызмет етуімен анықталады [6].

Этномәдени стереотиптердің өз қоғамына да және «өзгелерге» де қатысты құндылықтардың дәстүрлі жүйесін сақтауға септігін тигізетін **қорғаныш қызметі** этномәдени стереотиптің екі түрін ажыратуға мүмкіндік береді: **автостереотиптер және гетеростереотиптер**.

Әр ұлт өкілдерінің өздері туралы түсініктері, ой-пікірлері **автостереотиптер (auto - stéréotypes)** деп аталса, басқа ұлт туралы түсініктері, ой-пікірлері **гетеростереотиптер (hétéro - stéréotypes)** деп аталады [7].

Әр ұлт өкілі өзге ұлт өкілдерін ата-бабадан қалған ұлттық мәдениет, ұлттық сана негізінде көреді, қабылдайды. Сондықтан да бағалау жүйесі әр мәдениетте әр түрлі. Бір елде жақсы, жоғары баға-ланған іс-әрекет, мінез құлық, зат екінші елде жағымсыз бағалануы мүмкін. Бағалау үшін

сөйлеуші өзінде бар білім қорына, қалыптасқан дағдыға, ұлттық-мәдени стандарттарға арқа сүйейді. Олар бағалаудың негіздемесі болып табылады. Осыдан келіп стереотиптер туындайды.

С.Г. Тер-Минасова: «стереотип дегеніміз әлеуметтік құбылыс немесе нысана туралы, әдетте эмоционалды реңкті және тұрақтылық қасиеті бар нобайландырылған, стандартталынған бейне немесе түсінік. Стереотип адамның қандай да бір құбылысқа, әрекетке қатысты әлеуметтік ортасының және бұрынғы тәжірибесінің ықпалымен қалыптасатын үйреншікті көзқарасын білдіреді» [8] деп атап көрсеткен. Стереотиптердің ішінде ең көп тараған түрлерінің бірі этномәдени (этникалық) стереотиптер. Этномәдени стереотиптер – қандай да бір халықты сипаттайтын ерекшеліктер туралы жалпыландырылған түсініктер.

С.Г. Тер-Минасова ұлттық мінез-құлықтар туралы стереотиптік түсініктердің төмендегі негізгі қайнаркөздерін атап көрсетеді [9]:

1. Ұлттық әдебиет. Жан-Кристоф Гранженің «Тырналардың ұшуы» (Jean – Christophe Grangé, Le Vol des cigognes) атты романынан үзінді келтірейік. Бұл үзіндіде автор швейцариялықтардың өте салмақты, өз істеріне мығым, жауапкершілікпен қарайтындықтарын сипаттайды: « ... –*Böhm, c'est un nom allemand?*

- *Suisse.*

- *Suisse ?L'homme que tu cherches est un Suisse?(Jésus éclata d'un rire aigu et frappa dans ses mains.) Un Suisse. Il fallait le dire tout de suite. Ça ne sert à rien de chercher ici, patron. Les fiches médicales des Suisses sont ailleurs.*

- *Où ? m'impatientai – je.*

Jésus garda le silence quelques secondes, puis brandit son index, long et retroussé: -Les Suisses sont des gens sérieux, patron. Il ne faut jamais l'oublier. Quandla clinique a fermé ses portes, en 1979, ils ont été les seuls à se préoccuper des fiches médicales de leurs malades...Bref, ils ont voulu embarquer tous leurs dossiers. Le gouvernement centrafricain a refusé...[10]< ...–Вом, бұл немісше ат па ?

- *Швейцариялық.*

- *Швейцариялық па? Сіз іздеп жүрген адам швейцариялық па? (Жезю қарқылдап күліп, қолын соқты). Швейцариялық. Бірден осылай деп айту қажет етеді. Басеке, бұл жерден іздеудің еш қажеті жоқ. Швейцариялықтардың медициналық кітапшалары басқа жерде сақталған. Мен шыдамсызданып:*

- *Қайда?– деп сұрадым.*

Жезю бірнеше секунд үнсіз қалды да, содан кейін сұқ саусағын жоғары көтеріп: - Швейцариялықтар салмақты, ұқыпты адамдар,басеке. Бұны ешқашанда ұмытпау керек. 1979 жылы емхана жабылған кезде, жалғыз солар ғана өздерінің сырқаттарының медициналық кітапшаларының қамын ойлады... Қысқасы, олар өздерімен бірге барлық медициналық кітапшаларды алып кеткілері келген. Алайда Орталық Африка үкіметі бұған рұқсат бермеген..., - деді>.

2. Фольклор - ең сенімді дереккөз, себебі ол ұжымдық шығармашылықтың нәтижесі, ұрпақтан ұрпаққа беріліп, халықтың жадында сан ғасырлардан бері сақталып келе жатқан ұлттық туындылар болып табылады және фольклорда авторлық шығарманың субъективизмі болмайды. Мәселен, қазақ халқында Алдар көсе ұлттық стереотиптік түсінікке жарлыларды қорғаушы, әділетсіз, сараң байлардың сазайын тарттырушы тұлға ретінде енген болса, Атымтай Жомарт жомарттықтың белгісі болып табылады, ал сараң адамды қазақтар *Шық бермес Шығайбайға* теңейді. Француз тілінде: *Harpagon* сараңдықтың белгісі ретінде қалыптасқан, француздарда сараң адамды осы кейіпкерге теңейді.

3. Ұлттық тіл ұлттық мінез-құлық, ұлттық болмыс туралы стереотиптік түсініктерді бейнелейді, қалыптастырады және сақтайды. Ұлттық мәдени стереотиптердің қалыптасып бекітілуінде бұқаралық ақпарат құралдары айтарлықтай маңызды рөл атқаратындығы белгілі. Журналисттер қолданып отырған ұлттық стереотиптер ұлттың қазіргі заманғы өзіндік сана-сезімінің ерекшелігін, заманауи саяси жағдайға тән саяси әлемнің ұлттық бейнесін суреттейді. Стереотиптік түсініктерді тиімді қолдану мәтіндердің саяси қарым-қатынасқа прагматикалық ықпалын күшейтуге септігін тигізеді және оқырманның немесе көрерменнің санасындағы саяси әлем бейнесіне түбегейлі түрде әсер етуге қабілетті.

4. Бір сарынды, дағдыға айналған сюжетке құрылған халықаралық анекдоттар. Бұндай анекдоттарда әр түрлі ұлт өкілдері бірдей жағдайға тап болады және орын алған жағдайда олардың әрқайсысы өз елінде қалыптасқан стереотиптерге, өздерінің ұлттық мінез-құлық ерекшеліктеріне сәйкес

әрекет етеді. Халық жасайтын және халық үшін жасалатын мәтін ретінде анекдот қандайда бір лингвомәдени ортада қалыптасқан стереотиптерді бейнелейді.

Мәселен, еуропа халықтарына қатысты стереотиптер төмендегі анекдотта жақсы көрініс тапқан: "Аспазшылар-француздар, механиктер-немістер, полиция қызметкерлері-ағылшындар, көңілдестер-итальяндықтар, ал барлығын швейцариялықтар ұйымдастыратын жерде жұмақ болады. Ал тозақ дегеніміз-аспазышлар-ағылшындар, полиция қызметкерлері-немістер, көңілдестер-швейцариялықтар, механиктер-француздар, ал бәрін ұйымдастырушы итальяндықтар болатын жер".

Анекдот қазіргі заманғы фольклордың өнімді жанрларының бірі болып табылады, онда белгілі бір лингвомәдени ортаның ұлттық мәдени ерекшеліктері көрініс табады. Анекдот мәтіндерінде мінез-құлық нормалары, дәстүрлік, дүниетанымдық және әлеуметтік психологиялық нұсқаулар және этникалық түсініктер бейнеленеді.

Прецеденттік жанрдағы юморлық мәтін ретінде анекдоттардың негізгі сипаттамаларын зерттеген ғалымдардың пікірі мына анықтамада тоғысады: «анекдот-бұл ойдан шығарылған оқиға туралы күтпеген жерден тапқыр аяқталатын қысқа әңгіме, анекдоттарда белгілі бір тіл өкілдерінің барлығына танымал тұрақты кейіпкерлер әрекет етеді» [11].

Белгілі бір жанрға жататын кез келген мәтін секілді анекдоттың да өзіне тән ерекше құрылымы, мазмұны және формасы бар. Анекдоттар прецеденттік құбылыстармен, яғни «қандай да бір әлеуметтің кез келген ортаңғы деңгейлі өкіліне танымал және осы қауымдастықтың когнитивтік қорына енетін құбылыстармен» [12] тығыз байланысты.

В.Красных прецеденттік құбылыстарға төмендегідей құбылыстарды жатқызады: 1) белгілі бір ұлттық лингвомәдени қауымдастық өкілдерінің барлығына жақсы таныс құбылыстар; 2) когнитивтік (танымдық және эмоционалдық) тұрғыдан актуалды (өзекті) құбылыстар; 3) қандай да бір ұлттық лингвомәдени қауымдастық өкілдері жиі қолданатын құбылыстар [12, 44-45 б.].

Тіл мамандары прецеденттік құбылыстарды төрт түрге бөледі:

1. *Прецеденттік жағдаят* дегеніміз дифференциалдық белгілері когнитивтік базаға енетін белгілі коннотациялардың жиынтығымен байланысты жағдаяттар.

2. *Прецеденттік мәтін* – ойлау, сөйлеу әрекетінің толық аяқталған өнімі. Прецеденттік мәтіндерге көркем әдебиет туындылары, өлең мәтіндері, аңыз-әңгімелер, ертегілер, саяси публицистикалық мәтіндер, т.б. жатады.

3. *Прецеденттік есім* – прецеденттік мәтінмен немесе прецеденттік жағдаятпен тығыз байланысты, тіл өкілдеріне танымал жеке тұлғаның есімі.

4. *Прецеденттік сөйлесімге* белгілі бір ұлт өкілдеріне танымал, әр түрлі жанрлы мәтіндерден алынған даналық сөздер, цитаталар, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері жатады [13].

Ю.Е. Прохоровтың айтуынша, “прецеденттік мәтіндер берілген этностың қарым-қатынастың стандарттық жағдаяттарында стереотиптелген формада жүзеге асатын тілдік мәдениетіне жатады. Прецеденттік мәтіндерді қолдану әлем туралы білім жүйесімен байланысты, басқаша айтқанда ақиқат шындықты қабылдаудың лингвистикалық-когнитивтік деңгейімен байланысты болады” [14].

Прецеденттік мәтіндер ұлттық құндылықтар межелігін бейнелейтін және қалыптастыратын, сондықтан да белгілі бір мәдени топ үшін құндылықтық маңызы бар болатын ұлттық мәдениет мәтіндер қатарын құрайды. Бұндай мәтіндерді білу негізінде белгілі бір қоғамның белгілі бір даму кезеңінде жағымды немесе жағымсыз бағаланатын іс-әрекеттер, мінез-құлықтар туралы тұжырым жасауға болады.

Анекдотта прецеденттік мәтіннің барлық сипаттамалары кездеседі. Ойлау, сөйлеу әрекетінің толық аяқталған өнімі болып табылатын *прецеденттік мәтінге* төмендегі мәтіндерді жатқызуға болады: 1) танымдық және эмоционалдық қатынаста қандай да бір жеке тұлға үшін маңызды мәтін; 2) берілген жеке тұлға өмір сүретін әлеуметтік ортаға кеңінен танымал мәтін; 3) белгілі әлеуметтік ортаның тілдік тұлғалары қарым-қатынас барысында жиі қолданатын мәтін.

Анекдоттар белгілі коннотациялардың жиынтығымен байланысты болатын және дифференциалдық белгілер түрінде көрініс табатын прецеденттік жағдаяттар негізінде құрылады. Өйткені этникалық анекдоттарда кейбір ұлт өкілдері белгілі бір жағдайларда әрекет етеді (пойыз, адам тұрмайтын арал, орманда аң аулау және т.б.).

Анекдоттардың кейіпкерлері прецеденттік сипатта болады, басқаша айтқанда, белгілі бір мәдениетке, әлеуметтік ортаға тән бейнелерді, менталды стереотиптерді, берілген мәдени ортада қабылданған мінез-құлықты қамтитын этникалық кейіпкерлер болып табылады.

Осылайша, қоршаған ортаны, әлемді қабылдаудың ерекшеліктері, ұлттық әлем бейнесі көрініс табатын және прецеденттік жағдаят пен прецеденттік кейіпкерлері бар анекдотты прецеденттік мәтін деп есептеуге толығымен болады деп ойлаймыз.

Көптеген халықаралық анекдоттарда әдетте американдықтар бай, жомарт, өзіне өзі сенетін, өздерінің машинаға деген құмарлықтарымен танымал ретінде сипатталса, орыстар алаңғасар, ақкөңіл, көнбіс, күй талғамайтын, ішімдік құмар, ашық жарқын, арақты және төбелесті жақсы көретін, суыққа төзімді адамдар ретінде бейнеленеді. Ал немістер құнтты, тәртіпті, ұқыпты, тәртіпті қатал сақтайтын адамдар ретінде сипатталады. Француздар әйелдер, шарап, тағамдар туралы ғана ойлайтын жеңілтек қыдырымпаздар, сезімтал адамдар ретінде бейнеленеді. Ағылшындар мұқият, ұқыпты, сөзге сараң, ұстамды, сигараны, ат спортын жақсы көретін ұлт ретінде сипатталады. Осы айтылған ойды төменде келтірілген анекдоттар дәлелдейді: халықаралық анекдоттардың кейіпкерлері әр түрлі ұлт өкілдері болып келеді. Мысалы: 1. *Әр түрлі ұлт өкілдері өздерінің кружка сырасына түсіп кеткен шыбынды көрсе не істейді? Неміс шыбынды алып лақтырып тастайды да, сыраны ішеді. Француз (сезімтал) шыбынды сырадан алып, оны үрлеп кептіріп, қанаттарын түзеулеп ұшырып жібереді, бірақ сыраны ішпейді. Орыс (күй талғамайтын және ішімдікті жақсы көруші) шыбынды байқамастан, сыраны ішіп қояды. Америкалық (өзінің құқықтарына сенімді) даяшыны шақырып, ұрыс шығарады және басқа сыра алып келуін талап етеді. Қытайлық шыбынды сырадан шығарады да, сыраны ішіп, артынан шыбынды жеп қояды. Еврей (пайдакүнем, есепшіл) сыраны ішеді, ал шыбынды қытайлыққа сатады.*

2. *Ғалымдар қандай ұлт суыққа төзімді екендігін анықтау мақсатында эксперимент жасауды ұйғарады. Әр ұлт өкіліне мұздатқыш камераға өзімен бірге өзінің қалағанын алып кіруге және тоңып, шыдамы таусылған кезде есікті ашуды талап етіп, есікті қағуға рұқсат беріледі.*

Француз: - Маған көп шарап және әдемі әйелдер беріңіздер, - дейді де, камераға кіреді. Жарты сағаттан кейін француз камераның есігін қағады, есікті ашқанда, француз дірдектен тоңып шығады. Ағылшын өзімен бірге сигара, бір бөтелке виски және бір әйел алып кіруді ұйғарады. Бір сағаттан кейін тоңып қалған ағылшынды камерадан шығарып алады. Ал орыс камераға өзімен бірге бір шелек арақ, арақты бірге ішетін бір адам, екі тұздалған қияр алып кіруді қалайды. Орыстың камераға кіргеніне үш сағат өткеннен кейін ғалымдар абыржиды да, қайғылы оқиға болған шығар деп қорқып, есікті жайлап ашады. Камерадан біреудің қолы көрініп, эксперимент жүргізушіні тұмсықтан бір ұрады және камерадан:

- Өй, шошқалар! Мында онсыз да суық, ал олар есікті ашып жатыр, - деген дауыс естіледі де, камераның есігі қайта жабылады.

Француз тіліндегі көптеген анекдоттарда америкалықтар тәкаппар, мақтаншақ ретінде суреттелсе, француздар тапқыр, тауып айтатын адам ретінде сипатталады. Мысалы:

1. *L'Américain prétentieux*

Un taxi parisien prend un Américain dans sa voiture.

L'Américain lui demande en français, tant bien que mal :

- Faites moi faire le tour des plus beaux endroits de Paris, que je puisse les prendre en photo !

Le chauffeur décolle, et il s'arrête un peu devant le Louvre. Comme il a l'habitude des touristes, il explique à l'Américain pourquoi on l'a bâti, quand, ce qu'on y trouve... Et le client lui pose une seule question :

- Combien de temps ça a mis pour construire ça ?

- Ben des centaines d'années, quand même !

- НАНАНА ! Ridicule! Aux USA, on ferait ça en à peine un mois, avec notre technologie.

Le taxi, un peu dégoûté, reprend la route, un peu énervé d'avoir un gars si prétentieux comme client. Mais il se tait et arrive à l'Arc de Triomphe. L'Américain lui pose la même question:

- En combien de temps vous avez construit ça ?

- Ben... Trente ans, de 1806 à...

- НАНАНА! Pitoyable! Chez nous, aux USA, on aura terminé ce petit machin en tout juste quelques jours! НАНА!

Le taxi reste tranquille et ne répond pas à ce client vaniteux.

Quand ils arrivent devant la Tour Eiffel. Le taxi s'arrête, le chauffeur ne donne même pas le nom du monument, et n'explique rien de son histoire en attendant la question de son client.

- *Et ça, c'est quoi?*

- *Ça, là ? J'en sais rien. C'était pas là, hier!* <Тәкаппар американдық

Бір париждік таксист бір американдықты машинасына отырғызады. Американдық оған француз тілінде былай дейді:

- *Маған Париждің ең әдемі жерлерін аралатыңыз, мен оларды суретке түсіріп аламын!*

Жүргізуші орнына қозғалады, Лувр мұражайының алдына келіп аз уақыт аялдайды. Ол саяхатшыларға қаланы көрсетіп дағдыланғандықтан, Американдыққа бұл мұражай ғимаратының не үшін және қашан салынғандығын, онда қандай туындылар бар екендігін түсіндіреді... Ал клиент (Американдық) оған бір сұрақ қана қояды:

- *Бұны салу үшін қанша уақыт кетті?*

- *Бірнеше жүз жыл салынды!*

- *ХА ХА ХА! Күлкілі! АҚШ-та, бізде бар технологиялармен бұны бір-ақ айдың ішінде салып бітірер еді.*

Таксист осындай тәкаппар клиент тап болғанына аздап ашуланып, бірақ үндемей, жолын ары қарай жалғастырады. Жеңіс Аркасына келген кезде, Американдық бағанағы сұрағын қайта қояды:

- *Сізден мынаны қанша уақытта салдыңыздар?*

- *Отыз жыл, 1806 жылдан бастап...*

- *ХА ХА ХА! Жан ашырлық! Бізде, АҚШ-та, бұны бірнеше күннің ішінде-ақ салып бітірер еді! ХА ХА !*

Таксист сабырлық сақтап, үнсіз отыра береді, бұл мақтанишақ, менмен клиентке жауап бермейді. Эфель мұнарасының алдына келгенде, таксист тоқтайды, бірақ үндемей отыра береді, тіптен бұл ескерткіштің атын да айтпайды, оның тарихын түсіндірмейді, өз клиентінің сұрағын күтеді. Американдық:

- *Мынау не? - деп сұраған кезде, француз жүргізушісі:*

- *Мынау ма? Мен бұл туралы ештеңе білмеймін. Кеше бұл жерде болмаған еді! – деп жауап береді.>*

2. Made in Japan!

Un touriste japonais arrive à l'aéroport Roissy-Charles-de-Gaulle et prend un taxi pour aller voir la Tour Eiffel. Sur l'autoroute, il regarde par la vitre arrière et, apercevant une moto qui double, tape sur l'épaule du chauffeur en disant :

- *Moto Kawasaki, très rapide... Made in Japan !*

Un peu plus loin sur la route, le touriste tape à nouveau sur l'épaule du chauffeur de taxi et dit :

- *Là... Auto Toyota, très rapide... Made in Japan !*

Même s'il est agacé, le chauffeur ne bronche pas. Il poursuit sa route jusqu'à la Tour Eiffel et débarque son passager :

- *Voilà Monsieur, ça vous fera 300 francs.*

Le Japonais, stupéfié par le prix, remarque :

- *Ouh la la... Très cher !*

Et le chauffeur se retourne en souriant :

- *He oui, compteur très rapide... Made in Japan! <Жапонияда жасалған!*

Жапон саяхатшысы Руасси -Шарль-де-Голл әуежайына келгеннен кейін, Эфель мұнарасына бару үшін таксиге отырады. Жол бойы ол терезеге қарап отырады, басып озып бара жатқан мотоциклді көріп, ол жүргізушінің иығынан қағып, былай дейді:

- *Кавасаки мотоциклі, өте жылдам... Жапонияда жасалған!*

Бір жол жүргеннен кейін, саяхатшы тағы да жүргізушінің иығынан түртіп, былай дейді:

- *Мынау... Тойота автокөлігі, өте жылдам... Жапонияда жасалған!*

Ашуы келіп отырса да, жүргізуші сабырлық сақтап, үндемей отыра береді. Ол Эфель мұнарасына келгеннен кейін, жолаушыны түсіріп жатып, былай дейді:

- *Міне, мырза, осы араға дейін 300 франк болды.*

Бұл бағаға таң қалғандығын жасыра алмай, жапон саяхатшысы:

- О ля ля... Өте қымбат қой! - дейді.

Жүргізуші күлімдеп, артына қарап:

- Иә солай, есептеуіш өте жылдам санайды... Жапонияда жасалған! - дейді. >

Кейбір анекдоттарда қазақтардың жалқаулығы, енжарлығы, еңбек етіп, нәтижеге қол жеткізуге талпынбайтындығы көрсетіледі. Мысалы:

1. Қазаққа, ағылшынға және орысқа бір-бір маймылдан беріп, осыларды сөйлетпесеңдер құртамыз депті. Маймылдарды сөйлету үшін оларға барлық жағдай жасалыпты. Ас-ауқат, әр түрлі жеміс-жидек және т.б. берілген. Біршама уақыт өткен соң ағылшынға келсе, ол:

- Плиз, рипит афте ми, - деп маймылына жалынып отыр екен. Оның көзін құртып, орысқа келсе, ол:

- Пожалыста, гавари што-нибудь, - деп маймылының алдына бар тамағын тықпалап отыр дейді. Оның да көзін құртып, қазаққа келсе, қазекем әбден семіріп алған, ал маймылы өліп жатқан көрінеді. Сөйтсе қазақтың маймылы қабырғаға қанымен: «Менің өліміме Жұматай кінәлі», - деп жазып үлгеріпті [15].

2. Орыс, өзбек, қазақ үшеуінен: - Егер бір миллион доллар берсек, не істейсіңдер? – деп сұрапты.

Орыс бизнес үшін дүкен салатынын, өзбек мықты шайхана ашатынын айтыпты. Қазақ болса, қарыздарымды қайтарамын дейтін көрінеді. Қазаққа: - Сонда қалғаны ше? – деген сауал қойыпты.

Сөйтсе қазекен: - Қалғаны күте тұрады, - депті [16].

Стереотип ұлтқа тән мінез-құлықтар мен салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ой-сананы толығымен көрсете алмайды, оларға жалпыландыру және кішірейту қасиеттері тән, басқаша айтқанда, стереотип белгілі бір ұлттық мінез-құлқын, ой-санасын, ұлттық ерекшеліктерін тым жалпыландырып немесе кішірейтіп, қарапайым түрде бейнелеуі мүмкін. Алайда, стереотип ұлттық болмысты, ұлтқа тән мінез-құлықты, ерекшеліктерді тым жалпыландырып не кішірейтіп көрсеткенімен, кез келген ұлттың мәдени жүйесінің, шындық болмысының бөлінбес құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені еш негізсіз, себепсіз стереотип пайда болмайтындығы белгілі. Стереотиптер кез келген халық менталитетінің негізін құрап, жеке тұлғаға өзін қоршаған әлемде бағыт-бағдар береді. Сонымен қатар, В.А. Маслова стереотипті құбылыс ретінде сипаттай келе, оны «мәдениет өкілі» және «мәдениеттер диалогында жеке тұлғаның демеушісі» деп атап көрсеткеніндей, [17] стереотип белгілі бір ұлттың мәдени жүйесі, қарым-қатынас жасаудағы ұстанатын ережелері туралы белгілі бір дәрежеде көзқарастыңқалыптасуына септігін тигізіп, коммуникативтік акт барысында маңызды рөл атқарады. Өзге тіл және өзге мәдениет өкілдері туралы мол ақпаратты сақтау үшін, белгілі бір лингвомәдениет өкіліне жетекші ұстанымдарды жасау және стереотиптік түсініктер категорияларын пайдалану тән. Дегенмен де стереотип белгілі бір ұлттың мәдениетін толық танып түсінуге жеткіліксіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Lippmann W. (2004), *Public opinion /Traduit de l'anglais par T.V.Barshunova, rédacteurs de la traduction: K.A. Levinson, K.B.Petrenko/ Moscou, Institut du Fonds «Obshestvennoe mnenie», – P.384.*
2. Ruth A., Herschberg Pierrot A. (2005) *Stéréotypes et clichés. – Paris, Armand Colin. – P.127.*
3. Куницына В.Н. Социальные стереотипы – условие и продукт социализации // *Человек и общество. – Л.: Изд-во Лен. Университета, 1971. –С.184 – 191.*
4. Крысин Л.П. Речевое общение и социальные роли говорящих // *Социально – лингвистические исследования. – М.: Наука, 1976. – С.42-52.*
5. Katz D., Braly K. *Racial Stereotypes in One Hundred College Students // Journal of Abnormal and Social Psychology, 1933, Vol.28, p.288-289, сонда, – С.96*
6. Белова О.В. *Этнические стереотипы по данным языка и народной культуры славян (этнолингвистическое исследование) / автореферат диссертации на соискание ученой степени д.ф.н. – Москва, 2006*
7. Louis Porcher *Le français langue étrangère. Emergence et enseignement d'une discipline. – Hachette Livre, 1995. – P.105*
8. Тер-Минасова С.Г. *Роль языка в формировании личности. Язык и национальный характер // Этносоциоллингвистика: Хрестоматия / Авт.-сост. Н. И. Коновалова. – Екатеринбург, 2004. – С. 241-249*
9. Тер-Минасова С.Г. *Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово, 2000. – 263 с.*
10. Jean – Christophe Grangé, *Le Vol des cigognes, Editions Albin Michel, S.A., 1994. – P. 377*

11. Маслова В.А. Культурная коннотация как экспонент культуры в языковом знаке // *Этносоциолингвистика: Хрестоматия / Авт.-сост. Н. И. Коновалова. – Екатеринбург, 2004. – С. 98-115.*

12. Красных В.В. *Этнопсихология и лингвокультурология: Курс лекций / В. В. Красных. – М.: ИТДГК "Гнозис", 2002. – 284 с.*

13. Гудков В.П. *Стереотип России и русских в сербской литературе / В.П. Гудков // Вестник Московского Университета. Серия 9. Филология. – 2001. – № 2. – С. 20-24.*

14. Прохоров Ю.Е. *Национальные социокультурные стереотипы речевого общения и их роль в обучении русскому языку иностранцев / Ю.Е. Прохоров. – М., 1996.*

15. Елубаев Е. *Қазақ анекдоттары. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 260 б.*

16. Боранбаев А. *Алты алты анекдот. – Алматы, 2002. – 24 б.*

17. Маслова В.А. *Лингвокультурология: Учеб. Пособие / В.А. Маслова. – М.: Academia, 2001. – 208 с.*

МРНТИ: 16.21.25

А.С. Ескерова¹

*магистр-оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан
aigerim_9090@mail.ru.*

ӨЗГЕ ТІЛДІҢ БӘРІН БІЛ, ӨЗ ТІЛІНДІ ҚҰРМЕТТЕ

Аңдатпа

Қазақ тілі – бай, таза іргелі жұрт тілі деп бәріміз де айтамыз... Бірақ құр бай, таза деумен тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете ала ма? Қай жұрттың тілі болса да ту басында біздікі секілді таза да, бай болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған. Біздің қазақ тілі бұрын ылғалсыз таза болса да, бұл кезде басқа жұрттармен араласа бастадық, басқа жұрттардың оқуын оқыдық... Бір жағы Бұхар, бір жағы Мекке, Медине, Стамбұлдардан да оқып қайтқандарымыз бар. Солардың бәрі елге ноғайшылап, арабшылап, сартшылап қайтып жүр. Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі аңқып тұр... Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақша болсын дегенде бұлардың бәрінің негізі «Тіл – құралы» екенін ұмытпасқа керек.

(М.Дулатов)

Тірек сөздер: Ой-өріс, сана, отансүйгіштік, ұшқыр ой, кастерлеу, дәстүр, рухани, сөздік қор, ұлтаралық, стратегия

Аннотация

?????

Все, что мы можем сказать, это то, что казахский язык - это богатый, чисто базовый язык ... Но может ли наш язык быть самосохраненным и наша литература может расти? Какой бы язык ни был языком, он такой же чистый и благородный, как и наш. Но они соседи, и сердце разбито. Хотя наш казахский язык был ранее дерматологически чистым, мы начали взаимодействовать с другими людьми, читать чужие чтения ... Мы прочитали некоторые из этих книг из Бухары и из Мекки, Медины и из Стамбула. Все они мятежные и арабские. В своих речах письмо иностранцев полна слов ... Мы должны хранить казахский язык и помнить, что наши дети - казахскоязычные, если они казахские.

(М.Дулатов)

Ключевые слова: Идея, сознание, патриотизм, умная мысль, уважение, традиция, духовность, лексика, межэтническая, стратегия

Abstract

?????

All we can say is that the Kazakh language is a rich, purely basic language ... But can our language be self-preserved and our literature can grow? Whatever language is the language, it is as pure and noble as ours. But they are neighbors, and the heart is broken. Although our Kazakh language was previously dermatologically pure, we began to interact with other people, read other people's readings ... We read some of these books from Bukhara and from Mecca, Medina and from Istanbul. All of them are rebellious and Arab. In his speeches, the letter of foreigners is full of words ... We should keep the Kazakh language and remember that our children are Kazakh-speaking, if they are Kazakh.

Key words: Idea, consciousness, patriotism, intelligent thought, respect, tradition, spirituality, vocabulary, interethnic, strategy

Әр халықтың тағдырына табиғатпен тартылған сыйы: біріншісі – жері, екіншісі – тілі. Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің түп тамыры, қатынас құралы. Демек, тілдің, сөздің орны ерекше екені бесенеден белгілі. Міне, осы орайда ана тілімізді қастерлеу әрқайсымыз үшін парыз. XX ғасырдың ұлы жемісі – қазақ халқы үшін егемендіктің көк туы желбіреуі. Ата-бабаларымыз көкसेген, армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Ендігі мақсатымыз – ұлттық рухты, түскен еңсені көтеру.

... Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса сөз болмайды. Сөз болмаса адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны белгілі. Демек, тілдің, сөздің орны ерекше. Міне, осы орайда ана тіліміз жайлы терең ойлану әрқайсымыз үшін парыз. Жыл өткен сайын ана тіліміздің мәртебесі өсіп, абыройы арта түсуде.

Ана тілі ең басты байлығымыз. Менің ана тілім – қазақ тілі. Қазақ тілі – ең ұлы, ең тамаша тіл. «Мен қазақпын» - деген әр адам қазақ тілін білуі керек, әрбір құрметті азамат тілімізді қадыр тұтуы тиіс деп ойлаймын. Ал, ұлттың болашағы – оның ана тілінде, Тіл халықпен бірге өмір сүріп, дамиды. Әр ұлттың өз тілі – бақыты мен тірегі.

Тіліміздің жаңа көркемдік деңгейге жетуіне үлес қосқан ұлы Абай атамыз.

Ұлт ақыны Қадыр Мырза Әли:

Ана тілің арың бұл,
Ұятың боп, тұр бетте,
Өзге тілдің бәрін біл

Өз тіліңді құрметте! – деп жырлағандай ұрпақ сауатты болу үшін алдымен ана тілін жетік меңгеріп, кейін өзге ұлттың тілінде еркін сөйлей білуі тиіс. Ана тілін толық білмейінше, өзге тілді үйрену – опасыздық. Өз анасын сатқанмен тең деп білемін. Себебі, біз ата-анамыздың тәрбиесін ана тілінде алып, салт-дәстүрімізді бойымызға қазақ тілінде сіңіру керекпіз.

Мұхтар Шаханов:

Қай тілде ойлап, қай тілде сөйлеп,
Қай тілмен ақса –
Перзенттік түйсік, өрісің,

Сол тілдің гүлі, сол тілдің қайраткерісің – деп жырлаған. Әрине көп тіл білу, көп құлыптың кілтін тапқанмен бірдей. Өзге тілді де үйренсек, көкжиегіміз кеңейеді.

Алдымен жақсылықты басыңа қыл, қала берді досыңа қыл – деген халық даналығы бар. Ана тілімізде сауатты сөйлеп, өзге тілде де сайрап тұрсақ, болашақта үлкен істер атқаруға, туған халыққа қызмет етуге мүмкіндік зор.

Туған тіліміздің мол нәрін, сөздік қорын сауатты пайдаланып, өзге тілді өз қажетімізге жарата аламыз деп сенемін. Тәуелсіз Қазақ елінің, жалынды жастарының өресі де, өрісі де кең болсын!

Тіл – халықтың жаны. Тілі құрыса, халық та жер бетінен жоғалады. Адамзат тарихында көптеген өркениетті елдердің өшіп кетуі алдымен тілді жоғалтудан басталғанын ғылым дәлелдеп отыр. Бүгінгі Қазақ қоғамындағы мәңгірттіктің басы да өз тілін тәрк етуден туды. Ана сүті сіңбеген, бесік жырынан нәр алмаған ұлттық қасиет тана сүтімен кірмейді. Тілі мен дінінен айырылған ондай жан рухани кемтарлығын, адамдық болмысын түсінбей, көлденең көк аттының қолжаулығына айналады. Ана тіліміздің тағдыры үшін күресте халқымыз қам-қарекетсіз болған емес. Жиырмасыншы жылдары тіл тәуелсіздігін ту етіп көтерген Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Мұхтарлар, сексенінші жылдардың аяғында бостандықтың лебі білінісімен басталған бүкілхалықтық қозғалыс соның айғағы.

Қазақ тілі – халқымыздың тарихы, шежіресі, арманы мен үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні. Қазақ тілі – халқымыздың өткен ұрпағын тарихи біртұтастық, ажырамас бірлік жағдайда мәңгілік біріктіретін ең сенімді құрал. Мұны елбасымыз Н.Назарбаевтің сөзімен айтқанда «Өзіміз ана тілімізде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді шындап құрметтей қоймайтынын түсінуге тиіспіз. Бұл – аз уақыттың аясында тындырып тастайтын іс емес. Бұл мемлекеттік тұрғыдан, ұзақ жылдар бойы, ұдайы айналысатын іс» деген. Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты Қазақстан Республикасы

Конституциясының, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңының негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Қоғамдық өмірдің қай саласы болмасын мемлекеттік органдар арқылы басқарылатындығын ескеріп, мемлекеттік органдарда іс жүргізуді толық мемлекеттік тілге көшірудің үлкен стратегиялық маңыздылығына көңіл бөлу. Қазақша ойлауды жетілдіру. Ол үшін буыны қатаймаған балаға патриоттық тәрбие беру. Баланың санасын ояту, өскелең ұрпақтың ой-өрісін кеңейту үшін, олардың қызығушылығындағы әлемдік әдеби шығармаларды мемлекеттік тілге сапалы етіп аудару, қазақша сайттар санын көбейту т.б. жолдармен мемлекеттік тілге қызығушылықты арттырып, сол тілдегі ұшқыр ойлардың егесі болуға жетелеу; Егемендіктің нышаны болып табылатын мемлекеттік тілді сүюді, оны құрметтеуді, сол мемлекеттің азаматы болып табылатын әрбір тұлғаға азаматтық айнымас борыш ретінде жүктеу; Біз бүгін Тәуелсіз Қазақстанда, құқықтық мемлекетте өмір сүріп келеміз. Өз кең байтақ жеріміз, мемлекеттік тіл статусына ие ана тіліміз бар. Бұл – ел ынтымағы пен бірлігінің үлкен жемісі. Ендеше, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» деген халқымыздың даналық сөзін жадымыздан шығармайық, ағайын!

Дана халқымыз «Қанша елдің тілін білсең, сонша түрлі ілім білесің» деп бекер айтпаған. Яғни, қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында тіл білудің артықтығы жоқ. Күннен күнге қарыштап жатқан жаңа технологияларды игерудің ең бірінші жолы – тілді меңгеру.

Айта берсек тіл құдіреті өте күшті. Тіл киелі, қасиетті дейміз. Сондықтан ана тілімізді қадірлеп, сүюіміз керек екен.

Қазақ тілінің көркемдігі соншалық – тіпті анау мұхиттың арғы жағында мекендейтін шетел азаматтары қазақ тілін білуге ынтық. Өзге елден келіп қазақ тілін үйреніп жатса көңілің бір марқайып қалады екен. Тіліміздің осындай дәрежеге жеткені мен үшін бір бақыт. Дегенмен де, көңілімізде сайрап тұрған бір ой ешқашан маза бермейді. Ол – қазақ тілінің болашағы. Көкірегі сезімді, тілі орамды, патриот жастарымыз бен ел жанашырлары бір болып, осы мәселені шешуіміз керек. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей біз болып, сіз болып, ел болып тіліміз үшін аянбай еңбек етсек, тіліміздің тұғырын берік етеміз.

Мен өз елімнің патриотымын. Сол себептен елімнің гүлденіп, дамуына, тілімнің мәртебесінің сақталуына өз үлесімді қосқым келеді. Елімізде «мен, мен» деген патриот жастарымыз барда, қазақ тілі – мәңгілік ғажап тіл болып қала бермек. Мен оны нық сеніммен айта аламын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауынан.
2. «Егемен Қазақстан» газеті 2001ж. 29 мамыр
3. «Тарих толқынында» Н.Ә.Назарбаев.
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы №6, 12б
5. «Егеменді Қазақстан» газеті, желтоқсан 2012 жыл Қазақстан Республикасының Президенті - Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқына Жолдауы»
6. «Жетісу» газеті, Қазақстан Республикасының Президенті - Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқына Жолдауы» - 2014 жыл
7. «Тарихи тағлым» оқу-әдістемелік құрал
8. Қазақстан Республикасының «Тіл Туралы» Заңы
9. Қазақстан Республикасының Конституциясы
10. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (7 ақпан 2001 жыл)

Резюме

Лингвистическое знание не следует преподавать в форме правила, но его следует обучать с точки зрения значения, смысла и логики человека. Вещи, которые не должны знать смысл слова, не должны быть включены в лингвистический урок.???????????????

Summary

Linguistic knowledge should not be taught in the form of a rule, but it should be taught in terms of the meaning, meaning and logic of a person. Things that do not need to know the meaning of a word should not be included in the linguistic lesson.????????????????????

МРНТИ 16.21.07

Осман Кабадайы

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЛАТЫН ӘЛІПБИІ ТУРАЛЫ КЕЙБІР ОЙЛАР

Аңдатпа

Қазақ тілі графикасы 1929 ж. дейін араб әліпбиін, 1929-1940 жж. аралығы латын, 1940 ж. осы уақытқа дейін кириллицаны қолданып келгені мәлім.

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру» атты мақаласында Қазақстанның 2025 ж. латын әліпбиіне толығымен өту ниетінде екендігін атап өтіп, ғылым мен білім саласындағы мамандардан өз пікірлерін білдірулерін ұсынды. Осы орайда Қазақстанның түкпір-түкпірінде әр түрлі санапта ғылыми жиындар өтіп, тақырып қызу талқылауға түсіп жатыр.

Мақалада Қазақстанның латын қарпіне өтуі туралы шешімінің тарихи оқиға екендігіне, Қазақстанның түркі әлеміндегі орны мен рөліне және жаңа қазақ латын әліпбиінің артықшылығы мен кемшілік тұстарына шолу жасалады, түркі әлемі үшін ортақ тіл мен ортақ әліпбидің түзілуі мәселесінің өзекті тақырыптар қатарында екендігі аталып өтіледі.

Кілт сөздер: Қазақ тілі, латын әліпбиі, ортақ түркі әліпбиі.

Аннотация

Осман Кабадайы

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан*

ВЗГЛЯДЫ О ЛАТИНСКИЙ ГРАФИКЕ В КАЗАХСТАНЕ

Сделана попытка вкратце проанализировать исторические аспекты развития казахского алфавита начиная с древнетюркской письменности до наших дней; древнетюркской рунической письменности, арабской графики, латиницы в 1929-1940 гг., кириллицы и новой латиницы образца нынешнего года. Подчеркнута историческая роль решения Главы Государства Н.Назарбаева по переходу казахского алфавита на латинскую графику. Дана историко-лингвистические сравнения и сопоставления казахского языка и других тюркских языков в плане графики, письма и произношения. Сделан краткий обзор нового казахского алфавита, в том числе некоторые недоработки и пробелы в плане графики, фонетики и практического применения.

Ключевые слова: казахский язык, тюркские языки, общетюркская латинская графика.

Abstract

Osman Kabadayi

*Abai Kazakh National pedagogical university
Almaty/Kazakhstan*

THOUGHTS ON KAZAKHSTAN'S NEW LATIN ALPHABET

Kazakh Turkish was written in Arabic letters from the beginning of the 20th century to 1929, passed to the Latin letters between 1929-1940, and written in 1940 with the Cyrillic alphabet.

Kazakhstan President Nursultan Nazarbayev predicted that Kazakhstan should pass to the Latin alphabet by 2025 in the article entitled "Bolashaqqa Baghdar: Ruhani Jangiruw" which was published on 12 April 2017 in the Sovereign Kazakhstan Gazette. The opinion of the concerned people and scientists. Accordingly, starting from 2018, it is planned to gradually switch to the Latin letters in Kazakhstan. In this direction, scientific meetings were held in various places in Kazakhstan and the opinions of Kazakh scientists were consulted.

In this study, it will be tried to explain why Kazakçan should be written in Latin letters and what kind of Latin alphabet should be adopted for Kazakh language, and emphasize the importance of common language for Turkish world.

Key Words: Kazak Turkish, Latin alphabet, Common Turkish Alphabet.

Кіріспе

Түркі халықтары ең алғашқы жазу-сызу белгілерінен бастап күнімізге дейін әртекті әліпбилер мен жазу-сызу жүйелерін қолданғаны белгілі. Тіпті жазу-сызуды ауыстыру жағынан дүние жүзінде түркі халқтарынан асқан халық болмағаны да рас. Тарихи-хронологиялық жағынан Көктүрік, Ұйғыр, Соғды, Брахми, Манихей, Тибет, Сүрани, Арап, Грек, Армян, Еврей, Латын және Кирилл әліпбилері түріктер тарапынан қолданғаны белгілі (Tekin 1997). Осы әліпбилердің арасында ең көп қолданыста болғаны Ұйғыр мен Арап әліпби болғаны мәлім. Арап әліпбиі түркі тілінің фонетикасы мен үндестік заңына сәйкес келмесе де өзінің тарихи миссиясын орындап шыққандығы анық. Түркілердің мұндай дәрежеде жиі және әртүрлі әліпби ауыстыруларының себебі олардың аса ауқымды географиялық кеңістігі мен әртүрлі мәдени-конфессиялық ортамен кездесіп, қоян-қолтық араласулары болса керек. Қазіргі күннің өзінде түркі тілдері үш бөлек әліпбиді қолдану үстінде: латын, арап және кириллица.

Қазақ тілі 20-шы ғасыр басы шамаларында 1929 ж. дейін арап тектес әліпби қолданса, 1929-1940 жж. аралығында латын, ал 1940 ж. күнімізге дейін кирилл әліпбиін қолдану үстінде (Şirin User 2006: 287).

12 сәуір, 2017 ж. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Егемен Қазақстан газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру» атты мақаласында Қазақ елінің кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне өту мәселесін қайтадан қозғап, 2018 ж. бастап 2025 ж. дейін сатылы түрде латын әліпби жүйесіне өту қажеттігін атап өткен болатын. Әліпби ауыстыру сияқты шығыны мол және ауқымды іс-шараның экономикалық жағы айтылмаса да елдің әлеуметтік-экономикалық тұрғыда тұрақты дамуы бұл мәселені де еңсере алатындығының басты көрсеткіші болса керек.

Қазақстан не үшін Латын әліпбиіне көшпекші?

Қазақстанның өз шешімімен әліпби ауыстыруды жөн деп қабылдады. Ел кирилл әліпбиін 1940 ж. бері қолданып келеді. Бұл әліпби визуальды түрде болса да Кеңес Одағы дәуірін еске салып, өз дәуірінің әпербақан күші мен саяси қуғын-сүргін заманын еске түсіретіні даусыз. Сондықтан да бұл әліпбидің идеологиялық ныспы ауырлау басып, қай жағынан алса да саясылық көрініп тұратындығы белгілі. Негізінен осы фактор шешуші рөл атқарса керек, тәуелсіздіктеріне қол жеткізе сала Азербайжан, Түркіменстан және Өзбекстан елдері әліпби ауыстыру мәселесін бірінші кезекке қойды. Ал Қазақстанның бұл шешімі тарихи тұрғыда тиісті бағасын алатын, тәуелсіз елдің дербес шешімі ретінде қабылданатыны белгілі. Бұл бірінші кезекте білім беру жүйесінің тәуелсіздігіне алып келеді. Сонымен қатар Қазақстан экономикасының қарыштап дамуы мұндай ауқымды істің саяси, әлеуметтік және идеологиялық негізін қалайтын күші болады. Интернетпен бірге келген ІТ технологиялар, жаппай компьютерлендіру бір жағынан, біле білсек осы уақыттың өзінде көлік түрлеріндегі мемлекеттік номерлердің латын әліпбиінде берілуі, жеке куәліктегі идентификациялық кодтардың латын әліпбиінде жазылуы Қазақстанның латын әліпбиіне көшкендігін көрсетеді. Ал Егемен Қазақстан сияқты ұлттық газеттің латын әліпбиінде жазылған нұсқасының болуы аталмыш шешімнің саналы және жоспарлы түрде қолға алынғандығының дәлелі іспеттес.

Әлемде шашырап қоныстанған қазақ диаспорасы мен Қазақстанның қолданысындағы әліпбидің бір-бірлеріне ұқсамауы, Моңғолия қазақтарының кириллица, Қытай, Иран, Ауғанстандағы қазақ-

тарының арап, Түркия, Европа елдеріндегі қазақтардың латын әліпбиін қолданулары әліпби мәселесінің күрделі екендігін көрсетеді. Онымен қоса кезінде қазақ даласына жер аударылған неміс, азербайжан, шешен, кәріс, украин, ұйғыр, Қырым татарлары, орыс сияқты түрлі ұлт пен ұлыстардың айтарлықтай тығыз орналасуы әліпби мәселесіне басқа бір қырынан қарауға мәжбүр етуде. Жаңа латын әліпбиіне өткеннен кейін орыс, украин сияқты славян текті ұлт пен ұлыстар үйреншікті кирилл әліпбиінде қалатындықтары белгілі. Қазақстан дүние жүзінде тарыдай шашылып жүрген қазақтардың отаны екендігін де естен шығармауымыз абзал.

Латын әліпбиін қолдану тұрғысында 1928 ж. бері тәжірибе жинақтаған Түркияның жүріп өткен жолы, осы елде атқарылған әртүрлі бағыт пен саладағы істерге барлау жасау - құптарлық іс болмақ. Сонымен қатар кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне жақында өткен Түркіменстан, Өзбекстан мен Азербайжан сияқты елдердің іс-тәжірибелері де ұдайы назарда болса құба-құп. Аталмыш елдердің ресми қолданысқа енгізген латын әліпбилерінің кейбір кемшілік яки қателіктерін ескере жүргеніміз, елге естіріп, құлағдар етіп отыруымыз маңызды істің қатарынан орын алмақ.

Қазақстан латын әліпбиіне өтуі арқылы Түркия, Азербайжан, Солтүстік Кипр Түрік Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан сынды түркі елдері құрайтын жалпытүркілік мәдени-гуманитарлық салаға алғашқы қадам басатындығын да есте ұстауымыз абзал. Мұндай мәдени үрдіс уақыт өте келе барлық түркі елдері халықтары түсінісе, сөйлесе беретін «түрік эсперантосының» тууына да түрткі болуы мүмкін. Бұл тұрғыда кезінде «Тілде, істе және пікірде - бірлік» деп ұран тастаған Исмаил Гаспринскийдің аталы сөзін еске түсірсек құба-құп.

Латын әліпбиіне өту Қазақстанның әлемдік ақпараттық кеңістікке енуін жеңілдетіп, тұрмыс пен әлеуметтік өмірді компьютерлендіру сияқты келелі мәселелерді жүйелі түрді шешіп отырады. Яғни, бұл, іс-шараның дер кезінде және өзекті екендігін көрсетеді. Мәселенің басқа бір тұсы шетелдіктер Қазақстанды, қазақ тілін өзінің жеке әліпбиімен, жеке жазу-сызуымен танитын және білетін болады. Бұл шетелдік азаматтарға қазақ тілін үйрету мәселесін шешуде оңды ықпал етеді. Бұл өз кезегінде қазақтың Абай, Шәкәрім, Әуезов, Жансүгіров, Сейфуллин сияқты алып тұлғаларының шығармаларын түпнұсқа тілінде оқып-үйрену мүмкіншілігін арттыра түседі.

Қазақстанның білім берудегі «Үш тұғырлы тіл» - қазақ, орыс және ағылшын тілді оқушыларды тәрбиелеуді нысанаға алуы саясаты да осы әліпби төңірегінде тоқайласып, бір-бірімен үндестік табатын болады. Бұл да Елбасы Н.Назарбаевтің үштілділік саясатына қолдау көрсетіп, тіл мен тілдерді үйрету, қолдану сияқты практикалық мәселелер төңірегіне мән беруге оңды ықпал етеді. Басқа бір мәселе «орыс тылды қазақтар» деп аталатын әлеуметтік топтың ықпалын анағұрлым азайтып, егер осындай топ бар болса, өз ана тілін үйренудегі талпыныстарын жандантырып, жаңа бір тыныс ашуларына түрткі болады (Kortabayeva 2017: 294).

Қазіргі уақытта кириллицаны 8 славян елімен қоса 4 өзге жұрт өкілдері қолдануда. Ал қазақ елінің латын әліпбиін таңдауы бұл үрдісті азайтып, түркі әлемінің латын әліпбиі негізін одан әрі бекемдей түсіп, аса маңызды және өзекті тұстарымен толықтыра түседі.

Қазақстанның қазіргі уақытта қолданып жүрген кириллицасы зорлық-зомбылықпен келген әліпби екендігін есте ұстай отырып, жаңа үлгідегі латын әліпбиі дербес елдің еркімен қабылдаған жаңа жазу үлгісі екендігін айта кеткеніміз абзал. Бұл қазақ тілінің фонетикасы мен үндестік заңдылықтарына сай келетін бірден-бір әліпби екендігін атап өтсек дейміз.

Қазақстанның жаңа латын әліпбиі қандай болмақ ?

Қазақстанның мәдени және зиялы қауымы арасында жаңа әліпби тұрғысында ауызбіршілік пен ортақ бір пікір қалыптасты деп айта алмаймыз. Осы уақытқа дейінгі уақыт шеңберінде айтылған, ұсынылған ой-толғамдарды сараласақ мынадай бір топтама жасап сұрыптауға болады:

- Дүниежүзінде арап тектес әліпбидің артықшылығын дәріптеушілер Ахмет Байтұрсынұлы-ның төте жазуын ұсынады;

- Өскелең ұрпаққа Кеңес дәуірінен мирас қалған мәдени – рухани байлық жат болып қалады деп уайымдаушылар және осы кезеңдегі қол жеткізген гуманитарлық байлықты дәріптеушілер кириллицаны жақтауда;

- Технологиялық үдеріс пен заман талабына лайық деп есептеушілер латын тектес әліпбиді жақтап отыр;

- Шағын топ көне түркі – руна жазба ескерткіші негізіндегі Руникалық әліпбиді жақтап, қазақ халқының төл әліпбиі болуы қажет екендігін айтуда.

Осы ұсыныстардың ішінде арап әліпбиі туралы тоқталсақ мынадай бір қорытынды жасай аламыз: Ислам діні тек қана арап тектес әліпбиді қолдану қажеттігін міндеттемейді. Арап әліпбиіне өту деген жалпытүркілік мәдени шеңберден алшақтап түркі елдерінен алыстай түсу деген сөз (Ercilasun 2000: 485). Латын әліпбиіне өту кириллицамен жазылған гуманитарлық байлықтан алсытатады-мыс деген пікір де орынсыз. Себебі орыс тілі Қазақстанда екінші тіл статусын сақтап қала береді. Ал бұл өз кезегінде өскелең ұрпақтың кириллицадан алшақтамайтындығының белгісі. Сонымен қатар оқу – білім беру бағдарламасына «Қазақша кириллицамен», «Қазақ тілі тарихы» атты қосымша пән енгізудің ешқандай қиындығы жоқ.

1991 ж. Түркиядағы Мармара Университеті жанындағы Түркітану Зерттеулері Институты ұйымдастырған Халықаралық Түркітану Симпозиумында 34 қаріптен тұратын «Ортақ Түркі Әліпбиі» қабылданғаны белгілі (Кага 2009: 1304). Қазақстаннан келген ғылыми делегация да осы қарарға қол қойып рәсімделуінің куәсі және қатысушысы болған-ды. Қазақ тілі ерекшелігіне әбден үйлесетін осы әліпбиді өндіріске енгізсе құба-құп болмақ. Алайда тілші-ғалымдардың ой-елегі мен мұқият сынынан өткен бұл әліпби сол күйі ұсыныс ретінде қалып қойды. Бұл да өз кезегінде істің практикалық қолданыс пен ғылымилығына қарағанда саяси астардың басым болатындығына мысал болды (Demir-Yılmaz 2014: 60). Ортақ түркі әліпбиі саясилар тапынан қолдау көрмей қолданыс табуы мүмкін болмайтындығын Түркіменстан мен Өзбекстан мысалынан көре аламыз.

Әлемдік деңгейдегі мәдени, экономикалық, рухани және технологиялық үдеріс қарыштап дамуы әлбетте әліпбиге әсер етуі орынды. Кейбір жағдайда Ортақ Түркі Әліпбиіне байланысты заманауи технологиялық үдеріске ілесе алмайды-мыс деген пікірлер де айтылып қалуда. Қаріп үсті немесе астындағы қосымша таяқшалар немесе сызықша сияқты диграфттар интернеттегі электрондық адрес пен интернет ресурстарды іздеу мақсатындағы жазуды есептегенде, - ешқандай кемшілігі жоқ. Қазіргі заманның технологиялық мүмкіншіліктерін қаперге алсақ мұндай уәждердің аса мардымсыз екендігін көре аламыз. 80 миллиондай Түркия халқы мен 10 миллиондай азербайжандардың қолданысындағы Ортақ Түркі Әліпбиіне Қазақстанның да қатысуы аса маңызды іс-шаралардың қатарынан орын алып, өзектілігі мен маңызын көрсете бермек.

Қазақстанда ұсынылған қазақ латын әліпбиі туралы

Соңғы уақыттарда Қазақстанның баспасөздері мен теледидар, әлеуметтік желілерінде жаңа қазақ латын әліпбиі туралы сан алуан пікірлер мен ұсыныстар айтылуда. Қайсыбір топ ағылшын алфавитін механикалық түрде қазақшаға аудару салуды ұсынса қайсыбір топ жаңа латын әліпбиін түзу керектігін айтуда. Кезінде, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл Білім Институты сияқты ғылыми мекемелер 1991 ж. Түркияда өзара келісіммен қабылданған Ортақ Түркі Әліпбиі нұсқасын қолданғанын білеміз (Şahin 2002: 64). Түркияда қолданыста жүрген 5 қосымшалы қаріпті сол күйі өндіріске енгізу туралы келісіліп, қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне толығымен сәйкес келетіндігі аталып өтілген-ді.

Енді ағылшынша алфавиттің қазақ тіліне жақын-жақын еместігі туралы айтар болсақ, қандай да бір ұқсастық немесе жақындығы туралы сөз қозғаудың өзі артық. Екі тіл үш қайнаса сорпасы қосылмайтын ерекшеліктерге ие; ағылшыншадағы қос немесе үштік дауыссыздардың қосарлана, мінгесе келуі қазақ тіліне жат, - тек қана ағылшын тілінің тарихилығы мен фонетикасына байланысты екендігін айдан анық. Екіншіден, қазақ латын әліпбиін жаңадан ойлап тапқанда не өзгеруі мүмкін, қазақ тіліне қандай пайда әкеле алады? Түркі елдері бірдей болмаса да өзара ұқсас әліпбиді қолданып жүргенде Қазақстанның жаңа бір әліпби жасауы түркі әлеміне теріс ықпал ететіндігін қаперде ұстауымыз және ұмытпауымыз абзал.

11 қыркүйек, 2017 ж. “Qazaq Älipbiyiniñ Jaña Nusqası Usınıldı” «Қазақ әліпбиінің жаңа нұсқасы ұсынылды» деген хабарламамен жаңа жобасы көпшікке таныстырылып, 25 қаріптен тұратындығы хабарланды. Қазақстандағы алғашқы латын әліпбиі нұсқасы мынадай еді:

Негізінен, идеал түрдегі әліпби әрбір дыбысқа бір таңда жүйесіндегі фонетикалық әліпби екендігі белгілі. Мұндай әліпбидің артықшылығы оның үйрену жағынан оңайлығы және қарапайымдылығы. Ал жоғарыдағы нұсқа сырт көзге қарағанда 25 қаріп болып көрінгенімен қазақ тіліндегі ерекше дыбыстарды қосақтағаннан кейін 25 таңбадан асатындығы белгілі.

Жоба ретінде ұсынылған бұл әліпби «ә» дыбысын «ae» арқылы, «у» дыбысын «ue» арқылы, ал «ғ» дыбысын «gh», «ч» дыбысын «ch», «ш» дыбысын «sh» арқылы бергенін байқаймыз. Мұндай қосар-

ланған таңбалар визуальдық ала-құлалық әкелуімен қатар, оқуға/айтуға да ыңғайсыз болмақ. Әрбір дыбыс жеке таңбамен берілгені дұрыс. Орыс тілі негізінде айтылып, қолданылып жүрген «щ», «ц» сияқты қосарланған дауыссыз дыбыстармен қоса «ю», «я», «е» және «э» сияқты таңбаларды алып тастағанның өзінде қазіргі кириллица бұл жобадан артық тұрып, әрбір дыбысқа жеке таңба принципін сақтап тұр (Ercilasun 2000: 485). Осымен қатар қазақ тіліне тән «ұ», «ө», «ү», «і», «у» сияқты дауысты дыбыстарды жазуда мәселе одан әрі көбейе түспесе азаймайтындығы анық. Қазіргі және осы орайдағы пікірталас пен ұсыныстарды ескерсек, жоғарғы технология мен компьютерді желеу етіп клавиатураны тілге емес тілді клавиатураға сәйкестендіру пікірі басымдық байқатып тұр.

Осы жоба қалың жұртшылық тапынан ресми бекітілген немесе бекітілетін нұсқа ретінде танылып жаңсақ іс-әрекеттердің бастамасы да болып қалды; мысалы Алматыдағы Төле би мен Достық даңғылы қиылысында орналасқан дәмхана өзінің жарнама баннерінде «сәбіз» деген сөзді «Saebiz» түрінде жазып елді біраз дүрліктіргені де бар. Ал бұған ресми органдардың өз атауларын/ хабарламаларын осы түрде жазып беруін қаперге алсақ ықтимал қателіктің қауіпті екендігін көре аламыз.

А.Байтұрсынов атындағы Тіл Білімі Институты директоры профессор Е.З. Қажыбек мырзаның осы мәселеге байланысты интервью бергенінде жаңа латын әліпбиі жобаның ұзын саны 500-ге жетіп, 300-ге жуығы ел басшылығына ұсыныс ретінде берілгендігін, ал Тілі Білімі Институтының 20 жылдан астам уақыттан бері осы мәселенің қыр-сырын зерттеп келе жатқандығын атап өтті.

Осы уақытқа дейін ғылыми мекемелер тарапынан мақұлданып және қазақ дыбыстық жүйесіне айтарлықтай жақындығын көрсеткен жоба А.Байтұрсынов атындағы Тіл Білімі Институты тарапынан дайындалғандығын білеміз. Бұл жоба жоғарыда атап өткен Ортақ Түркі Әліпбиіне айтарлықтай ұқсастық көрсетеді:

Ортақ Түркі Әліпбиін қаперге алған жаңа қазақ латын әліпбиінің жылдам өзгеріп келе жатқан заманымыздың сұранысына жауап бере алатындығына, 200 миллионға жуық түркі әлемін бір-бірімен жақындастыра түсетіндігіне сеніміміз мол.

Қазақстанның соңғы уақыттарда ұсынылған «апастрофты» деп аталып кеткен жаңа қазақ латын әліпбиінің үлгісі:

Кестеден байқағанымыздай апостроф деп аталатын үтір белгісі қаріптің оң жақ жоғарғы тұсында жазылғандығы көрінеді. Басқаша айтқанда дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігі осы таңбаға байланысты болмақ. Бұл әліпбиден ағылшын тіліне негізделген компьютер клавиатурасының көшірмесін көруге болады. Осыған қарама-қайшы келетін кириллицадағы (i, iy, iу) ve y (w, uw, üw) дыбыстары жаңа латын әліпбиінде бір тек қаріппен берілуі аталмыш әліпби кемшілігінің тек қана бір қыры екендігін көрсетеді. Бұл кемшіліктің алдағы уақыттарда одан әрі күшейе түсетіндігі де бар. Осы қаріп авторларының негізгі уәжі «бұл алфавит қазаққа ғана тән ...» екен. Егер осы әліпби өндіріске еніп, қазақ тілі осы әліпбимен кетер болса, Қазақстан мен қазақ тілі түркі әлемінен алыстай түсіп, онымен қоса жазу-сызу мен тіл үйретуде проблемалар тосып тұрғандығына, өкінішке орай, сене беруімізге болады. Енді пікірімізді шағын мысалдармен жабдықтасақ:

«Апастрофты» әліпби: A'r sa'rsenbi sai'yn g'ana syrtka s'yg'y'laryn'yzg'a bolady.

Кириллица: Әр сәрсенбі сайын ғана сыртқа шығуларыңызға болады.

«Апастрофты» латын әліпбиін оқи сала визуалды түрі мен есте сақтау «қабылеттілігі» қандай дәрежеде ауыр екендігін көруге болады.

27 қазан 2017 ж. Егемен Қазақстан газетінде “Latin Qarpine Köşüwdiñ Mañızdılıǵına Nazar Awdarldı” атты хабарламада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтің «апастрофты» жаңа қазақ латын әліпбиіне ресми түрде көшуіне байланысты Шешімі туралы хабарлама берілді. Осы Шешімге қарасақ латын әліпбиін өндіріске енгізу уақыты 2025 ж. дейін деп көрсетілген. Қазақ елі жаңа қазақ латын әліпбиін қабылдау арқылы орыс тілі мен орыс мәдени шеңберінен шығу үдерісін жеделдете түсетіндігі анық. Алайда «қазақи» деп танылуы мүмкін «апастрофты» жаңа әліпби Өзбекстан мен Түркіменстанның «Түркия алфавитіне ұқсамайтын бөлек әліппе жасаймыз» дегенге саятын қателіктерін қайталауы мүмкін екендігін өкінішпен атап өткіміз келеді.

Қорытынды

Қазақ халқы және қазақ тілінің соңғы жүз жылдық тарихына қарағанымызда қазақ жазу-сызуының арап, латын, кириллица және қайтадан латын болып өзгергенін байқаймыз. Бұл әрине мәдениет пен гуманитарлық саланы аса күрделі жағдайға қалдырғаны мәлім. Ал енді араға біршама

уақыт салып қайтадан латын әліпбиіне өту шешімінің қабылдануы жалпытүркілік өркениет тұрғысынан аса жағымды хабар екендігі анық. Кеңес дәуірі кезеңінде дүниеге келген Орта Азия түркі республикаларының кириллицаға негізделген ұлттық әліпбилерінің пайда болуының астары белгілі, – ол, – сол дәуір ортақ түркі латын әліпбиін жойып, түркі халықтарын бір-бірінен ең болмағанда осы тұрғыда алшақтату еді. Сондықтан 1926-1938 жылдары арасында іс жүзінде қолданыс тауып тәжірибе жинақтап қалған латын әліпбиін ауыстыра салудың саяси астары басым еді. Бұл үрдіс өзінің жағымсыз әсерін қалдырмай қоймады. Қазіргі күндегі кириллица болсын, енді міне жаңа латын әліпбиінде болсын ортақ унификация мәселесін қолға алудың жасанды кедергісін көріп отырмыз. Мұның түп төркіні сонау Кеңес дәуірінен бастау алып, осы уақытқа дейін жалғасып, өзінің жағымсыз өміршеңдігін сақтап қалуда. 26 қазан, 2017 ж. Қазақстанда «апастрофты» деп аталып кеткен жаңа қазақ әліпбиінің ресми варианты баспасөз арқылы таныстырылды. Егер осы әліпби қолданысқа ресми түрде еніп кетсе Қазақстанның түркі елдерінен біршама алыстай түсетіндігі қауіпі күн тәртібінде тұратын болады. Сонымен қатар аталмыш жобалық әліпбидің кемшілігі әліпби үйрету барысында көрініп қалуы әбден мүмкін. Ал уақыт өте келе қарапайым халықтың өзі қарсы шығып, қазақ тілінің жалпытүркілік ерекшелігіне жақындық көрсететін Түркі Елдерінің Ортақ 34 қаріптік әліпбидің қайтадан қолға алынатындығына күн тәртібіне әкелуі мүмкін. Байқағанымыздай, жаңа әліпби таңдалу сатысы барысында қазақ тілінің дыбыстық, орфоэпиялық, орфографиялық ережелеріне қарағанда саяси шешімнің әлдеқайда ауырлау болғандығы қылаң беріп қалды. Уақыт өте келе Қазақ елі апастрофты латын әліпбиінің орнына 34 қаріптік Ортақ Түркі Әліпбиін таңдап жатса, аталмыш «қазақи-түркілік» 34 қаріптік әліпби Қырғыз елін өзіне тарта түсетіндігіне сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Demir Nurettin; Yılmaz, Emine (2014), *Bitmeyen Öykü: Alfabe Tartışmaları - Rapor-(Ұзақ жасайтын пікірталас: қаріп пікірталасы)*, Noca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Yayınları, – Ankara.
2. Ercilasun, Ahmet Bican (2000), “Kazakistanın Lâtin Alfabetiyle Yazılması Konusunda (Қазақ тілінің латын әліпбиіне шолу) Düşünceler”, *Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi*, S. 10: 482-486.
3. Kara Mehmet (2009), “Türk Cumhuriyetleri ve Otuz Dört Harfli Ortak Lâtin Alfabeti” (Түркі елдері және 34 қаріптік әліпбе), *Turkish Studies* 4/3: 1301-1310.
4. Kortabayeva G. (2017), “Türk Dilli Halkların Lâtin Alfabetine Geçiş Tecrübesi” – (Түркі халқтарының латын әліпбиіне өту тәжірибелері), *Türki Jazbalari men Mâdeniyeti Künderi Şarasi Ayasında Ötkizilgen Tamiri Tereñ Älipbiy: Jalpi Türkilik Biregeyliktiñ Mızgımas Negizi Halıqaralıq Ğilmiy-Praktikalık Konferentsiyası Materiyaldarı*, Almatı: 289-297.
5. Şahin Erdal (2002), “Türk Cumhuriyetlerinde Lâtin Alfabetine Geçiş Çalışmaları ve Sonuçları” (Түркі республикаларында латын әліпбиіне өту жұмыстары және нәтижелері), *Bağımsızlıklarının 10. Yılında Türk Cumhuriyetleri*, SOTA Yayınları, Haarlem-Hollanda: 63-70.
6. Şirin User Hatice (2006), *Başlangıçtan Günümüze Türk Yazı Sistemleri (бастапқы уақыттан осы дәуірге дейінгі түркі жазу-сызу жүйелері)*, Akçağ Yayınları, Ankara.
7. Tekin Talat (1997), *Tarih Boyunca Türkçenin Yazımı (Тарих беттерінде түркі таңбасы)*, Simurg Yayınları, Ankara.
8. Матбек Н.К. (2017), «Түркменстан мемлекетінің жазу реформасы», *Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті Хабаршы*, №1(59): 59-64.

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЯ LINGUA-CULTURAL LINGUISTICS

МРНТИ 16.21.33

С.Даулет ¹

¹ Аударма ісі мамандығының 4 курс студенті, Шығыс тілдері және аударма кафедрасы

«МЫҢ БІР ТҮН» ЕРТЕГІСІНДЕГІ АНТРОПОНИМИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БЕРІЛУІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЖӘНЕ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Антропонимика халықтық және канондық есімдерді, сол сияқты бір есімнің әдеби және диалектілік, ресми және биресми түрлерін ажыратып қарастырады. Көптеген антропонимиялар мәдениет тарихымен, этнографиялық ерекшелік пен мәниет тарихымен анықталады, ал бұл әр халықта аса маңызды болып келеді. Лингвомәдениеттану – мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттейтін ғылым. Прагматика – адамдар өзара қарым-қатынаста қолданатын тіл бірліктерінің әсерін қарастыратын тіл білімінің бөлімі.

Тірек сөздер: антропонимика, лингвомәдениеттану, этнографиялық ерекшеліктер, аудармашылық трансформация, баламасы жоқ тілдік бірліктер.

Аннотация

??????

ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЕ И ПРАГМАТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ АНТРОПОНИМИЧЕСКИХ НАЗВАНИЙ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ В СКАЗКЕ «ТЫСЯЧА И ОДНА НОЧЬ»

Антропонимика изучает функции антропонима в речи – номинацию, идентификацию, смену имен, которая связано с возрастом, жизнью среди людей другой национальности, переходом в другую веру и др. Лингвокультурологическое исследование соответствует тенденции современной лингвистики – переходу от лингвистики «имманентной», структурной, к лингвистике антропологической, рассматривающей явление языка в тесной связи с человеком. Прагматика это раздел языкознания, изучающий условия использования горящими языковых знаков.

Ключевые слова: антропонимика, лингвокультура, прагматика, «Тысяча и одна ночь», переводческие трансформации.

Abstract

??????

LINGUOCULTURAL AND PRAGMATICAL ASPECTS OF THE ANTHROPONIMICAL NAMES IN THE FAIRYTALE “THE THOUSAND NIGHTS AND ONE NIGHT” IN THE KAZAKH LANGUAGE

Anthroponimic studies the functions of the anthroponym in speech – nomination, identification, change of names, which is related to age, life among people of other nationalities, conversion to another faith, and others. Linguocultural studies correspond to the general trend of modern linguistics – the transition from linguistics – “immanent”, structural, to the linguistics of anthropology, considering the phenomenon of language in close connection with man. Pragmatics is a section of linguistics that studies the conditions of use by speakers of linguistic signs.

Key words: anthroponimics, linguocultural studies, pragmatism, transliteration, “The Thousand Nights and One Night”, translation transformations.

Антропонимика (грекше адам + ат) – адамдардың өзіне меншікті есімдерін, аты-жөнін, жалған, бүркеншік, жасырын аттарын, ру аттарын – антропонимді зерттейтін ономастиканың тармағы. Антропонимика сонымен бірге әдеби шығармалардағы антропонимдер мен ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлердің аттарын зерттейді. Антропонимика халықтық және канондық есімдерді, сол сияқты бір есімнің әдеби және диалектілік, ресми және биресми түрлерін ажыратып қарастырады. Әрбір этностың әр дәуірде өзіне тән антропонимиканы (есімдер тізімі) қалыптасады. Антропонимдердің жиынтығы антропонимия деп аталады. Жеке адам есімдері басқа көптеген жеке атаулардай өздерінің дербестігімен ерекшеленеді: әр адамның жеке есімі бар. Есімдер тізілімі шектеулі. Жеке есімдер қайталап отыратындықтан, оларға қосымша атаулар беріледі. Дамыған қоғамда адамның ресми атауларының өзіндік жүйесі болады. Мәселен, антикалық Римдегі есімдердің тұрақты жүйесі мынадай: адамның жеке есімі + ру тегі + жалған аты + ататек есімі + қосымша аты. Үнді елінде бұл жүйе үш құрамнан тұрады: гороскоптық есімі, жыныстық немесе діни секталық есімі, касталық есімі. Мәселен, *Рабиноранат Тагордың есімі: Рабиндра (Күн құдайы), Натх (еркек), Тхакур (әсер иеленушілер қастасынан)* құралымынан тұрған. Антропонимия есімге қатысты хабарларды: адамның қасиетін, әкесі, руы, отбасымен байланысы, ұлты, кәсібі, қай жерден шыққан т.б. зерттейді. Теориялық антропонимия белгілі этнос антропонимдерінің пайда болу, даму заңдылықтарын, құрылымын, жүйесін, үлгілерін, тарихи қабаттарын, тілдердің антропонимиялық өзара байланысын қарастырады. Оның зерттеу әдістері ономастиканың басқа түрлеріндегідей (адам есімінің әлеуметтік сипаты, салт-әдет, дін мен моданың ықпалы т.б.). Қолданбалы антропонимия есімдерді нормаландыру мәселесін, есімдердің әр тілде берілу тәсілдерін зерттейді. Антропонимиялық сөздіктер жасауға, азаматтық хал актілерін тіркеу (ЗАГС) орындарында ат таңдауға, есімдердің даулы құқықтық мәселелерін шешуге көмектеседі. Антропонимия ономастикадан 20 ғасырдың 60-70 жылдарында бөлініп шықты, бірақ олардың бірқатар мәселелері бірге қаралады. 60-жылдарға дейін “Антропонимия” термині орнына “ономастика” қолданылып келді. Әйтсе де әлі күнге дейін кейбір антропонимикалық терминдер талқылануда. Көптеген антропонимиялар мәдениет тарихымен, этнографиялық ерекшелік пен мәдениет тарихымен анықталады, ал бұл әр халықта аса маңызды болып келеді. Біз антропонимді есімдерді атау деп түсінеміз, өйткені белгілі бір атауларға қолданылатын сөз категориялары бар, бірақ олар тікелей антропонимдер деп есептелмейді. Оларға мысалы, бір топ адамдардың мамандығымен, мекен жайымен, этнографиялық, тілдік және басқа да ерекшеліктерімен, тайпа ішіндегі бөлінетін ру атаулары, сонымен қатар антропонимдерді білдірмейтін, бірақ олармен бірге жүретін сөз қатарларына байланысты атаулар жатады [3-6, Антропонимика].

Мәдениеті ерте дамыған араб елдерінің бүкіл әлем мойындаған мызғымас екі тұғыры бар. Оның бірі – таза адамгершіліктің шырқау шыңына алып шығатын, жан-жақты дамытып әкелген Құран сөзі, яғни адамзатты имандылық тәубесіне әкелетін мұсылман діні жолындағы қағидалары болса, екіншісі – адамзат тірлігінің өмір деген тұңғышына сүнгіп, оның ішкі құпиясын бүге-шігесіне дейін ақтарып, барша әлеми тірліктің айнасындай етіп, адамзат санасына селкеусіз сіңірген ұлы шығарма осы «Мың бір түн» еді. Бұл араб халқының, қала берді, Египет елінен түп тамырын тартқан ғажайып бәйтеректің жан-жағына шуақ пен түнекті қоса шашқан, құдыреттей әсер етуі, араб елінің, қала берді, Шығыс елінің даналық қасиеті мен шаттығын ұлы қасиетке балатып, барша жанның бауырындай сіңісіп кетуі, бұл адам айтып, тілмен жеткізе алмайтын құпия қуат, тылсым сырдың селкеусіз тұнығы десе болғандай [6-12, Мың бір түн].

Лингвомәдени және прагматикалық аспектілерің маңызы. Лингвомәдениеттану - мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттейтін ғылым. Ол әлемнің ұлттық бейнесімен, тілдік таныммен, ділдік-лингвистикалық ерекшеліктерімен өте тығыз байланысты. XIX ғасырдың басында ағайынды Гримм-

дер халық әндерін, аңыздар мен ертегілерді жинап, басырып, неміс тілі грамматикасы үшін материалдар жинаған еді. Бұл еңбек халық мәдениетіне деген қызығушылық туғызып, көптеген Ресей ғалымдарының (Ф.И. Буслаев, А.Н. Афанасьев, А.А. Потебня) зерттеулеріне арау болған. Қазіргі кезде қазақ тіл білімінде де лингвомәдениеттанулық зерттеулер бар. Әрине, онда тіл мен мәдениет, олардың өзара байланысы арнайы зерттеу нысанына айналмағанымен қазақ тіліндегі мәдени лексика мәселесі айтылып, қазақ сөздерінің этимологиясы, танымдық негізі біршама талданғаны мәлім. Аударманың прагматикалық қыры бұл мәтін ақпаратына нақты бір көзқарасты қалыптастыру мақсатымен қабылдаушыға белгілі бір түрде әсер ету қажеттілігі. А.Нойберт - неміс лингвисті аударма теориясындағы прагматиканы аударманың маңызы аспекті ретінде алып қарастырады. Оның айтуынша, аударылу мәселесін мәселе ететін де осы прагматика болса керек. Себебі аударманың грамматикасы мен семантикасы аударылған тілдікі болмақ, ал қалатыны - прагматика. Оқырманға немесе тыңдарманға прагматикалық бағыт тұрғысынан кез келген айтылым және кез келген мәтін эмоциялық әсер береді. Түпнұсқа прагматикасы мен аударманың арақатынасы әртүрлі болуы мүмкін және аударманың прагматикалық адекваттылығы бастапқа мәтіннің прагматикасын сақтауы міндетті емес. Аударманы лингвистикалық әдістермен зерттеу орынды және нәтижелі деп айтуға болады. Ал мәтінді аударғанда сәйкестікке жету мәселесі берілген феноменттің бірқатар факторларға тәуелді түпнегізіне байланысты. Бұл феноменттің түп негізі трансформациялық қайта құрулар үдерісінде оларды түсіндіретін аудармашы әрекетінің ерекшелігінде көрініс табады [12-13, Лингвомәдениеттану негіздері], [56-58, Аударма теориясы].

Көркем мәтінге лингвомәдениеттанулық талдау жасау деген сөз – сол көркем мәтін бағытталған өзіне тілді адресатқа сол мәтіндегі негізгі мағынаны ұстап тұрған тірек сөздер мен сөз тіркестерін, мәтіндегі аллюзияларды, лингвокультуремаларды шығарма авторының көздеген, диттеген мақсатына сай көрсете білуге, соған сай интерпретациялай алуға дағдыландыру. Көркем мәтінге лингвомәдениеттанулық талдау жасаудың құрамына енетін оның бөлінбейтін бөлшегі – ұсынылған шығармаға лингвомәдениеттанулық түсініктеме беріп отыру. Лингвомәдениеттанулық түсініктеменің негізгі нысаны – лингвокультуремалар. Атап айтқанда, баламасы жоқ тілдік бірліктер, реалиялар, онамастикалық реалиялар, мәдениө-тарихи ассоциацияға негізделген географиялық атаулар, антропонимдер, стереотиптер, аллюзиялар, логоэпистемалар, адресатқа бейтаныс, өзіндік лингвомәдениеттанулық ерекшелігі бар лакундар т.б. [210-211, Лингвомәдениеттану негіздері].

XX ғасырдың 50-ші жылдарында саяси бағыттар талабымен көркем туындылардың ауқымды көлемі қазақ тіліне тәржімаланды, осы тұста аударманың практикалық жақтарын (қалай аудару керек, қандай кемшіліктер бар, көркем аударма ісін жақсарту үшін не істеу керек) талқылау, өзара кеңесу жұмыстары да қатар жүргізіліп, қазақ мәдениетіндегі тәржіманың практикалық тәжірибесінің жетілуіне, сондай-ақ кейбір теориялық мәселелердің бағыт бағдарының айқындалуына елеулі ықпал жасады [1].

Түпнұсқа мәтін	Аударма мәтін	Аудармашылық трансформация түрі
Praise be to Allah , master of the Universe! And prayer and piace upon the Prince of Messengers, Muhammad our lord paramount! [1].	Күлліғаламайесі – Алла тағалаға құлдық! Алланың рахматындағы әулие әнбиелермен бірге өзіміздің Мұхаммед пайғамбарға тәттілік-тағызым етеміз! [5].	Транслитерация
His name was King Shahryar [1].	Егде тартқан әке өздері тұрған өлкеге осы Шаһриярды патша етті. [6].	Транслитерация
The smaller brother was called King Shahzaman and ruled over Samarkand al-Ajam [1].	Кіші ұлы Шаһзаман Персия жағын билеп, Самарқанда тұрыпты [6].	Транслитерация
When the Jinni had looked long at the beauty of the girl, he said her: ‘O, Queen of every silky thing!’[4].	Әлгі Диню келіншекке қарап: - Игі жақсылардың әміршісі болған аруым[10].	Калька
Respect and remember the words of Yusuf . Forget not [5].	Ғибрат ал Жүсіп кешкен өмірден, Опа таппай ол да айырылған сенімнен. [11].	Транскрипция

Iblis worked all Adam's woe with one woman [5].	Пейішіннен сонау Адам ата да Әйел, үшін қуылған ғой, атама! – дейді біреу [11].	Транслитерация
Now this Wazir had himself two daughter who in the masters of beauty, charm, brilliance, perfection, and delectate taste, were each unrivalled save by the other. The name of the elder was Shahrazad , and that of the younger Dunyazad [5-6].	Үззірдің екі қызы бар еді. Үлкенінің аты – Шахразада , кішісінің аты – Дүниезада болатын [12].	Калька, Транслитерация
Suddenly, on the King's wife crying: 'O, Masud! Ya, Masud!' [2].	Бір сәтте жеңгесі: « Масғұт » деп айқайлап біреуді шақырды [7].	Транскрипция

Кез келген коммуникацияның басты мақсаты – эффект тудыру; сондықтан аудармашы әсіресе, көркем әдебиетті тәржімалағанда еркін аудару тәсіліне көбірек барады, алайда ұлт мәдениетіне тән, тіл арқылы вербалданатын ұлттық менталдық пайымдау мен бағалауды білдіретін тілдік бірліктерге еркіндікпен келу түпнұсқаның екінші тілде репрезентациялануына елеулі әсер етеді. Жалпы, көркем шығарманы реципиентке (екінші тілдегі қабылдаушыға) репрезентациялау тәржімашының лингво-мәдени құзыретін талап ететін аса күрделі мәселе. Қалтай Мұхамеджановтың аудармасына келетін болсақ, былай боп шығады. Мысалы, бұл кісі Сальенің және қазақшасындағы Қалмақанның аударма-сындағы «Ей, ұлы бақытты патшам», - деп басталатын сөзді, «Уа, алдияр патшам», - деп алған. Ол кісі не себепті бұлай өзгерткенінде, «Айналайын-ау, сүйіп алған алғашқы әйелі зинақор болса, ол қайдан бақытты болмақ, адамның бойына берген күш-қуат та өлшемді дүние, онда шексіздік болуы мүмкін емес. Ертегі болғасын асырып айта береміз» деген екен. Оның аудармасында тырнақша – құрсаудан құтылған. Шындығында бұл әлем халықтың тіл байлығының өзі сынға түсетін шаруа десе болғандай.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазыбек Г.Қ. Аударма тағылымы, 2013, 367-381б.
2. Никонов В.А., Супранская А.В. Антропология, 3-6 б.
3. Жумабекова А.К., Аударма теориясы. – Алматы, 2010.
4. Әлметова Ә.С. Лингвомәдениеттану негіздері. – Алматы, 210-211 б.
5. Мұхамеджан Қ. Мың бір түн. – Астана, 2008. – 352 б.
6. Dr J.C. Mardrus, London and New York, Taylor & Francis e-Library, 2004, 657 p.
7. Әуезов М. Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері //Қытапта: Көркем аударманың кейбір мәселелері (мақалалар жинағы). – Алматы: Қазмемкөпкемәдебас, 1957. – 3-12б.

Қосымша ақпарат көздері:

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3
2. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі — Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005 жыл. ISBN 9965-409-88-9
3. Барлық құқықтар қорғалған. inform.kz белсенді сілтемені пайдаланыңыз http://www.inform.kz/kz/kulshe-kyz-ertegisi-65-zhyldan-keyin-kazak-tiline-audaryldy_a2753258.

МРНТИ 16.01.45

А.Ш. Мұртаза,¹ Г.А. Жанұзақова,²

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, аға оқытушылары

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ КОМПОНЕНТТІҢ РӨЛІ

*Аңдатпа
???????*

Аннотация:

Муртаза А.Ш.,¹ Жанузакова Г.А.²

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, ст. преподаватели

РОЛЬ КУЛЬТУРНОГО КОМПОНЕНТА ПРИ ИЗУЧЕНИИ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Изучение иностранных языков и их использование как средства международного общения невозможно без глубокого и разностороннего знания культуры носителей этих языков, их менталитета, национального характера, образа жизни, видения мира, обычаев, традиций, общественного поведения. Только сочетание этих двух знаний – языка и культуры наших партнеров по мировому сообществу может обеспечить эффективное и плодотворное общение.

Ключевые слова: лингвострановедение, социокультурный компонент, много культурная образования, культурологический подход, навик.

Abstract

Murtaza A.,¹ Zhanuzakova G.²

senior teachers, International Relations faculty, Kazakh National university named after al-Farabi

THE INFLUENCE OF CULTURE ON OF THE PROCESS OF FOREIGN LANGUAGES STUDY

We attain the successful knowledge of foreign languages and professional skills of international communication due to a deep and thorough study of the culture of native speakers of the languages we study. We study their mentality, national character, the way of life, vision of the world, customs, traditions and public behavior. The combination of these achievements, language and culture leads to an effective and fruitful conversation.

Key words: linguistic regional geography, socio cultural component multicultural education, cultural approach, skill

Қазіргі таңда бүкіл әлемдегі өркениетті дамыған елдердің басты көңіл бөліп отырған мәселесі – оқытудың жаңа технологияларын қолдану арқылы оқушыға жалпы жан-жақты, дәстүрлі әдістермен, әлемдік деңгейдегі озық технологиялармен салыстырылған, өмір тәжірибесіне ұштастырылған терең білім беріп, білікті маман даярлау.

Ал шет тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту, сол арқылы әлеуметтік-мәдени білікті ұрпақ тәрбиелеу 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасының, ел басының үштұғырлы саясаты аясында және еліміздегі тілаларлық байланыстардың, өзара қарым-қатынастардың нығаюы кезеңінде өзекті де келелі мәселелер болып отыр.

«Тілдік білік пен дағды жеке тұлғаның дамуына әсер ете алмайды: адам көп нәрсені біліп, жасай алуы мүмкін, бірақ қоғам сұранысы мен қажеттігіне сай келуі – күмән тудырарлық жайт. Сондықтан да оқып үйреніп жүрген тілдің, сол тілде сөйлейтін елдің мәдениетін білмей, оны меңгермей тұрып, сол тілде біліктілікке қол жеткізуі мүмкін емес. Басқа тілді қоғамда дұрыс жөн таба білу үшін сол елдің тілін білу аз, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін де меңгеру керек» [1.282].

Қазіргі заманда, әсіресе қоғамның барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласында түбегейлі өзгерістер болып жатқан тұста қоғамның басты қажеттіліктерінің бірі оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың оңтайлы жолдарын іздеу, оқыту мазмұны мен оның құрылымының ұтымды нұсқаларын іздеу болып табылады [2.4].

Түрлі оқу орындарында түрлі оқыту стратегияларының тексеріліп жатқаны – өте маңызды қадам. Себебі әдістемелік шешімдердің балама нұсқалары неғұрлым көп болған сайын жалпы пәнді оқыту жолдарының жаңа түрлерін іздеу соғұрлым нәтижелі болмақ. Бұл ретте шет тілдерін оқытудағы түбегейлі өзгерістердің негізгі мәселесі – оқыту мақсатын, сондай-ақ соған сай оқыту мазмұнын анықтау мәселесі. Оларды анықтаған кезде тек тілді ғана емес, сонымен қатар шеттілдік мәдениетті оқыту идеясы ең тиімді жол болып табылады. Бір жағынан, оқыту мақсаты көпшіліктің әлеуметтік сұранысын көрсетіп, көпшіліктің басты қажеттіліктерінен туындаса, екінші жағынан, осы оқыту мақсатының өзінен бүкіл оқыту жүйесі туындайды, оқыту мазмұны да, оны ұйымдастыру жолы да айқындалады [3].

Бұл бағыттың коммуникативтік жағының күшеюі шет тілін оқыту мақсаттарының түрі мен оқыту мазмұнының түрі өзгеруінен байқалады. Осы салада көп зерттеу жүргізген орыс ғалымы Е.И. Пассов пен басқа да зерттеушілер мынадай жүйелілікті алға тартады: шет тілін оқыту; шет тілінде сөйлеуді үйрету; шет тілінде сөйлеу әрекетін үйрету; қарым-қатынасқа үйрету.

Оқыту процесінің барлық аспектілері тең дәрежеде қарастырылса ғана, яғни тіл үйренушінің жеке тұлғасының қалыптасуында маңыздылығы тең болса ғана шет тілі оқу пәні ретінде өз қызметтерін толық орындай алады [4].

Прагмалингвистика деректерінің негізінде және шет тілінің әлемдік қауымдастықтағы қарым-қатынас жасау және өзара түсінісу құралы ретінде өзгергенін назарға ала отырып, қазіргі әдістемеді тіл үйретудің прагматикалық аспектілерін күшейту қажет екені ерекше аталып өтеді. Бұл дегеніміз, оқытқан кезде шет тілінде қарым-қатынас жасауды меңгеруде сапалы нәтижелерге қол жеткізу ғана емес, сонымен қатар шеттілдік мәдениетті үйренудің және сол тілде сөйлеушілерді танудың нақты жолын іздеу маңызды деген сөз. Бұл жерде тек тіл білу ғана емес, тілді нақты қарым-қатынас барысында пайдалана алу, яғни тілді іс жүзінде меңгеру, демек, «прагматикалық мәдениетаралық құзыреттіліктің» дамуы туралы сөз болып отыр.

Жалпы, шет тілін үйрену деңгейінің стандарты бойынша тіл үйренушінің коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуы әлеуметтік-мәдени және елтанушылық біліммен де тығыз байланысты. Әлеуметтік-мәдени білімсіз тіл үйренушінің коммуникативтік құзыреттілігі қалыптаспайды. Тек түрлі формадағы (соның ішінде тіл түріндегі) мәдениет қана адамның жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал етеді [4]. Пассов оқыту мазмұнының ажырамас компоненті ретінде жаңа «шеттілдік мәдениет» терминіне анықтама береді. Тіл үйренушінің шет тілін оқу, танымдық, дамытушы және тәрбиелік тұрғыдан меңгеру процесін туғыза алатын дүниелердің барлығын шеттілдік мәдениет деп түсінеміз.

Бұл ретте шеттілдік мәдениетті оқыту тұлғааралық қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар тілін үйреніп жатқан елдің мәдениеті (тарихы, әдебиеті, музыка өнері және т.б.) туралы білімге, тілдің құрылымы, жүйесі, сипаты, ерекшеліктері туралы және т.б. білімге ие болу арқылы жеке тұлғаның рухани дүниесін байыту құралы ретінде де пайдаланылады.

Қазіргі әдістемелік зерттеулер шет тілін елтану тұрғысынан оқытуға негізделеді [5, 6, 3]. Бұл ретте елтанушылық лексика (Е.М. Верещагин мен В.С. Костомаровтың термині бойынша фондық және эквивалентсіз лексика), тілін үйреніп жатқан елдің өмірінің сан түрлі қырларын, тарихын, әдебиетін, ғылымын, өнерін (И.Л. Бим), сондай-ақ салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын қамтитын елтанушылық мәліметтер ерекше атап көрсетіледі.

Лингвистикалық-елтанушылық аспект тіл бірліктеріндегі елтанушылық мәліметтерді анықтауға, пәндік-мазмұндық жағынан молаюына көмектеседі. Лингвистикалық-елтанушылық аспектін барынша негіздеп таңдап алу, шет тілін оқытуда неғұрлым ерте пайдалану оның белсенділігін арттыру үшін едәуір қор болып саналады [5].

Қазіргі таңда тілін үйреніп жүрген елдің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері туралы білмей, халықаралық қарым-қатынас құралы ретінде шет тілінде сөйлеуді меңгеру мүмкін емес екендігін жалпы көпшілік мойындады. Шет тілін оқытудағы коммуникативтік-әрекеттік және лингвистикалық-елтанушылық бағыттар бір-біріне өзара негіз болады және тығыз байланысты. Шет тілін оқытудағы лингвистикалық-елтанушылық аспектиге тән белгі – сол елдің қазіргі өмір салтына қатысу. Қазіргі әдістемеді лингвистикалық-елтанушылық бағыт оқытудың маңызды құралы ретінде қаралады. Ол лексикалық және грамматикалық білімді бекіткен кезде есте сақтау нәтижесін шынымен арттырады, сөйлеуге және оқуға үйрету процесіне көмектеседі, мағыналық жағын алдын ала түсіну қабілетін дамытады. Елтанушылық, мәдени ақпараттың тіл үйренушілердің тұрақты қызығушылығын тудыруға қажетті әлеуеті зор. Соңғы онжылдықта оқулықтардың авторлары мен құрастырушылары осы әлеуетті кеңінен қолданып жүргенін айтып өту қажет. Оқу құралдарында мәдениеттанушылық және әдеби сипаттағы ақпараттар елеулі түрде көбейді. Ал білім берудің жаңашаландырылуына сәйкес елтанушылық сипаттағы ақпараттар қамтылған бейнефильмдерді және түрлі шет тілдеріндегі сайттарға сілтемелерді оқу орталықтары шығара бастады, оларды оқытушылар пайдаланып жүр.

Негізгі объект тілін үйреніп жатқан ел емес, сол тілде сөйлеушілердің жалпы білімі, олардың қарым-қатынас барысындағы тілдік емес әрекеті, олардың жалпы мәдениеті болғандықтан, шет тілін оқытудың әлеуметтік-мәдени компонентін енгізу жөн болмақ. Әлеуметтік-мәдени компоненттің негізінде тіл үйренушілердің тілін үйреніп жатқан елдің әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрі туралы

білімі қалыптасып, мәдениеттер диалогына қосылып, жалпыадамзаттық мәдениеттің дамуындағы ұлттық мәдениеттің жетістіктерімен танысады.

Бұл мәселенің өзектілігі шет тілін оқытудың мазмұнын жалпы оңтайландыру мақсатында оқыту мазмұнының компоненттерін қайта қарау негізінде оқыту мазмұнын толықтыру жолдарын іздеуге негізделген, сондай-ақ қолданыстағы оқу-әдістемелік кешендердегі қосымша елтанушылық материалдарды таңдап алу тұрғысынан еліміздегі шет тілін оқыту әдістемесі бойынша әлеуметтік-мәдени компоненттің мазмұнын анықтаудың жеткілікті түрде зерттелмегендігі және тілі оқытылатын елдің тілі мен мәдениетін зерттеу қажеттігі де осы зерттеу тақырыбын таңдауға негіз болды.

Сонымен, ұлттық және әлемдік мәдениетті тану, жеке тұлғаны көп ұлтты қоғамда өмір сүруге дайындау құралы ретінде шет тілін оқыту мазмұнының әлеуметтік-мәдени компонентінің, екінші жағынан, шет тілін үйрену және кәсіби сипаттарды меңгеру мотивациясын көтеру факторының маңыздылығына негізделді.

Шет тілін үйренушілердің шет тілін меңгеру барысындағы мотивациясын көтеру құралы ретіндегі шет тілін оқыту мазмұнының әлеуметтік-мәдени компонентінің мәнін ашу, лингвистикалық-елтанушылық материалдардың ерекшелігін, рөлін зерделеу және дәлелдеу.

Әлеуметтік-мәдени компонент, соның ішінде лингвистикалық-елтанушылық материалдар шет тілін үйрену мотивациясын көтеруде шын мәнінде үлкен рөл атқарады және шеттілдік мәдениетті оқыту құралы болып табылады.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру негізі болып табылатын оқыту мазмұнының әлеуметтік-мәдени компоненті осы компонентті қосу үлгісін оқыту процесіне енгізген кезде шет тілін үйрену мотивациясын көтеруге көмектеседі, онда:

әлеуметтік-мәдени компоненттің құрылымы көрсетілді;

оқу материалын таңдау принциптері мен белгілері ұсынылды;

тіл үйренушінің тіл меңгерудегі қажеттіліктері мен қызығушылықтары ескерілді;

оқуды ұйымдастырудың түрлі әдістемелік тәсілдері мен түрлері пайдаланылды;

әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің қалыптасуындағы психологиялық-педагогикалық жағдайлар есепке алынды.

Әлеуметтік-мәдени білім мен дағдыларды қалыптастыруға баса назар аудару арқылы шет тілі бойынша білім беру мазмұнының негізінде шет тілі бойынша сабақтар өткізу үшін лингвистикалық-елтанушылық сипаттағы материалдар таңдалды және мотивацияны көтерудің тиімді құралы ретінде лингвистикалық-елтанушылық материалдарды пайдалану жөнінде әдістемелік ұсыныстар әзірленді.

тіл үйренушінің шет тілін үйренуге ішкі мотивациясының ерекшеліктері, басты түрлері анықталып, әлеуметтік-мәдени ақпараттың оқу әрекетіндегі мотивтерді қалыптастырудағы рөлі айқындалды;

шет тілін оқыту мазмұны ұғымы нақтыланып, әлеуметтік-мәдени компонентінің құрамдас бөліктері жүйеленіп, толықтырылды.

Шет тілін оқытудың теориялық маңызы:

оқыту мазмұнына әлеуметтік-мәдени компонентті қосу арқылы тіл үйренушілердің шет тілін үйрену мотивациясын көтеру негізделді;

тіл үйренушілердің әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында әлеуметтік-мәдени білім беруге арналған әлеуметтік-мәдени материалдар таңдау және оқытуды ұйымдастыру принциптері көрсетілді;

мәдени, лингвистикалық, лингвистикалық-мәдениеттанушылық және әлеуметтік-коммуникативтік сияқты құрамдас бөліктерден тұратын шет тілін оқыту мазмұнының әлеуметтік-мәдени компонентінің құрылымы нақтыланды;

шет тілін оқыту барысында тіл үйренушілердің әлеуметтік-мәдени құзыреттілігінің қалыптасуының психологиялық-педагогикалық жағдайлары анықталды;

шет тілін оқыту барысында туындайтын және әлеуметтік-мәдени коммуникативтік жағдайлардағы қарым-қатынас мәселесі айқындалды;

оқу-әдістемелік кешендерде әлеуметтік-мәдени материалдарды таңдау және ұйымдастыру бойынша ұсыныстардың теориялық негіздемесі ұсынылды;

әлеуметтік-мәдени компоненттің ерекшелігін зерттеу жалғастырылды.

Шет тілін оқытудың практикалық маңызы: елтанушылық материалдарды пайдаланған кездегі мотивацияның ерекшеліктері айқындалып, шет тілін үйрену мотивациясын көтеру құралы ретінде әлеуметтік-мәдени білім берудің, елтанушылық материалдардың негізінде тіл үйренушілердің әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін, икем-дағдылары мен машықтарын қалыптастырудың, тіл үйренушілердің шет тілін үйренуге, тілін үйреніп жатқан елдің мәдениетімен және өмірімен танысуға, соларға байланысты тақырыптарға деген қызығушылығын арттырудың, тұлғаның психологиялық-педагогикалық тұрғыдан ішкі мотивациясын жетілдірудің тиімді әдістемелік тәсілдері көрсетілді. Жиналған материалды шет тілін оқыту барысында шет тілі бойынша практикалық сабақтарда қолдануға болады.

Жалпы дидактикалық принциптерді ескере отырып, әлеуметтік-мәдени сипаттағы нақты білімдер мен дағдылар анықталды.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің құрамына кіретін лингвистикалық, тілдік, елтанушылық, мәдениеттанушылық, әлеуметтік, мәдениетаралық және басқа да құзыреттіліктермен өзара байланысты болып, шеттілдік коммуникативтік құзыреттіліктің жүйе құраушы факторы болады;

әлеуметтік-мәдени оқу материалын таңдау мәселелері кешенді түрде шешілген кезде және тіл үйренушілердің әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық жағдайлар туындаған кезде әлеуметтік-мәдени компоненттің оқыту мазмұнына қосылуы шет тілін меңгеру мотивациясын көтерудің мақсаты, құралы және нәтижесі ретінде болады;

оқыту мазмұнының әлеуметтік-мәдени компонентінің үлгісіне мыналар кіруі тиіс: құрылымдық-мазмұндық бөлігі (мәдени, лингвистикалық, лингвистикалық-мәдениеттанушылық және әлеуметтік-коммуникативтік); оқыту принциптері мен технологиясын, оларды іске асырудың әдістемелік аппаратын көрсететін процестік бөлігі; тіл үйренушілердің мүдделерін ескергенде олардың жеке ерекшеліктерімен және шет тілін үйренген кезде қабілеттіліктерінің дамуымен, тіл үйренушілердің шығармашылық қызметін және өзін-өзі бақылауын ұйымдастырумен байланысты тұлғалық бөлігі;

шет тілін оқыту мазмұнына әлеуметтік-мәдени компонент қосылған кезде ішкі мотивацияның когнитивтік-елтанушылық, оқу-кәсіби түрлері, интеграциялану мотивациясы дамиды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Сауганбаева М.М. Шет тілін оқытудағы мәдениетаралық қарым-қатынасқа үйретудің теориялық негіздері // *Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы.* – 2013. – №1. – 280-282 бб.
2. Спиридовская Л.А. *Содержание и организация внеурочной учебной деятельности учащихся по иностранным языкам в школах полного дня: дис. канд. пед. наук.* – М., 1990.
3. Пассов Е.И. Кузовлев В.П. Коростелев В.С. *Цель обучения иностранному языку на современном этапе развития общества // ИЯШ.* – 1987. – №6.
4. [Пассов Е.И. *Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению.* – 2-е изд. – М.: Просвещение, 1991.
5. Бим И. Л. *Теория и практика обучения немецкому языку в средней школе. Проблемы и перспективы.* – М.: Просвещение, 1988.
6. Верещагин Е.М., Костомаров В. Г. *Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. Методическое руководство.* – 3-е издание переработанное и дополненное. – М.: Русский язык, 1983.
7. Қайырбаева А.Қ., Дуненқұлова Р.Ф. *Шетел тілдерін оқытудың әдістемесі: Оқу-әдістемелік құрал.* – «Кереку» баспасы, 2013 ж. 5.

шет тілін үйрену деңгейінің стандарты бойынша тіл үйренушінің коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуы әлеуметтік-мәдени және елтанушылық біліммен де тығыз байланысты. Әлеуметтік-мәдени білімсіз тіл үйренушінің коммуникативтік құзыреттілігі қалыптаспайды. Тек түрлі формадағы (соның ішінде тіл түріндегі) мәдениет қана адамның жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал етеді

МРНТИ 14.07.09

Н.Е. Мырзабекова¹

*¹ҚазМемҚПУ 1 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: фил.ғыл.канд., аға оқытушысы Р.К. Садықова*

Алматы, Қазақстан

ЖАҢА ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Аңдатпа

Мақалада сыни тұрғысынан ойлау жобасының әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулитыны, баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашатындығы туралы айтылған. Және де мақалада, сыни тұрғыдан ойлау әдісі оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге негізделгендігі айқын көрсетілген.

«Сыни тұрғыдан ойлау» ұғымына толықтай мәлімет беріліп, оның маңызы мен білім беру барысында ең алдымен білім алушылардың сын тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыруға көңіл бөлу керектігі айтылған. Сонымен қоса, сыни тұрғыдан ойлаудың арқасында дәстүрлі таным процесі жекелік сипат алып, саналы, үздіксіз, әрі өнімді бола бастағаны жайында сөз қозғалды.

Тірек сөздер: сын тұрғысынан ойлау, өзіндік жеке ойлау, логикалық ойлау, ынталандыру, үрдіс, әдіс-тәсілдер, бейімделу, бақылау, бағалау, талдау, тәжірибе

Аннотация

????

В статье описывается стиль критического мышления, где ученики постоянно изучают, и что подход этого метода позволяет ребенку мыслить свободно и непрерывно. Также говорится о том, что критическое мышление основано на способности свободного общения ученика с учителем, одноклассником, обсуждать и уважать идеи друг друга, и находить способы для решения проблем.

Ключевые слова: критическое мышление, индивидуальное мышление, логическое мышление, мотивация, процесс, методы, адаптация, контроль, оценка, анализ, практика

Abstract

????

The article describes the style of critical thinking, where students are constantly studying, and that the approach of this method allows the child to think freely and continuously. It is also said that critical thinking is based on the ability to communicate freely with a teacher, classmate, discuss and respect each other's ideas, and find ways to solve problems.

Key words: critical thinking, individual thinking, logical thinking, motivation, process, methods, adaptation, monitoring, evaluation, analysis, practice

Еліміздің әлемдік білім беру кеңістігіне ену отандық білім дамуының стратегиялық жоспарын әзірлеуді және соған орай ұлттық білім жүйесінің жетістіктері мен білім дамуындағы жалпы әлемдік үрдістерді ескеретін жаңа үлгісіне көшуді талап етуде. Білім бере отырып, тиімді жолмен жаңа заман тұлғасын қалыптастыру әр оқытушының мақсаты екені анық. Білім беру жүйесі алдындағы міндет технология өзгерістеріне бейімделе алатын атқарушы тұлғаны қалыптастыру. Білім берудің болашақ мұраты ойлауға үйретуге негізделуі тиіс. Ойлау әдістері мен амалдарын сапалы түрде игеруге көшу – оқу үрдісіндегі өте маңызды кезең болып табылады.

Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі болуына байланысты, сабақ өткізу әдіс-тәсілдеріне де жаңа технологиялар енгізіліп жатыр. Сол технологиялардың арасында оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамытуда үлкен орын алатыны – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы.

«Сын тұрғысынан ойлау» дегеніміз не және ол не үшін керек деген сұрақтарға жауап беретін болсам, ол бақылау, тәжірибе, толғану және ой жүгірту нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысына ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейімділік пен басқаларды сын

тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді. Сын тұрғысынан ойлау дағдыларының негізгі тізбесіне қадағалау, интерпретация, талдау, қорытынды жасау, бағалау, түсіндіру, метатану кіреді.

Сыни тұрғыдан ойлауды үш пункттен тұратын анықтама арқылы анықтауға болады:

Біріншіден, сыни тұрғыдан ойлау *өзіндік жеке ойлау* болып табылады. Ал, сабақ сыни тұрғыдан ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және жеке бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады. Сонымен қатар ойлау *өзіндік* сипатқа ие болғанда ғана сыни тұрғыдан ойлағандық болып есептелінеді. Өз бастарымен жұмыс істеп, ең қиын деген мәселені өзі шеше алулары үшін оқушыларға жеткілікті түрде бостандық берілуі тиіс. Осы жағдайды мысалмен көрсететін болсам, мысалы оқушылар белгілі-бір ағылшын жазушысы жайында, оның қай жылы дүниеге келіп, қай жылы дүниеден өткендігін білетін болсын делік. Олар жазушының маңызды шығармаларының атауларын, сонымен қоса, оның әдебиет тарихында алатын орнын, оның кімнен өнеге алғандығын және өз кезеңінде кімге үлгі болғандығын анықтап бере алады. Бір өкініштісі – оқушылар жазушының шығармаларының бірін де оқып көрмеген делік, яғни оқушылардың барлық білімі дәріс оқитын оқытушының білімімен шектеліп отырған. Егер, біз оқытушы ретінде оқушыларға сол жазушының шығармасын оқып берсек, онда оқушылардың ол жазушы жайында жеке пікірлерінің қалыптасуына жол ашамыз. Сыни тұрғыдан ойлауда идеяның ерекше болуы міндетті емес. Сыни тұрғыдан ойлайтын адам көбінесе басқаның көзқарасымен келісе бермейді. Мысалы, оқушыларға белгілі-бір мәлімет оқып берсең, олар оны ой елегінен өткізеді де, тек содан кейін барып талқылауға кіріседі, кей жағдайдың олардың пікірлері бір-бірімен сәйкес келіп жатады. Ал ең негізгісі – олар не ойлау керектігін өздері шешетін болады. Сонымен, өзіндік сыни тұрғыдан ойлаудың алғашқы, әрі маңызды сипаты осы болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлау – бұл біздің ұлы істерге жетуімізге мүмкіндік беретін ерекше қабілет.

Екіншіден, ақпарат сыни тұрғыдан ойлаудың соңғы жіберілетін пункті емес. Білім адамның сыни ойлауы онсыз мүмкін болмайтын дәлелдемелерді тудырады. Кейде «басында түк жоқ болса, ойлау қиын болады» деп айтып жатамыз. Терең ойлау үшін фактілер мен идеялар, мәтіндер мен теориялар, мәліметтер мен концепциялар секілді көптеген «шикізаттарды» өңдеу керек болады. Мысалы, оқушылар өздерінің үйренгендерін ұзақ мерзімге есте сақтай алмайды, сондықтан да оларды әрбір автор мен әрбір өлең өзінің жаңалығымен тандандырады. Бұл ретте, оқытушылар білім іргетасын қалап, нақты мәлеметтерге қайта-қайта талдау жасатады. Оқытушының жұмысы тек сыни тұрғыдан ойлауға үйретумен шектелініп қалмай, оқушыларымызға ең қиын деген түсінікті есте сақтатып, әртүрлі мәліметтерді есте сақтауға дағдыландырамыз. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету – бұл оқытушының көпжақты жұмысының бір бөлігі ғана. Әрине, оқу барысында балалардың ойлау қабілеттері жетіле түседі, бірақ бөбектер де өз бетімен сыни ойлай алады. Білім алушылар мен оқытушылардың, жазушылар мен ғалымдардың әрқайсысы өздерінің танымдық қызметтерінде сыни ойлауға жаңалық алып келеді. Тек сыни тұрғыдан ойлаудың арқасында дәстүрлі таным процесі жекелік сипат алып, саналы, үздіксіз, әрі өнімді бола бастайды.

Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тумасынан білімге құмар болып келеді. Егер біз бір нәрсені байқай қалсақ, оның не екендігін білуге тырысамыз. Ал, егер бір қызық орынды көрсек оның ішіне кіргіміз келеді. «Тірі жандар әлемінде, - дейді химик, әрі философ Микаел Поланый, - құрт-құмырсқадан, тіпті амеба секілді қарапайым формаларынан бастап барлық тірі жандардың өзі қоршаған орталарына интеллектуалды бақылау жасауға тырысатындықтарын байқаймыз». Әуестік барлық жәндіктерге тән қасиет болып табылады. Біз осындай қасиеттердің жоғары сынып оқушылары мен студенттерге қарағанда кішкентайлардан байқауды әдетке айналғандырғанбыз. Дегенмен, нағыз таным процесі өзінің кез келген кезеңінде мәселелерді шешу мен өзінің жеке қызығушылығы мен қажеттіліктерінен пайда болатын сұрақтарға жауап беруге деген талпыныстарымен сипатталады. «Демек, сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің қиындығы оқушыларды айналамыздағы мәселелердің сан алуандығын түсінулеріне көмектесуден тұрады» - деп жазған Джон Бин өзінің еңбегінде [1].

Сонымен, сын тұрғысынан ойлаудың әдістемелік тәсілдерін оқу үрдісінде қолданғандағы маңыздылығы келесідей:

- мотивацияның артуы;
- дербес іс-әрекеттің артуы;

- ойлаудың белсенді болуы;
- оқушылардың білігі мен біліктілігінің жан-жақты дамуы;
- логикалық ойлаудың жүйелілігін меңгеру.

Оқытудың осындай жаңа педагогикалық технологияларын ендіру бүгінгі таңда әрбір оқытушының басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет деп білемін.

Сыни ойлау күрделі үдеріс болғандықтан, оқушыға сыни ойлау ортасын жасау қажет. Ол ортада сыни тұрғысынан ойлау дағдылары қалыптасқан оқушы:

- нақты мақсат қоюға дағдыланады;
- өзіне деген сенімділік артады;
- оқу үдерісіне белсенді қатысады;
- жолдастарының пікірін сыйлайды;
- өзін толғандыратын проблемалық сұрақтар қоя біледі;
- айтылған жауаптарының құндылығы жоғары болады және алуан түрлі жауап бере алады;
- сараптауға, бағалауға дағдыланады;
- пәнге деген қызығушылығы артады;
- ой операцияларын меңгеруге;
- өзара пікірлерін алмаса білуге үйренеді;
- әр оқушы сыни тұрғыдан ойлауға қабілетті екендігіне сенеді және еркін жұмыс істеуге бейімделеді.

Кез келген пікір басқалармен бөліскенде ғана нақтылана түсетіні мәлім. Сондықтан да біз сыни тұрғыдан ойлауды әлеуметтік деп айта аламыз. Біз оқыған, сөз таластырған, талдаған кезде басқа адамдардың ойларымен бөлісеміз және қарсы ойымызды білдіреміз, сондай-ақ өзіміздің ұстанымдарымызға үңіліп, оны нақтылай түсеміз. Сондықтан да «сыни тұрғыдан ойлау шеңберінде жұмыс жасайтын оқытушылар үнемі дебат пен пікірталастарды кіріктіре отырып жұптық және топтық жұмыс түрлерін барлық мүмкіндіктерін пайдалануға тырысады, сондай-ақ оқушыларға арналған жазба жұмыстарының түрлерін жариялаудың әр түрлі түрлерін қолданады» [2].

Қорытынды жасай келе, «кез келген сыни тұрғыдан ойлайтын адам кез келген ортада жұмыс жасау барысында өзінің жеке пікірлерінің көмегімен анағұрлым үлкен мәселелерді шеше алатыны белгілі.

Осылайша, сыни тұрғыдан ойлау – бұл адамның тек өзінің ғана емес басқаның ойын құрметтеу, барлық мүмкін деген жағдайлар мен оның шешімін мұқият тексеру, сондай-ақ оларға жан-жақты зерттеу жүргізу қабілеті. Сыни тұрғыдан ойлайтын адам ешқашан өзінің ойын толығымен дұрыс деп айтпайды. Сыни тұрғыдан ойлай алу қабілеті – бұл артықшылықтар мен кемшіліктерді іздеп, оны сынға алу емес, зерттелініп отырған объектінің жағымды жақтарын бағалап, ал жағымсыз жақтарын жариялау. Сыни тұрғыдан ойлай алатын адам кез келген жағдайды жан-жақты үтір-нүктесіне дейін қарастырады, кез келген сұраққа жауап бере алу үшін қолындағы бар барлық мәліметтерді мұқият талдаудан өткізеді.

XXI ғасыр - қарыштап дамыған білім ғасыры. Бүгінгі жастардың өмірден үйренері көп. Сондықтан олар оқытушыға, оның өткізген әрбір сабағына сын көзбен қарайды. Оларды таңдандыру, қызықтыру үшін әрбір сабақ жаңалықтарға толы болуы тиіс. Сабақтарды сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану оқушылардың білім алуға қызығушылығын оятып, танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытып, белсенділігін арттыратын, жан-жақты тұлға етіп тәрбиелеуге бағытталған әдіс деп қарастырылады.

«Күштеп білім беруден гөрі білім алушының білімге деген құштарлығын ояту – ең маңызды мақсат», – деп, К.Д. Ушинский айтқандай, білім алуға деген құштарлығын ояту үшін оқытушы көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс жасап, сабақ барысында оқудың белсенді әдістерін қолдана білуі қажет [3].

Ұлы ойшыл психологтардыңпайымдауынша, «Оқытушы - бала жанының инженері» деген. Алдына мақсат қойып, соған қарай ұмтылған ұстаз әрқашанда өз биігінен көрініп, ел аузынан түспей кейінгі ұрпақтың өнегесі мен мақтанышы болып қалатыны хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Beon J. *Engaging ideas: the professors guide of integrating writing, critical thinking, and active learning in the classroom.* San Francisco: José-Bass.
2. Пассов Е.И., Кузовлёв В.П., Коростелёв В.С. *Цель обучения иностранному языку на современном этапе развития общества. Иностранные языки в школе. 1990 г. №6.*
3. Мирсеитова С. «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде: оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері». – Қарағанды, 2011 ж.

ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІҢ РӨЛІ РОЛЬ КОМПЕТЕНЦИЙ В ОБУЧЕНИИ К ЯЗЫКАМ THE ROLE OF COMPETENCY IN LEARNING LANGUAGES

МРНТИ 16.01.45

Ж.Е. Алтысова,¹ А.Т. Байтурбаева,² Г.Мырзаханова³

*ҚазҰПУАбай атындағы халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы,
филология және кәсіптік бағдар беру кафедрасы*

87770182668

alpysova70@mail.ru

ҚазҰПУАбай атындағы халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы, с.ғ.к

87075558237

asel_5.2@inbox.ru

*ҚазҰПУАбай атындағы халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы,
филология және кәсіптік бағдар беру кафедрасы*

87077583581

gulzhan.myrzahanova@mail.ru

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА СТРАТЕГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Көптілділік – біздің уақытымызда үш түрлі . Біз заманауи жағдайларда бейімделуіміз керек, өйткені өркениет процесі кәсіби мамандарды даярлаудың қажетті шарты болып табылады. Негізгі мақсат – ғылым саласындағы білім мен дағдыларды көрсете алатын көп мәдениетті тұлғаны құру. Мұндай тұлғаның дизайнында маңызды рөл ақпараттық информациялық технологияларға ие. Жаңа заманауи технологиялар оқушыларға мінсіз білім алуға, бағдарламаға ие болуға, болашақ жұмысын жоспарлауға және бір немесе басқа салада өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұл үшін ағылшын тілін үйрену мен меңгеру маңызды.

Шетел тілдерін білу басқа елдің мәдениеті мен тарихын, басқа ұлтты білу арқылы түсінікті болуы мүмкін, сондықтан біз шет тілдерін оқытудың тиімділігін қарастырамыз. Оқу стратегиясына көп көңіл бөлінеді. Студенттердің пікірлерін кеңейту, олардың танымдық белсенділігін арттыру және олардың білімдері мен дағдыларын дамыту үлкен әлеуметтік маңызы бар, себебі тіл – модельдің ең маңызды активі.

Көптілді тұлғаны қалыптастыру бәсекеге қабілетті қоғамның негізі және шет тілі қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени дамуының көзі болып табылады, шет тіл сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың негізгі мақсаттарына сәйкес қазіргі заман талабына сай тіл үйренуге деген ынталарын арттыруға, тіл біліктілігін дамытуға мүмкіндік береді, тілдің басқа мәтіндерін түсіну қабілеті, сондай-ақ білімді жоғарылату және ақылды болып қалу қабілеті туралы ақпарат және заманауи ұрпаққа сапалы білім беру және ұлттық рухани қазыналарды тәрбиелеу қажет.

Түйінді сөздер: ағылшын, шет тілдері, ғаламтор, технологиялар, тиімді әдістер, стратегиялар, көптілділік, әдебиет, саясат, студенттер, тіл білімі.

Аннотация

Алпысова Ж.Е.,¹ Байтурбаева А.Т.,² Мырзаханова Г.³

*¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая
старший преподаватель кафедры филологии и профессионально – ориентированных языков
87770182668 alpysova70@mail.ru*

Алматы, Казахстан

*²Казахский Национальный педагогический университет имени Абая
к.полит.н., ст.преподаватель, кафедра международных отношений
87075558237 asel_5.2@inbox.ru*

Алматы, Казахстан

*³Казахский Национальный педагогический университет имени Абая
старший преподаватель кафедры филологии и профессионально – ориентированных языков
87077583581*

gulzhan.myrzahanova@mail.ru

Алматы, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ ЭФФЕКТИВНЫХ СТРАТЕГИЙ ОБЧЕНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ЯЗЫКЕ

Многоязычие – называют в наше время три. Мы должны адаптироваться в современных условиях, так как сам процесс цивилизации является необходимым условием для подготовки профессионалов. Основная цель – создать мультикультурную личность, которая может продемонстрировать знания и навыки области науки. И большую роль в оформлении такой личности имеет информационно коммуникативные технологии. Новые современные технологии дают возможность студентам безупречные знания, обладание программой, планировать свою будущую работу и работать самостоятельно в той или иной области. И больше значение для этого имеет изучение и овладение английским языком.

Знание иностранных языков подразумевают знание культуры и истории другой страны, другой нации и в этом большую роль мы относим и эффективность преподавания иностранных языков. Здесь большое внимание уделяется стратегии обучения. Расширение взглядов студентов, повышение их познавательной активности и развитие их знаний и навыков имеют большое социальное значение, так как язык является самым важным достоянием модели.

Формирование многоязычной личности является основой конкурентного общества и иностранный язык является источником социально – экономического, научно – технического и культурного развития общества, общества в соответствии с современным требованием основные цели использования информационных и коммуникационных технологии на уроках иностранного языка повысить их мотивацию к изучению языка, развитию языковой компетенции, способность понимать другие тексты языка, а также информация, связанные с увеличением знаний и способностью оставаться разумными и необходимо дать современному поколению качественное образование и воспитание национальных духовных сокровищ.

Ключевые слова: английский, иностранные языки, интернет, технологии, эффективные способы и методы, стратегии, многоязычие, литература, политика, студенты, владение языками.

Abstract

Alpysova Zh.E.,¹ Baiturbayeva A.T.,² Murzhanova G.³

*¹Senior teacher of chair of Philology and professionally – oriented, Abai KazNPU
87770182668*

alpysova70@mail.ru

*²c.p.s., senior teacher of chair International relations, Abai KazNPU
87075558237*

asel_5.2@inbox.ru

*³Senior teacher of chair of Philology and professionally – oriented, Abai KazNPU
87077583581*

gulzhan.myrzahanova@mail.ru

PRIMENSE EFFECTIVENESS STRATEGIC OBJECTIVE WORKAROUND

Multilingualism is called in our time three. We must adapt in modern conditions, since the very process of civilization is a necessary condition for the training of professionals. The main goal is to create a multicultural personality that can demonstrate the knowledge and skills of the field of science. And an important role in the design of such a person has informational communication technologies. New modern technologies enable students to have impeccable knowledge, own a program, plan their future work and work independently in one or another field. And more important for this is the study and mastery of the English language.

The knowledge of foreign languages can be understood by the knowledge of the culture and history of another country, another nation, and in this we also consider the effectiveness of the teaching of foreign languages. A great deal of attention is paid to the training strategy. Expanding the views of students, increasing their cognitive activity and developing their knowledge and skills are of great social importance, since language is the most important property of the model.

The formation of a multilingual personality is the basis of a competitive society and a foreign language is the source of socio-economic, scientific, technical and cultural development of society and society in accordance with the modern requirement. The main goals of using information and communication technologies in foreign language lessons are to increase their motivation to learn the language, the development of language competence, the ability to understand other texts of the language, as well as information related to the increase of knowledge and the ability to remain reasonable and it is necessary to give the modern generation a quality education and the education of national spiritual treasures.

Key words: English, foreign languages, Internet, technology, effective methods and methods, strategies, multilingualism, literature, politics, students, language proficiency.

Шет тілін оқытудың тиімділігі тек қана білім алушыларға байланысты емес, оқыту стратегиясына байланысты. Осы стратегиялардың үйлесімімен ең жоғарғы тиімділікке қол жеткізуге болады. Бұл мақсатқа жету үшін ең басты фактор мыналар: оқытушының білім алушыға деген педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігін жетілдіру және сабақтағы әлеуметтік – психологиялық бірлестік жағдайындағы қарым-қатынасы. Студенттердің танымдық қызығушылықтарын және шығармашылық ойлау белсенділіктерін дамыту үшін әрбір ұстаз өз сабағын қызықты, тартымды өткізуі тиіс.[1,2] Сол себепті, шет тілін үйренуде түрлі стратегияларды қолдана отырып жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады. Бұндай стратегиялар оқудың тамаша құралы болып табылады.

Шетел зерттеушілері: Рубин, 1975; О'Малли және Чамот, 1985; Макаро, 2006; Оксфорд, 2011.

Жалпы стратегиялар – тіл үйретудегі тиімділікті қамтамасыз ететін әрекеттер жиынтығы, яғни ақпаратты оқуға, табуға, сақтауға және пайдалануға көмектеседі. Стратегияны осы тұрғыдан қарастыру оны стратегиялардың басқа түрлерінен, атап айтқанда, қарым-қатынас стратегиясынан айыруға мүмкіндік береді

О'Малли 1985 жылы оқудың үш стратегиясын атап көрсетеді:

метакогнитивтік, когнитивтік, әлеуметтік.

Метакогнитивтік стратегиялар жоспарлау, мониторинг және оқу жетістіктерін бағалауға байланысты.

Когнитивтік стратегиялар тікелей алатын ақпаратпен байланысты, ал әлеуметтік стратегиялар қоршаған адамдармен жұмыс жүргізуді және өзін-өзі бақылауды көздейді.

Кейбір ғалымдар (Гриффис, 1985) стратегияның өзіндік 6 ерекшеліктерін бөліп көрсетеді:

- белсенділік – студенттің жасайтын әрекеті, оның ақыл-ой қабілеттілігі және физикалық мінез-құлқы.

- саналылық;

- таңдаушылық – зерделеу стратегиясын ақылмен таңдау жасау білу;

- мақсатқа бағытталғандық;

- бақылау – студент оқу үдерісін бақылайды және реттейді;

- тілді оқу – алған білімдерін іс жүзінде қолдануға балама ретінде.

Стратегиялармен жұмыс сонымен қатар оқуда көмектесетін түсінікті, таныс жұмыстарды қамтиды, оқу тиімділігін арттыруға бағытталған стратегия туралы студенттердің білімдерін кеңейтеді. [3,4]

Алайда, студенттерге тіл үйрену стратегияларын қолдану туралы еске салып отыру керек. Егер сіз бұны тек қана бір сабақта істесеңіз, онда оқушылардың көпшілігі бұл туралы ұмытып кетеді, тек біреуі ғана есте сақтап, сабақта қолданады.

Бұдан әрі тыңдау, оқу, жазу, айту және жаңа лексикалық бірліктерді зерделеу дағдыларын кезек-кезек қаралатын болады. Бірақ стратегиялар қатары аталғандармен шектелмейді.

Оқуға байланысты стратегиялар

Оқудың алдында мен...

- орындайтын тапсырмаларды түсінетіндігімді тексере аламын;
- мәтіннің /суреттердің/ кестелердің/ сызбалардың аттарымен және тағы басқа сілтемелермен таныса аламын;
- осы мәтінде пайдаланылуы мүмкін сөздерді ойластыра аламын;
- өзім игерген энциклопедиялық білімдерді қолдана аламын (мәтіннің мазмұнын алдын ала болжау, т.б.).

Оқып отырғанда мен ...

- мәтіннің түрін анықтай аламын (тарих, жаңалық және т.б.);
- мәтінді жылдам оқып, негізгі идеясын түсіне аламын;
- мәтін кім үшін жазылғанын түсіне аламын (нысаналы аудитория);
- автордың мақсатын анықтай аламын (сендіру, хабардар ету, суреттеу);
- егер мәтіннің жеке бір бөліктерін түсінбесем, үрейленбеймін, бұл қалыпты жағдай;
- таныс сөз бен сөз тіркестерін таба аламын;
- атаулар мен аттарға, тыныс белгілерінің қолданылуына көңіл бөлемін;
- таныс емес сөздерді елемей қалдыра аламын;
- грамматикалық құрылымдарда (шақ, сөздердің орны) сілтеме орната аламын;
- логиканы пайдалана аламын. [5]

Оқығаннан кейін мен...

- нәтижені талдап, ненің сәтті шыққанын анықтай аламын;
- оларды сөйлегенде, жазуда пайдалану үшін қажетті сөздер мен сөз тіркестерін теріп жаза аламын;
- пайдаланылған стратегияларды талдай аламын;
- анағұрлым тиімді стратегияларды сыныппен талдай аламын.

Мәтінді оқу кезіндегі тапсырмалар:

1. Біз қандай стратегияларды пайдаланамыз?

Мұғалім тапсырма береді. Орындап болғаннан кейін, студент барлық пайдаланған стратегияларды айтып шығады. Стратегияның қайсысы ең тиімді болғанын анықтау мақсатында оларды жоғарыда айтылған стратегиялармен салыстырады. Мәтінді оқу кезінде бірнеше жаңа стратегияларды сынайды.

2. Топта оқу

Сабакқа дайындалудың алдында мұғалім көлемі үлкен мәтінді алып, оны параграфтарға бөледі. Сыныпты топтарға бөліп, әр топқа бір-бір параграфтан береді. Студенттер мәтінмен жұмыс жасау стратегияларын пайдалана отырып, өз мәтіндерін өңдеулері керек, сондай-ақ мәтінді аудармай, оның негізгі мағынасын беру керек.

Пайдаланған стратегиялар туралы талқылаған кезде студенттер мейлінше тиімді стратегиялар бойынша қорытынды шығарады. Әр топ өз тізімін құрайды.

3. Мұғалімнің үлгісі

«Дауыстап айтылатын ой» стратегиясы

Аталған стратегияны пайдалана отырып, мұғалім оның мәтінмен қалай жұмыс істейтінін (өзінің ойлау логикасын) көрсетеді.

Мәтінді проектор арқылы шығарған кезде студент мәтінмен жұмыс істеу стратегиясын түсіндіру қажет. Өзіңіздің болжамды іс-әрекеттеріңізге түсініктеме бере отырып, дауыстап сұрақ қойыңыз:

«Мен ең алдымен не істер едім? Мәтіннің не туралы екенін түсіну үшін мен суреттерге қарар едім. Мен қаланың орталығын, көп кісілердікөріп тұрмын. Мәтінде сандар, статистикалық мағлұматтар көп екен. Маған бұл мақала қаладағы өмір туралы жаңалықтардан алынған сияқты және т.б.» Маңызды ақпаратты белгілеп көрсету үшін, маркер пайдаланыңыз. [6]

Тыңдаумен байланысты стратегиялар.

Тыңдардың алдында, мен ...

- орындайтын тапсырмаларды түсінетіндігімді тексере аламын;
- мәтіннің /суреттердің/ кестелердің/ сызбалардың аттарымен және тағы басқа сілтемелермен таныса аламын;
- осы мәтін бойынша тапсырмада пайдаланылуы мүмкін сөздерді ойластыра аламын;

- өзім игерген энциклопедиялық білімдерді қолдана аламын (мәтіннің мазмұнын алдын ала болжау, т.б.).

Тыңдап тұрғанда мен ...

- мәтіннің түрін анықтай аламын (әңгіме, жаналық және т.б.);
- артында шығатын дыбыстарға (шу және т.б.) көңіл бөле аламын;
- үзіндіде не туралы талқыланатынын түсінуге тырысамын;
- әңгімеге қатысушылардың даусы, үні, интонациясы туралы ойлай аламын;
- егер мәтіннің жеке бір бөліктерін түсінбесем, үрейленбеймін, бұл қалыпты жағдай;
- таныс сөз бен сөз тіркестерін таба аламын;
- атаулар мен аттарға көңіл бөлемін;
- оларды ішімнен бірнеше рет қайталап, таныс емес сөздерді жаттай аламын;
- сөйлеу ағынын мәнді бірліктерге бөлуге тырысамын;
- түсініксіз үзінділерді жазып аламын, логикалық жүйелі дұрыс сөйлем құра аламын;
- грамматикалық құрылымдардағы (шақ, сөздердің орны) сілтемелерге көңіл аудара аламын.

Тыңдағаннан кейін...

- ненің сәтті шыққанын анықтай аламын;
- пайдаланылған стратегияларды талдай аламын.

Тыңдауға арналған тапсырмалар:

«Оқу» бөлімінде жазылған кейбір тапсырмаларды тыңдау кезінде де қолдануға болады.

1. Біз қандай стратегияларды пайдаланамыз?

Мұғалім тапсырма береді. Орындап болғаннан кейін, оқушылар барлық пайдаланған стратегияларды айтып шығады. Стратегияның қайсысы ең тиімді болғанын анықтау мақсатында оларды жоғарыда айтылған стратегиялармен салыстырады. Мәтінді оқу кезінде бірнеше жаңа стратегияларды сынайды.

2. Мұғалімнің үлгісі

«Дауыстап айтылатын ой» стратегиясы

Аталған стратегияны пайдалана отырып, мұғалім оның мәтінді тыңдаған кезде қалай жұмыс істейтінін (өзінің ойлау логикасын) көрсетеді. Өзіңіздің болжамды іс-әрекеттеріңізге түсініктеме бере отырып, дауыстап сұрақ қойыңыз:

«Мен ең алдымен не істер едім? Мен аттарға, атауларға, тірек сөздерге көңіл бөле отырып, мәтіннің негізгі идеясын ұғуға тырысар едім. Ал енді мен...»

Енді қиын жағдайларды талқылау үшін оқушыларға тейпскрипт таратуға болады.

Тыңдау алдында оқушыларға ылғи стратегияларды пайдалануды ескертіп отыру керек.

Жазуға арналған стратегиялар

Тыңдар алдында мен ...

- менің орындайтын тапсырмаларды түсінетінімді тексере аламын;
- жазуда пайдалануға болатын идеяларды жазып ала аламын;
- өз идеям мен ойларымды білдіру үшін қажетті жоспар әзірлей аламын;
- жазу кезінде қолдануға болатын грамматикалық құрылымдарды (шақ, шылаулар, үстеулер, сын есімдер) ойластыра аламын.

Жазып отырғанда мен...

- сөздікті пайдалана аламын;
- синонимдерді келтіре аламын;
- жазылып қойылған сөйлемдерге қайта оралып, оларды тексере аламын;
- жұмыстың шимай нұсқасын жазып, оны түзете аламын.

Жазып болғаннан кейін мен...

- жазған шығармаларды дауыстап оқып шыға аламын (оның қалай естілетінін талдай аламын);
- грамматикалық құрылымдардың дұрыс қолданылуын (шақ, бастауыш пен баяндауыштың үйлесімі, сауаттылығы және т.б.) тексере аламын;
- шығармаға тағы қандай әдемі сөздер мен сөз тіркесін қосқым келетінін ойластыра аламын;
- қажет болса, жұмысқа өзгерістер енгізе аламын;
- жоғарыда айтылған кезеңдерді бірнеше күннен кейін іске асыра аламын.

Жазуға арналған тапсырмалар:

1. Бірлесіп жоспарлау

Мұғалім оқушыларға ұсынылған тақырып бойынша идеяларды, ойларды, тірек сөздерді және құрылымдарды жазу туралы немесе оны кейіннен талқылап, бағалау үшін шығарма жазу туралы алдын ала тапсырма береді.

2. Мұғалім тапсырмаларды құрастырады және оларды бүкіл сыныппен бірлесіп орындайды.

Мұғалім алдын ала әзірлеген тапсырма бойынша оқушылар шығарма тақырыбын барынша толық пысықтауға бағытталған бірқатар іс-шараларды орындауға тиіс болады:

- ұсынылған тақырып бойынша эскиз жасау;
- шығарманың тақырыбына байланысты тірек сөздерді теріп жазу;
- негізгі грамматикалық құрылымдарды (шылаулар және т.б.) және жақсы жазба жұмысында болуға тиісті басқа элементтерді талдау.

Талқылау барысында ұсынылған барлық идеялар тақтаға жазылады, мұғалім жоғарыда айтылған идеяларды ескере отырып, сыныппен бірлесіп шығарманы тақтаға жаза бастайды. Мұғалім мезгіл-мезгіл стратегияларға қайта орала отырып, шығарма жазуға оқушыларды да қатыстыра алады.

Айту алдында мен...

- аудио /видеоны тыңдап/ қарап, дикторлардың сөйлеу мәнеріне еліктей отыра, сөйлеу жұмыстарын жүргізіп, дауыс ырғағын тексере аламын;

- мен сөйлесетін адам туралы ойлай аламын. Ол сөйлеудің қандай стилін пайдаланады (ресми, ауызекі сөйлеу); әңгіме барысында біз қандай тақырыптарды талқылаймыз, ол үшін маған қандай сөздер мен сөз тіркестері қажет болады;

- барлығы жақсы болатынына өз-өзімді сендіре аламын.

Сөйлеу барысында мен...

- қарапайым сөз тіркестерін қолдана аламын;

- сөйлеушінің айтқан сөзін басқаша жеткізе аламын;

- дұрыс екендігіне сенімім жоқ пікірлерден аулақ бола аламын;

- синонимдерін қолдана аламын («свитер» - «пуловер», т.б.);

- көп мағыналы сөздерді қолдана аламын («зат», «нәрсе», т.б.);

- антонимдерді пайдалана аламын («жақын» - «алыс», т.б.);

- жанымдағы адамнан көмек сұрай аламын («Бұл ағылшынша қалай айтылады?», «Бұны қалай атар едіңіз?», т.б.)

- «mmm», «мен не айтайын деп едім?», «білесіз бе» сияқты одағайлар, сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана аламын;

- мүмкіндік болса, дайындық жасап, өз сөзімді жазамын және/немесе қайтадан жаза аламын;

- толқуымды басу үшін мәтінді дауыстап (өзіммен өзім) айта аламын. «Бәрі өте жақсы болады», «Менің акцентім өте жақсы», «Сөйлеуіме көңіл бөлу керек», «Күлімде, әрі асықпа» деген сияқтыларды айтып, өз-өзімді тыныштандыра аламын.

«Барлығы жақсы дыбысталып тұр ма?» деп өз-өзімнен сұрай аламын.

Сөйлегеннен кейін мен...

- сөйлескен адамның пікірін сұрай аламын;

- жаңа сөздер мен ұғымдарды теріп жазып, іштей айтып, қайталай аламын.

Сөйлеуге арналған тапсырмалар:

Студенттерге сыныпта орындауға тиісті сөйлеуге қатысты тапсырмалар беріледі:

1) жұмыс жоспарын құру;

2) өздерінің сөйлейтін сөздерін (тр3) жазу;

3) жұмыс барысында қолданылған стратегияларды атап өтіп, қорытынды жасау;

4) орындалған жұмысты басқа оқушылармен талқылау.

5) оқушылар қолданған стратегияларды белгілейтін сызба құрастырыңыз (жоғарыға қараңыз).

Талдау аяқталған соң келесі жолы қолданылатын стратегияларды таңдап алу қажет.

6) өздері сөйлеген сөздерін тыңдау, жақсартуға болатын жерлерін бөліп алыңыз.

7) Сөйлеуге тағы бір тапсырма орындаңыз.

8) Стратегияларды пайдалану туралы шағын талдау жазу.

Жаңа лексикалық бірліктерді оқуға бағытталған стратегиялар

- жаңа сөздерді бұрын үйренген сөздермен байланыстырып, оларды жүйелеп жазып отырыңыз;
- сөздерді жақсы есте сақтау үшін суреттер пайдаланыңыз;
- сөздердің қолданылуы мүмкін жағдайларға байланысты есте сақтауға тырысыңыз;
- сөздерді санат бойынша топтаңыз;
- «қара-жап-айт-жаз-тексер» техникасын қолданыңыз;

1. Сөзге қараңыз
2. Оны жауып тастаңыз
3. Оны ауызша айтып шығыңыз
4. Оны есте сақтауыңыз бойынша жазыңыз
5. Жазғаныңызды тексеріңіз
6. Егер қате жіберсеңіз, жоғарыда жазылған тізім бойынша қайталаңыз;

- сөздерді есте жақсы сақтау үшін, үнемі қайталап отырыңыз;
- сөздерді mp3 жазып, оларды бос уақытыңызда тыңдап отырыңыз;

- жаңа сөздердің тізімін жасап, оларды ығи өзіңізбен алып жүріңіз, бос уақытыңызда қайталап отырыңыз;

- сізді біреу жүйелі тексеріп тұруын өтініңіз;
- мнемотехника мен ұйқасты ойластырыңыз;
- жаңа сөздермен ойын ойлап табыңыз;
- жаңа сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

Жаңа сөздерді есте сақтау үшін пайдаланатын тапсырмалар:

- 1) жаңа сөздерді үйде оқып келуге тапсырма беріңіз;
- 2) келесі сабақта оқушылардан осы тапсырманы қалай орындағандарын сұраңыз;
- 3) пайдаланған стратегиялардың тізімін жасау;
- 4) Оқушылар жаңа сөздермен жұмыс жасауда пайдаланғысы келетін стратегияларды таңдау, оларды қолдану және тиімділігін талдау;
- 5) Басқа стратегияларды іздестіріп, жоғарыда көрсетілген кестеге қосу.
 - тіл үйренушілердің барлығы жұмыс жасайды;
 - бос отырған үйренуші болмайды;
 - өздігінше жұмыс жасау дағдысы қалыптасады;
 - тілді үйренуге деген қызығушылығы арта түседі;
 - сабақ барысында тілді үйренуге деген белсенділігі арта түседі.

Қазіргі ағылшын тілді елдердің экономикасының дүниежүзіне ықпалы артуда. Екіншіден, ағылшын тілі- әдебиет пен саясаттың, өнердің, сауда-саттық пен әр түрлі ресми қарым-қатынас тілі. Сондықтан ағылшын тілін оқыту әдістемесі әрдайым толықтыруды, дамытылуы тиіс. Ендеше студенттердің дүниетанымын кеңейтуде танымдық белсенділігін арттырып, білім, біліктерін жетілдірудің қоғамдық мәні зор болып келеді. Осы әдістер мен стратегияларды қолдануда отырып студенттердің ағылшын тілін білудің тиімділігін артқанын көреміз.

References

1. Griffiths, C. (2008). *Lessons from Good Language Learners*. Cambridge: CUP.
2. Macaro, E. (2006). *Strategies for language learning and for language use: Revising the theoretical framework*. *The Modern Language Journal*, 90/3, 320-337.
3. O'Malley, J. M., Chamot, A., Stewner-Manzanares, G., Kupper, L. & Russo, R. (1985). *Learning strategies used by beginning and intermediate ESL students*. *Language Learning*, 35/1, 21-46.
4. Oxford, R. (2011). *Teaching and Researching Language Learning Strategies*. Pearson Longman.
5. Rubin, J. (1975). *What the 'good language learner' can teach us*. *TESOL Quarterly*, 9/1, 41-51.
6. Шетел тілін оқыту әдістемесі №4 2008 ж. 27 бет.

МРНТИ 16.01.11

Ж.Е. Алтысова, А.Т. Байтурбаева, Г.Мырзаханова

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы,
филология және кәсіптік бағдар беру кафедрасы

87770182668

alpysova70@mail.ru

²Абай атындағы ҚазҰПУ, халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы, с.ғ.к

87075558237

asel_5.2@inbox.ru

³Абай атындағы ҚазҰПУ, халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы,
филология және кәсіптік бағдар беру кафедрасы

87077583581

gulzhan.myrzahanova@mail.ru

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ КӨПТІЛДІ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Көптілділік – біздің уақытымызда үш түрлі . Біз заманауи жағдайларда бейімделуіміз керек, өйткені өркениет процесі кәсіби мамандарды даярлаудың қажетті шарты болып табылады. Негізгі мақсат – ғылым саласындағы білім мен дағдыларды көрсете алатын көп мәдениетті тұлғаны құру. Мұндай тұлғаның дизайнында маңызды рөл ақпараттық информациялық технологияларға ие. Жаңа заманауи технологиялар оқушыларға мінсіз білім алуға, бағдарламаға ие болуға, болашақ жұмысын жоспарлауға және бір немесе басқа салада өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұл үшін ағылшын тілін үйрену мен меңгеру маңызды.

Шетел тілдерін білу басқа елдің мәдениеті мен тарихын, басқа ұлтты білу арқылы түсінікті болуы мүмкін, сондықтан біз шет тілдерін оқытудың тиімділігін қарастырамыз. Оқу стратегиясына көп көңіл бөлінеді. Студенттердің пікірлерін кенейту, олардың танымдық белсенділігін арттыру және олардың білімдері мен дағдыларын дамыту үлкен әлеуметтік маңызы бар, себебі тіл - модельдің ең маңызды активі.

Көптілді тұлғаны қалыптастыру бәсекеге қабілетті қоғамның негізі және шет тілі қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени дамуының көзі болып табылады, шет тіл сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың негізгі мақсаттарына сәйкес қазіргі заман талабына сай тіл үйренуге деген ынталарын арттыруға, тіл біліктілігін дамытуға мүмкіндік береді, тілдің басқа мәтіндерін түсіну қабілеті, сондай-ақ білімді жоғарылату және ақылды болып қалу қабілеті туралы ақпарат және заманауи ұрпаққа сапалы білім беру және ұлттық рухани қазыналарды тәрбиелеу қажет.

Түйінді сөздер: ағылшын, шет тілдері, ғаламтор, технологиялар, тиімді әдістер, стратегиялар, көптілділік, әдебиет, саясат, студенттер, тіл білімі.

Аннотация

Алтысова Ж.Е.,¹ Байтурбаева А.Т.,² Мырзаханова Г.³

*¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая
старший преподаватель кафедры филологии и профессионально – ориентированных языков*

87770182668 alpysova70@mail.ru

Алматы, Казахстан

²Казахский Национальный педагогический университет имени Абая

к.полит.н., ст.преподаватель, кафедра международных отношений

87075558237 asel_5.2@inbox.ru

Алматы, Казахстан

³Казахский Национальный педагогический университет имени Абая

старший преподаватель кафедры филологии и профессионально – ориентированных языков

87077583581 gulzhan.myrzahanova@mail.ru

Алматы, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

Многоязычие – называют в наше время три. Мы должны адаптироваться в современных условиях, так как сам процесс цивилизации является необходимым условием для подготовки профессионалов. Основная цель – создать мультикультурную личность, которая может продемонстрировать знания и навыки области науки. И большую роль в формировании такой личности имеет информационно коммуникативные технологии. Новые современные технологии дают возможность студентам безупречные знания, обладание программой, планировать свою будущую

работу и работать самостоятельно в той или иной области. И больше значение для этого имеет изучение и овладение английским языком.

Знание иностранных языков подразумевает знание культуры и истории другой страны, другой нации и в этом большую роль мы относим и эффективность преподавания иностранных языков. Здесь большое внимание уделяется стратегии обучения. Расширение взглядов студентов, повышение их познавательной активности и развитие их знаний и навыков имеют большое социальное значение, так как язык является самым важным достоянием модели.

Формирование многоязычной личности является основой конкурентного общества и иностранный язык является источником социально-экономического, научно – технического и культурного развития общества, общества в соответствии с современным требованием основные цели использования информационных и коммуникационных технологии на уроках иностранного языка повысить их мотивацию к изучению языка, развитию языковой компетенции, способность понимать другие тексты языка, а также информация, связанные с увеличением знаний и способностью оставаться разумными и необходимо дать современному поколению качественное образование и воспитание национальных духовных сокровищ.

Ключевые слова: английский, иностранные языки, интернет, технологии, эффективные способы и методы, стратегии, многоязычие, литература, политика, студенты, владение языками.

Abstract

Alpyssova Zh.E.¹, Baiturbayeva A.T.², Murzahanova G.³

Senior teacher of chair of Philology and professionally – oriented, Abai KazNPU

87770182668

alpyssova70@mail.ru

c.p.s., senior teacher of chair International relations, Abai KazNPU

87075558237

asel_5.2@inbox.ru

Senior teacher of chair of Philology and professionally – oriented, Abai KazNPU

87077583581

gulzhan.myrzahanova@mail.ru

USE OF NEW TECHNOLOGIES IN FOREIGN LANGUAGE TRAINING

Multilingualism is called in our time three. We must adapt in modern conditions, since the very process of civilization is a necessary condition for the training of professionals. The main goal is to create a multicultural personality that can demonstrate the knowledge and skills of the field of science. And an important role in the design of such a person has informational communication technologies. New modern technologies enable students to have impeccable knowledge, own a program, plan their future work and work independently in one or another field. And more important for this is the study and mastery of the English language.

The knowledge of foreign languages can be understood by the knowledge of the culture and history of another country, another nation, and in this we also consider the effectiveness of the teaching of foreign languages. A great deal of attention is paid to the training strategy. Expanding the views of students, increasing their cognitive activity and developing their knowledge and skills are of great social importance, since language is the most important property of the model.

The formation of a multilingual personality is the basis of a competitive society and a foreign language is the source of socio-economic, scientific, technical and cultural development of society and society in accordance with the modern requirement. The main goals of using information and communication technologies in foreign language lessons are to increase their motivation to learn the language the development of language competence, the ability to understand other texts of the language, as well as information related to the increase of knowledge and the ability to remain reasonable and it is necessary to give the modern generation a quality education and the education of national spiritual treasures.

Key words: English, foreign languages, Internet, technology, effective methods and methods, strategies, multilingualism, literature, politics, students, language proficiency.

Бүгінгі таңда елімізде «Көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Елбасымыз сол себептен тілдердің үштұғырлылығын міндеттеп отыр. Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, өйткені, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12 сессиясында: «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет» - деп, Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналғандығын атап өтті. [1] Кем дегенде үш тілді меңгеру - заман талабына айналып отырған қажеттіліктердің бірі.

«Үш тұғырлы тіл» идеясының маңызды құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену десек, бүгінде студенттер қауымы ағылшын тілін еркін игеруге қол жеткізіп отыр.

Қазіргі кезде кім қай елге бармасын, жаһандық экономикаға кірігу тілі – ағылшын тілінде емін-еркін қарым-қатынас жасауға төселгендігін байқау қиын емес. Бұл деген сөз – «Үш тұғырлы тіл» саясатының елімізде жүйелі жүзеге асырылып жатқанын айқын танытса керек. Білімпаз жастарымыз Елбасы саясатын барынша қолдайды. Мұның өзі білім беру үдерісінде айқын көрініс тауып отыр. «Әлемде жарыққа шығатын 10 млн кітаптың 85%-ы ағылшын тілінде шығады. Ғылым, даму, ақпараттық технология – барлығы да ағылшын тілінде етек жаюда. [2,3] Қазақстанда 3500 шет елдік компания жұмыс істейді. Олармен біз ағылшынша сөйлесеміз, осы тіл арқылы өндіріс күшімізді көтереміз», - деген болатын Елбасы. Зияткер ұрпақ – зияткер ұлттың негізі.

Ал болашақта үміт артатын жастарымыз ел иесі ретінде мемлекеттік тілді қастер тұтып, ұлтараулық қарым-қатынас тілі ретінде орыс тілін жетік игеріп, ағылшын тілінде ой-пікірін еркін өрістете алса, игілікті идеяның орындалғаны. Демек, үш тұғырлы тіл саясаты өз жемісін бере бастады деуге толық негіз бар. Білім берудің заманауи талаптарына сай ағылшын тілінің дәрежесі өркендеп, біздің елімізде үш тілді жетік меңгеру қолға алынуда [4].

Қазіргі білім беру жүйесінде көптілділікті оқыту мен дамытуда Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы, білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» атты мәдени жобасы, «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» басшылыққа алынуда. Сондай-ақ, «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында» көрсетілгендей, біліктілікті арттырудың жүйесінде көптілді білім беруді дамытудың нақты бағыттары айқындалып, іргелі істер атқарылуда.

Қазіргі білім беру саласында полилингвизмнің қалыптасуы интеграция мен жаһандану жағдайында дамып, халықаралық талаптарға сай білім беру өзекті мәселеге айналып отыр. [5] Көптілді білім беру отандық білім беру жүйесінде, соның ішінде педагог мамандардың біліктілігін арттыруда негізгі бағыттар арқылы жүйелі жұмыстар іске асырылып жатыр.

Қазақстанның білімді, білікті, әр азаматы ғаламдық ақпараттар мен инновациялық ағымына қарай ағылшын тілін үйренуде. Қазіргі таңда дүние жүзінің барлық халықтары мен мәдениеті бір-бірімен тығыз байланысып, өзара қарым-қатынас жасауды қалайды. Әлемнің көптеген елдерінде ағылшын тілі ресми тіл болып табылады, яғни білім беру саласында, үкіметте, бизнесте колданылады.

Қазіргі таңда әлемнің дамыған мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп есептейді. Тіл – халықтың ең негізгі байлығы. Қазір заман талабына сай үш тұғырлы тіл саясатын бәріміз де қолдаймыз. Үштілділік – бәсеке қабілетті елдер қатарына қосылудың басты мақсаттардың бірі.

Көптілділік – бүгінгі заманның талабы. Еліміздің басқа да мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған уақытта ағылшын тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын тұлғаны мектеп қабырғасынан оқытып шығару – біздің қазіргі міндетіміз. [6]

Көптілді тұлғаны қалыптастыру көпұлтты еліміздің бірлігінің шарты ғана емес, сонымен қатар өркениет көшінде бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың алғышарты десек, көптілді ортада ұстаздық етіп жүрген педагогтердің біліктілігін арттыру, түптеп келгенде Елбасы назарындағы Қазақстан жолы – 2050: «Мәңгілік Ел» стратегиясының іс жүзінде асуындағы іргелі факторларының бірі екені сөзсіз. Негізгі мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру.

Көптілді тұлғаны қалыптастыру – бәсекеге қабілетті қоғам құрудың негізі. Тілдің адам өміріндегі ең шешуші рөлі атқаратыны әркімге де түсінікті. Сондықтан танудың, түсінудің, дамудың құралы. Көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құрал болып табылады.

Білім беру жүйесінде оқушының бойында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда ақпараттық-коммуникативтік технологияның рөлі ерекше екені бізге мәлім. Бұл технологияны қолдану оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін және жұмыс істеу шеберлігі мен қабілеттіліктерін арттырады. Бағдарламаны жақсы меңгеруге, өз жұмысын жоспарлауға, өз бетімен жұмыс

істеуге үйретеді. Білім алушының қазіргі заман талабына сай білім алуына, білім сапасына тікелей әсер ететіндер – ақпараттық құралдар. Қазіргі кезде оқушыларға ағылшын тілін оқытудың әртүрлі деңгейлеріне сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған.

Шет тілі – қазіргі заманның талабына сай, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдениет дамуының қайнар көзі. Қазіргі таңда шет тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары. Тілді оқытуда интерактивтік тәсілдер, ойындар, сонымен бірге ақпараттық технология, интернет, компьютер қолданылуда. Компьютерді қолдану барысында өздеріне қызықтыратын әр түрлі мәселелерді шешуге болады және талқылай алады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ағылшын тілі сабақтарында қолданудың негізгі мақсаттары: тілді үйренуге деген мотивацияларының артуы, тілдік компетенцияны дамыту, өзге тілдегі мәтіндерді түсіне білу, сондай-ақ ақпаратты байланысқан және дәйектелген күйінде бере білу, лингвистикалық білім көлемінің артуы, тілін үйреніп жатқан елдің әлеуметтік мәдени құрылымы туралы білімнің толығуы, ағылшын тілін өз бетімен үйренуге даярлық пен қабілеттілікті дамыту. Техникалық құралдарды пайдаланудың ең тиімді жағы уақытты ұтасын, дәл, тиянақты оқу-материалдарын алдын-ала дайындап, оқушыға беріп отырсаң өзінен-өзі жасауға тырысады, қызығады, жасамай, үлгермей отырған оқушы болмайды, себебі оның алдында бәрі дайын тұр. Сонымен қатар оқытушы инновациялық ақпараттық құралдарды жетік меңгеру, Power Point, Prezi, Active Studio бағдарламаларымен жұмыс істеп қана қоймай үнемі интернет жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді өзінің кәсіби шеберлігіне қолдана білу, білім кеңістігін кеңейту, ашу бағытындағы өзгерістер мен әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге талпыну керек. Соңғы кезде уақыт көрсетіп отырғандай, мұғаліммен салыстырғанда оқушыда көп ақпарат болатыны кейінгі көрсетілген тәжірибелер дәлелдеп отыр. Сондықтан әрбір мұғалім өз қызметіне ақпараттық технологияны пайдалана білуі қажет. [7]

Көптеген мұғалімдер осы уақытқа дейін техникалық құралдармен сабақ өтіп, оның қаншалықты тиімді екенін дәлелдеді. Жаңашыл педагог заманауи сабақты педагогикалық менеджмент тұрғысынан ұйымдастырады. Студенттің сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасын арттыру әр ұстаздың шеберлігі, яғни менің құзыреттілігімде. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс көмек құралында қолдануы керек», - деген Ахмет Байтұрсыновтың сөзін негізге ала отырып, еліміздің болашағын тәрбиелеу мен білім беру ісінде, әлемдік бағдарламаға сай білім беруді, темірқазық етіп ұстанамын. Өз іс-тәжірибемде British Council-дың ресурстарын көп қолданамын. Бұл құрал – көптеген адамдардың бірлесе істеген жұмысының нәтижесі. Learn English Teens, Learn English вэбсайтындағы British Council-дың ресурстарын ағылшын тіліне сілтемелері. Оның негізгі мақсаты – тілді меңгерудің негізгі төрт дағдысын (оқу, есту арқылы қабылдау, жазбаша және ауызекі ағылшын тілі) дамытуға арналған қажетті ресурстарды, жаттығуларды, ойын түріндегі тапсырмаларды іздеу үрдісін оңайлату болып табылады. British Council сайты ағылшын тілін оқытудың заманауи әдістерін сараптауға және талқылауға, ағылшын тілін оқытудың стилі мен технологиясын зерттеуге және салыстыруға, сабақты жүргізудің тәжірибелік дағдысын меңгеруге мүмкіндік береді.

Тіл үйрену барысында жаңа технологияларды қолдана отырып, педагогикалық қалыптасқан жазу, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға әбден болады. Ал енді психологиялық жағына келетін болсақ, қазіргі уақыт ағымындағы оқушылардың әрқайсысының үйлерінде әдетте көптеген ойындары бар компьютерлер, ноутбуктар, видеолар мен телевизор бар болғандықтан, олар қоршаған ортаны осындай тәсілмен қабылдауға үйренген. Жаңа технологиялардың мүмкіндіктері оқушыларға оқу бағдарламаларын оқып тіл үйренуде де сәтті қолданылатынын түсіндіруге мүмкіндік беріп, шығармашылық белсенділікті дамытуға, пәнге деген қызығушылықты арттыруға, тыңдау мен сөйлеу дағдыларын үйренуге ең жақсы жағдайларды жасауға әсер етіп, нәтижесінде сапалы білім алуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезде тұлғаның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне өмірдің өзі биік талаптар қойып отыр.

Бүгінгі күні өзекті болып отырған білімнің құзырлылық ұстанымын жүзеге асыру құралы ретінде педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерінің алар орны ерекше. Әрекетке негізделген технологиялық оқыту танымдық белсенділігі жоғары, өмірде әртүрлі мәселелерінен хабардар, кез келген тапсырманы орындауға қабілетті, қолынан іс келетін азаматтарды қалыптастырады. Білім

алушының жеке тұлғасын, оның рухани әлемін, қабілеті мен ынтасын дамыту бүгінгі – таңдағы негізгі мәселенің бірі.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде жетуіміз керек. Бұл студенттердің халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі, өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттертізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан–2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 14.12.2012
3. Карабалаева Г.Қ. Үш тұғырлы тіл – өркениет өрісі. Педагогика мәселелері. № 1/2011.
4. Касбаева Г.С. Бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруда көптілді білім берудің рөлі. Ағылшын тілін оқыту әдістемесі. Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал. №5,6. 2013 ж.
5. Такеева Н. Көптілді білім беру – тұлға қалыптастырудың негізі. Мектеп директорының орынбасары. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. №3.2013 ж.
6. Алмазова Н.И. Когнитивные аспекты формирования межкультурной компетентности при обучении иностранному языку в неязыковом вузе: автореф. дис. д-ра пед. Наук /Н.И. Алмазова. – СПб., 2003. – С.3-11.
7. Омарова Л.Т. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. – Алматы, 2007 г.
8. <http://www.baq.kz/> Үш тұғырлы тіл – уақыт талабы.

МРНТИ 16.01.45

*А.Демесинова
ҚазМҚПУ магистранты
«6М011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы
e-mail: aigerim.demesinova@mail.ru
Ғылыми жетекшіі – ф.ғ.к., доцент С.А. Аскарова
e-mail: Askarova.1950@mail.ru
Алматы, Қазақстан*

АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕНҒЕРТУДЕ ТЕХНИКА САЛАСЫ МАМАНДАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ

Аңдатпа

Қазақстанда білім беруді ақпараттандыру жағдайындағы негізгі мәселе мемлекетке кәсіби құзырлы мамандар қажеттігін қанағаттандыру болып табылады. Қазіргі замандағы ақпараттық іс-әрекетте шығармашылық тұрғыда жұмыс істей алатын және өзінің мамандық қасиеттерін нарықтық жағдайда қолдана алатын маман болуы қажет. Соңғы кезде білім беру саласында мамандарды қазіргі заманға ақпараттық үдеріс білімімен қаруландырып, оларды мамандандырылған мәселелер мен қызметтердің шешімін табуға үйрету көзделуде.

Білім беру мекемелерінде білім беруді ақпараттандыру әдістері мен орталарын кеңінен әрі кешенді қолдануды талап етуде.

Техника саласы мамандықтарындағы оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқулықтарын зерделеу, оқу үдерісіне жасаған талдау да бұл мәселенің жүйелі шешімін таппағандығын, техника саласындағы мамандарының ақпараттық-коммуникативтік құзырлығын қалыптастырудың әдістемелік негіздерін жетілдіру дұрыс жүзеге аспай жатқандығын көрсетіп отыр.

Тірек сөздер: ақпараттық-коммуникативті құзырлық, әдіс, тәсіл, ақпараттық технология, техника саласы мамандары.

*Аннотация
Демесинова Ә.
магистрант КазГосЖенПу
«6М011900 – Иностранный язык: два иностранных языка»
e-mail: aigerim.demesinova@mail.ru*

Научный руководитель - к.ф.н доцент, Асқарова С.А.
e-mail: Askarova.1950@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СПЕЦИАЛИСТОВ В ОБЛАСТИ ТЕХНИКИ ПРИ ОСВОЕНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Самой главной задачей в информатизации образования в Казахстане является удовлетворить потребности в компетентных специалистов.

Они способны работать в условиях современных информационных действий, а также могут использовать свои профессиональные навыки в трудовом рынке. В последнее время идет нацеленность на решение специализированных задач и службы, также оснащение специалистов знаниями современных информационных процессов.

В учреждениях обучения требуют широко и комплексно использовать информационный метод и среду.

В связи с тем, что не были найдены решения по поводу учебных планов и программ даже через анализ учебного процесса и это показывает, что развитие методических основ специалистов технической сферы.

Ключевые слова: информационная-коммуникативная компетентность, метод, информационная технология, специалисты в области техники.

Annotation

Demessinova A.

candidate for master degree

«6M011900 – Foreign language: two foreign languages»

e-mail: aigerim.demessinova@mail.ru

Supervisor Candidate of philological sciences associated prof. Askarova S.A.

e-mail: Askarova.1950@mail.ru

FORMATION OF INFORMATIVE-COMMUNICATIVE COMPETENCE OF SPECIALIST OF TECHNICAL SPHERE IN LEARNING ENGLISH LANGUAGE

The main issue in the informational support of education in Kazakhstan is to satisfy with the necessity of the competitive experts. They must to work in the creative way in this modern informative activity and know how to use their own expert peculiarities in the labor market. Recently experts are authorised with the knowledge of modern informational system in the educational system, it is aimed to teach them to solve specific issues and services.

It is required to use in the integrated way the informational education and sphere. According to this, there was not found any decision about curriculum and programmes even through the educational process analysis, also it shows that the methodological basis development of technical sphere experts is not going high.

Keywords: informative-communicative competence, method, information technology, specialist of technical sphere.

XXI ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Қоғамның әлеуметтік тапсырыс талаптарына сай жоғары оқу орында білім беруді жаңа сапалық деңгейге жеткізуде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану мамандардың білім алуда өздігінен ізденуге, білімді игеруге даярлау қажеттігін туындатады.

Елімізде кадр даярлаудың басты мақсаттары мен басым бағыттары айқындалып, ол білім беру сапасын арттыруға уақыт талабына сай қызмет етуде. Қазіргі кезде әлемдік өркениеттің өрлеуіне ұйытқы болып отырған Еуропалық білім беру кеңістігіне ену үрдісі қамтамасыз етілуде.

«2050 жылға дейін Қазақстан Республикасын дамытудың стратегиялық жоспарларын» жүзеге асыру мақсатында еліміздің білім жүйесі жаңа міндеттерді айқындап берді [1].

Қазіргі қоғамның дамуындағы білім жеке адамның бәсекеге қабілеттілігін көтермелеудің негізгі құралы ретінде жүзеге асуда.

Әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу республиканың білім беру жүйесін модернизациялауды талап етеді.

Қазіргі кезде білім беру саласында жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлаудағы жаңа басымдықтар белгіленуде. Сондықтан, жоғары оқу орындарының қызметіне бағдарланған заңды құжаттарда келесі міндеттер айқын көрсетілген:

- кең көлемді іргелі білімге ие, бастамашыл, еңбек нарығы мен технологияның өзгермелі талаптарына бейімделуге қабілетті жаңа формациядағы мамандар даярлау;

- білім беру үдерісін демократияландыру арқылы бүкіл жоғары білім беру жүйесінде сапалы білім беру қызметін ұсыну мотивін күшейту;

- жекелеген жоғары оқу орындарын халықаралық аккредитациядан өтуге даярлау, элиталық жоғары оқу орындарын дамытудың нақты шарттарын құру;

- жоғары оқу орындарын басқарудың жаңа ұстанымдары мен практикасын қалыптастыру, стратегиялық жоспарлау жүйесін ендіру және ЖОО автономдылығын (дербестігін) көтеру;

- студенттердің сапалы білім алу құқығын жетілдіру, жоғары оқу орындары басшылығының сапалы білім беру қызметіне жауапкершілігін анықтайтын механизмдерді жасау және ендіру;

2010 жылдың наурыз айында Болон декларациясына қосылуымыз – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында да асқан маңыздылыққа ие болды. Өйткені, мұнда: «Жоғары білім сапасы Халықаралық стандарттардың ең жоғарғысына жауап беретіндей болуы керек. Еліміздегі жоғары оқу орындар әлемдегі жетекші университеттердің рейтингісіне енуге тырысуы қажет» деп нақты міндеттер қойылған [2].

Қазіргі кезде жоғары білім беру жүйесіндегі барлық өзгерістер университеттердің маман даярлаудың үш сатылы моделіне өтуіне байланысты.

Білім берудің көп деңгейлі жүйесі – білім беру реформасын саналы түрде бастамашыл басқару орталарының бірі.

Маман даярлау сапасы мемлекет пен қоғамның болашағын анықтайтындықтан оны жетілдіру жолдарын іздестіру қазіргі кезеңдегі маңызды стратегиялық міндет ретінде сипатталады [3].

Әлемдік білім беру үдерісіне ену өз кезегінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық теориясы мен практикасына айтарлықтай өзгерістерді қажет ететін білім беру деңгейіне, маман даярлау сапасына жаңа талаптар қояды.

Жоғары білім беру жүйесін Болон типі бойынша қайта құруға бағытталған елдерде жоғары оқу орнының қазіргі заманғы бітірушілеріне тұрақсыз, өзгермелі еңбек және әлеуметтік өмір шарттарына даярлығының жетекші критерийі ретінде құзырлар мен құзырлықтарды қарастырады.

ЖОО қызметінің ақырғы нәтижесі кәсіби іс-әрекетіне қажетті білім, білік және дағдыларды меңгерген маман даярлау.

ЖОО жұмысының ықпалдылығы оның бітірушілерінің даярлығы мен құзырлығы деңгейінен көрінеді.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі нарықтық өзгерістер контекстінде дамуда, сондықтан жаңа - «бәсекеге қабілеттілік», «маркетинг», «нарық», «тауар» категорияларын да қарастыру мүмкіндігі бар.

Стандарттарды жасау және тұрақты өзгерту жаңа қозғаушы күштердің пайда болуын көрсетіп, маман даярлау сапасын көтеруді қажет етеді. Мұндай тәсілдің негізінде артықшылықтар мен мақсатқа бағытталу ұстанымдары жатыр.

Білім беру мекемелерінің алдына білім беру сапасының анықталған деңгейін қамтамасыз ету қабілеттілігін бағалаумен байланысты Мемлекеттік білім беру стандарты талаптарын сипаттайтын міндеттер қойылуда.

Жас мамандардың еңбекпен қамтылу мәселесін шешудің қазіргі заманғы тәсілдерінің бірі бітірушінің кәсіби ғана емес мекеменің нағыз бастамашыл мамандарға деген қажеттілігін қанағаттандыратын жеке тұлғалық мінездемесін ескере отырып, тұлғалық-бағдарланған еңбекпен қамту ұстанымын іске асыру болып табылады. [4].

Біздің ойымызша, бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру жастарды еңбекпен қамтудың қалыптасқан жағдайынан шығу жолы болып табылады. Осы мәселенің кеңірек қарастырайық.

Өйткені *бәсекеге қабілетті маман* – бұл анықталған тұлғалық сапалары бар және кәсіби міндеттерді шешу әдістерінің түрлі жолдарын меңгеру арқылы түрлі өзгермелі жағдайларда қойылған мақсатқа жету қабілеті бар маман.

Жалпы білімділікке қойылатын талаптар: ұжымда істей білетін, еңбек және технологиялардың өзгермелі талаптарына бейімделуге қабілетті, бастамалы кең іргелі білімі бар жаңа формацияның маманын даярлау. Ал, әлеуметтік-тұлғалық құзіреттілікке қойылатын талаптар Түрлі әлеуметтік жеке бастылық мәселелерді шешуге қабілетті, азаматтық тұғыры бар, кәсіби мәдениеті жоғары, жоғары кәсіби мәдениет деңгейінде ұжымда жұмыс істей білетін; бүкіл белсенді өмір қызметінде өз бетімен шығармашылық пен жаңа білімдерді игеру дағдылары мен қажеттілігі, өзін-өзі жетілдіру және дамытуға қабілетті жаңа формация маманын даярлау.

Кәсіби құзырлыққа ие даярлық деңгейі:

- бакалаврдың электрэнергетика бағытының кәсіби білімдік бағдарламасын белгілейтін теориялық және практикалық дағдылардың анықтайтын жиынтық ретінде кәсіби құзіреттілігі;
- қызметтің бір немесе әлденеше түрлері деңгейінде кәсіби қызметте атқару қабілеттілігі;
- электрэнергетиканың техникасы мен даму теориясын негізгі тенденцияларын түсінуіне сай болуы керек [5].

Білім әлеуметтік-мәдени феномен ретінде адам үшін жаңа ақпарат пен нәтижелі қарым-қатынасты қалыптастыру қозғаушы күші болып саналады. Бүгінгі таңда жалпы және кәсіби білімді жеке тұлғаға бағдарланған білім беру жаңа бағыты ауыстырыла бастады, оның дамуына төмендегі бағыттар негіз болады:

1. Білім берудің әр деңгейі үздіксіз білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл бағыт мектеп, арнаулы оқу орны және жоғары оқу орны тізбесінде кіріктірілген білімнің дамуына ықпалын тигізді.

2. Білім беру жүйесінде ақпараттық технологиялардың, мультимедиалық және виртуальдық технологиялардың енгізілуі дәстүрлі когнитивті бағдарланған оқыту жүйесінің сипатын өзгертеді, оқушылардың интеллектуалдық қызмет аясын кеңейтеді.

3. Білім беруді ұйымдастырудың дәстүрлі түрінен таңдауға негізделген белсенді оқытуға көшу оқушылардың өз бетінше білім алуы мен өзін-өзі жүзеге асыру қабілетінің дамуына әсерін тигізеді.

4. Білім беру деңгейлерінің сабақтастығы білім беру үрдісі мен нәтижесіне деген жауапкершілікке негізделген біртұтас кіріктірілген білім өзгермелі әлеуметтік, мәдени, білім беру және кәсіптік жағдайларда мәселенің шешімін табу құзырлығын дамытуға, өзін-өзі анықтауға жағдай туғызады.

Атап өткеніміздей, ЖОО бітірушісінің “сапасы” үшін оның тек кәсіби іс-әрекетке дайындығы деңгейі емес, тұлғалық, дүниетанымдық және азаматтық дамуына шартталған білім берудің өзінің сапасы маңызды рөл атқарады.

Білім сапасы ретінде білім беру жүйесінің білім берудің мемлекеттік стандарттарына, қабылданған әлеуметтік талаптар мен нормаларға сәйкестігін анықтайтын жүйелі-әлеуметтік қасиеттер мен **сипаттамалар** қатары түсініледі [6]. Бұл түсінік оның барлық қызметтерін қамтиды:

- білім беру бағдарламаларының мазмұны,
- ғылыми зерттеулердің нәтижелілігі,
- оқытушылық құрам мен студенттердің жеткіліктілігі (укомплектованность).

Жоғарыда аталған шарттар аса маңызды, бірақ, маманның бәсекеге қабілетті тұлғасын қалыптастыруға жеткіліксіз болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

5. Керімбаева Б.Т. Ағылшын тілін оқыту үдерісінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзырлығын қалыптастыру // «Білім беруде инновациялық және ақпараттық технологияларды қолдану» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция еңбектері. – Шымкент, 2012.

6. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // <http://kz.government.kz>.

7. «Қазақстан-2050»: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: ЮРИСТ, 2013 – 44 б.

8. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы.

9. Болонский процесс: концептуально-методологические проблемы качества высшего образования / под науч. ред. д-ра пед. наук, профессора В.И. Байденко. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2009. – 304 с.

10. Кайдарова А.Д. Формирование профессиональных интересов будущих учителей в условиях университетского образования: спец. "Теория и методика профессионального образования": автореф. ... докт. фил. наук. – Алматы, 2001. – 24 с.

МРНТИ: 14.35.09

С.Е. Есенаман¹

Абай атындағы ҚазҰПУ,
¹6M011900–Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының 2 курс магистранты
Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор Ж.А. Абуов

ИНФОРМАТИКА МАМАНДЫҚТАРЫНДА ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕРГЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ӘР ТҮРЛІ ДЕНГЕЙДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақала ЖОО-дағы болашақ мамандарға информатика мамандықтарында оқитын студенттерге ағылшын тілінде қалай тиімді әрі әр түрлі деңгейде оқыту ерекшеліктері мен информатика саласының қазіргі замандағы орны туралы мәселелерге арналған. Аталған мәселе информатика мамандықтарында білім алатын студенттерді шетел тілінде еркін сөйлесуге үйрету кезінде туындайды. Мақалада осы ерекшеліктер мен қазіргі замандағы ақпараттық технологиялардың мәні мен оның жоғары оқу орны студенттерін оқытудағы маңызы зерттеледі. Автордың пікірі бойынша, қазіргі кезеңдегі қоғамның дамуы ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың тоқтаусыз өсуімен сипатталады.

Түйін сөздер: шет тілдік құзыреттілік қалыптастыру, информатика, ақпараттық құзыреттілік, ақпараттық технологиялар, ағылшын тілінде оқыту.

Аннотация

?????

ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА, СТУДЕНТАМ ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ ИНФОРМАТИКИ НА РАЗНЫХ УРОВНЯХ

В статье основное внимание уделяется тому, как эффективно и на разных уровнях преподавать английский язык студентам факультетов информатики в университете и месту информатики в области современных мировых проблем. Эта проблема возникает во время разговора на иностранном языке со студентами факультета компьютерных технологий и информационной безопасности. Статья включает в себя спецификацию и сущность современных информационных технологий и ее важность в обучении студентов университетов. По мнению автора, нынешний период характеризуется постоянным ростом развития информационно-коммуникационных технологий.

Ключевые слова: формирование компетентности иностранного языка, информатика, информационная компетентность, информационные технологии, преподавание иностранного языка.

Abstract

????

PECULIARITIES OF TEACHING ENGLISH TO STUDENTS STUDYING ON IT MAJOR IN DIFFERENT LEVEL

The article focuses on how to effectively and in different levels to teach English to the students of computer science faculties at the university and a place of computer science in the field of modern world problems. This issue arises during a conversation in a foreign language with the IT major students. The article includes the specification and the essence of modern information technologies and its importance in teaching university students. According to the author, the current period is characterized by the constant growth of the development of information and communication technologies.

Key words: formation of foreign language competence, informatics, information competence, information technology, foreign language teaching.

Рухани интеграция дәуірлеген бүгінгі таңда ағылшын тілі – ғаламдық феноменге айналды. Мемлекетаралық байланыстарды нығайту елдердің экономикалық қарқынына ғана емес, ол руханиятқа, соның ішінде, тілге де тәуелді. Оқыту саласына түбегейлі өзгеріс жүріп жатқан, оқыту әдістері мен оның мазмұны қайта қарастырылып жатқан қазіргі таңда шетел тілдерін оқытудың тарихи тәсілдері мен оның негізгі тенденцияларын жетілдіру жүйесіне орала кету орынды. Қазір шетел тілін оқыту методикасы ғылым болып қалыптасып келе жатқанына ешкім күмән келтіре қоймас. 1930 жылы Е.М. Рыт методикаға алғаш анықтама берген. Ол: «Шетел тілін оқыту методикасы салыстырмалы тіл білімінің тәжірибелік айқындауышы», - деп баға берген болатын. Қолданбалы тіл білімі секілді әдістемеге де түрлі көзқарастардың туындауы 1930 жылдардағы шетел тілін пән ретінде оқыту жүйесінің жеткілікті деңгейде анықталмауымен тікелей байланысты болатын. Сол кезеңдерде зерттеу әдістерінің жүйесі де әзірленбеген еді. Әдістеменің ғылым ретінде сипат алуындағы алғашқы бағыттар Б.В. Беляевтің есімімен ұштасады. Ол әдістемені қолданбалы психо-

логия саласына тиесілі. Алайда, аудитория жұмысына сай іс әдістерін қолданудағы айырмашылықтар, материалдарды сараптау - методиканың басты мәселесі болған. Сондықтан әдістеменің бұл анықтамасы кең жайылған жоқ. 1930 жылдардың аяғы мен 1940 жылдардың басында педагогикалық ғылым ретіндегі методика анықтауыш бағыты ресімделді. Педагогика мен методика үйретуде бір ғана нысанға ие. Ол – оқыту процестері, тәрбиелеу, оқытудың мақсат-міндеттері, сабақтың мазмұны. Мұның ішінде біртұтас болып қалған педагогикалық ғылым ретіндегі әдістемеге берілген анықтама. Методика – өз алдына ғылым. Оның зерттеу әдістері мен өзіне тән заңдылықтары бар. Оған берілген нақты анықтама мынадай: «Оқыту методикасы – оқыту жүйесін, тәсілдерін, заңдылықтарын, мақсаты мен мазмұнын зерттейтін, сондай-ақ шетел тілі материалы арқылы оқу-тәрбие үрдістерін үйрететін ғылым» Көп ұзамай шетел тілдерін оқытудың салыстырмалы әдісі қалыптасты. Бұл әдіс бойынша шетел тілін үйрету ана тілімен салыстыру негізінде жүргізіледі. Осы тәсілдің негізін қалаған – педагог ғалым Л.В. Щербу.

Өзге тілді аудиторияда жанашаландырып жаңғырта оқытудың деңгейлік әдістемесінің негізін қалаған профессор Қ.Қадашеваның зерттеуінде де жаңалықтар өте көп берілген. Ғалым еңбегінде тіл үйретудің ішкі деңгейлері мен “Фонетикалық тамшылар” әдісі – тиімділігімен тәжірибеде кең тарапып кеткен тіл үйретудің оңтайлы жолы болып саналады. Саралап, деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясында алынған нәтиже сәйкесті меңгеру деңгейлері түрінде анықталады.

Деңгейлеп оқытудың маңыздылығы:

- тіл үйренушілердің барлығы жұмыс жасайды;
- бос отырған үйренуші болмайды;
- өздігінше жұмыс жасау дағдысы қалыптасады;
- тіл үйренуге деген қызығушылығы арта түседі;
- сабақ барысында тіл үйренуге деген белсенділігі арта түседі;

Деңгейлеп оқытудағы нәтиже:

Өз бетімен ізденіп, шығармашылық қабілеттерін жетілдіре алатын, өз қателерімен жұмыс жасай алатын тұлға тәрбиелеу; үйренушінің алдына қойған мақсатына жете алатын тұлғаны жетілдіру; үйренушінің өз деңгейін біліп қана қоймай, оны әрі қарай дамыта алуы. Бұл деңгейлердің тапсырмаларына төмендегідей талаптар қойылады:

I – деңгейдегі тапсырмаларға:

- 1) жаттап алуға лайықталған болуы керек;
- 2) алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өңін өзгерпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс.
- 3) тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы керек.

II - деңгейдегі тапсырмаларға:

1) өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Бұлар өзгертілген жағдайлардағы тапсырмалар, яғни бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдалану қажет.

2) үйренушінің ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар. Оларда ұлттық ерекшеліктер ескеріліп, танымдық және үйретімділік маңызы болуы қажет.

III - деңгейдегі тапсырмаларға:

1) танымдық-іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында тіл үйренушілер жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс.

2) өз ісіне талдау жасай білуі, білімді жаңа жағдаймен пайдалана алуы қажет.

3) эвристикалық (танымдық-іздену) түріндегі жұмыстарды оқытушы көмегімен өздері орындайды.

IV – деңгейдегі тапсырмаларға:

Бұл сатыға өз бетімен жұмыс жасай алатын, ұшқыр ойлы үйренушілер көтеріле алады.

1) үйренуші өз бетімен эссе жазуы қажет;

2) мәтін кейіпкерлеріне хат жаза алуы тиіс;

3) олимпиадалық тапсырмаларды орындау [1,17-23].

Демек, бұл тапсырмалар – үйренушінің біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Сабақ барысында грамматикалық тапсырмаларды орындауда, өтілген сабақты еске

түсіргенде, үйге берілген тапсырмаларды сұрағанда сонымен қатар жаңа сөздермен жұмыс жасағанда түрлі ойындар, жарыс сабақтарын ұйымдастыруға болады.

Ағылшын тілін жоғары мектепте тілдік емес мамандық студенттеріне оқытудың әдістемесі бойынша көптеген зерттеулерде оны тиімді ұйымдастыру және іске асырудың түрлі аспектілері қарастырылып, оның ішінде оқу пәні ретінде ағылшын тілінің мәні, осы пәнді оқытудың мақсаты, принциптері, мазмұны мен әдістемесі, ағылшын тілін мамандандырып оқыту әдістемесінің проблемаларын педагогикалық мамандық, тілдік әрекет түрінде оқыту ашылып көрсетіледі.

Ағылшын тілін үйрету үрдісінде оқытушы әр студенттің жеке дара мүмкіндігін ескерген жөн. Бұл мақсатты іске асыру студенттің қызығушылығын, тапсырыс алуы, қолданымы, ұмтылуы, түсіну мүмкіндігі ескерілу қажет деп саналады. Студенттің өзіндік жұмысы кезінде осы ерекшеліктердің барлығына аса зор көңіл бөлінеді. Білім беру саясатының өзгеруі елдегі біртұтас білім беру негізінде ағылшын тілін оқытудың вариативті болуына ұмтылыстың өсуіне, арта түсуінге бағытталған жаңа бағдарламалық құжаттарды жасаудың өзектілігін дәлелдейді.

Ақпараттық оқыту информатика пәні арқылы жүзеге асырылады. Ағылшын тілі пәнаралық байланыс принциптеріне негізделген осы оқу нәтижесін тұтынушы ретінде көрініс табады. Бұл байланыстың мақсаты студенттердің коммуникациялық құзырлығын дамыту болып табылады. Оған лингвистикалық (тілдік және сөйлеу) тақырыптық (пәндік), әлеуметтік мәдени, компенсаторлық, оқу (оқуға бейімділік) құзырлықтары жатады. Ақпараттық білім беру ағылшын тілін оқытудың тікелей мақсаты болып табылмайды, дегенмен оның нәтижелі болуының шарты болмағанмен, белгілі бір дәрежеде негізі ретінде айтуға болады. Әлеуметтік мәдени компетенция ағылшын тілін оқытудың экстралингвистикалық ақпараттық ортасы негізінде қалыптасады. Ол ақпараттық технология құралдарының әлеуметтік ортасы ресурстарынан алынады. Ағылшын тілімен информатика арасындағы пәнаралық байланыс ақпараттық білімдер және іскерліктерді қолдану деңгейінде ғана жүзеге асырмай мазмұндық деңгейде де жүретіндігін байқалады [2,444].

Ағылшын тілін меңгеруде ақпараттық құралдар қолдану оқытушы мен студенттердің өзара әрекетінде қажетті деңгейде олардың компьютерлік даярлықтары тәжірибие барысында байқадық. Мультимедиядағы бейнелер мен графикада ағылшын тілін сазды кескіндемелік анимациялық иллюстрациялар арқылы бере отырып, ағылшын тілін оқытуда үлкен маңызға ие болатындығын аңғардық. Бұл кездегі ұсынылған формалар, көрсету құралдары, политра, дизайн, лингвистикалық, көркемдік және бейнелік т.б. шешімдердің үйлесім табуы ағылшын тілін үйрену үдерісіндегі оның мазмұнын толықтырады.

Бастапқыда компьютер болмаған кезде адамдар барлық есептеу, іс-жұмыстары қолмен істеген. Кейін технологияның қарқынды дамуына байланысты көптеген қажетті ақпарат құралдары пайда бола бастады. Осы пайда болған құралдар ішінде әрине өзімізге аса тиімді ақпарат құралы компьютер де бар. Компьютер арқылы ақпаратты сақтауға, өңдеуге, тасымалдауға және де қабылдауға болады. Оның осы тиімді жақтарын пайдалана отырып, біз өзімізге тиісті жұмыстарымызды атқаруға мүмкіндік береді. Дами келе көптеген программалау тілдері пайда бола бастады [3,512]. XXI ғасыр елімізде қоғамдық информатикаландыруды – мемлекеттік саясаттың негізгі элементтерінің біріне айналып отыр. Қоғамды информатикаландыру – деп информатиканы елдің экономикалық нығаюын қамтамасыз ететін, ғылыми – техникалық прогресін жеделдетін қоғамдық байлық ретінде жаппай пайдалану және жылдам әрі нақты ақпараттар беруді айтамыз. Елбасымыз көздеген әлемдік рейтинг кестесінің жоғары бөлігіне іліккен елдер қатарынан орын алуымызға мүмкіндік беретін басты негіздерінің бірі – жастарымыздың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау болып табылады.

Әлемдік білім беру және білім алу кеңістігінде бәсекеге барынша қабілетті кірігудің тиімді жолдарының бірі – әрбір қазақстандықтың кемінде 3 тіл білуі деп атап өтілді. Осы биік мақсаттарға жетелеу, қалыптастыру кезеңі адам өмірінің мектептегі өткізген жылдарына сайма-сай келетіні – білім беру саласына үлкен жауапкершілік пен сенім артады, білім берудің жаңа ұлттық тиімді механизмдерін құрумен байланыстырады. Жоғары оқу орындарында барлық мамандықтар үшін информатика мамандықтарында оқитын студенттерге ағылшын тілінде оқыту жүргізу жұмыстары іске асырылуда [4,20]. Жоғары оқу орындарында барлық мамандықтарды ағылшын тілінде оқыту студенттерге сөздік қорын кеңейте отырып, есептеу техникасы және ақпараттық технологиялардың даму үрдістерін әлемдік білім негізінде зерттеуге, жаңалық ашуға және кәсіби міндеттерді шешуге

ықпал етеді, сондай-ақ, заманауи құрылғыларды кәсіби деңгейде қолдану қабілетін арттырады. «Информатика» мамандықтарында оқитын студенттерге ағылшын тілін оқыту студенттеріміздің өз беттерімен ізденуіне және идеяларының халықаралық деңгейге шығуына зор мүмкіндік болатыны анық. Тіл үйрену барысында жаңа технологияларды қолдана отырып, педагогикалық қалыптасқан жазу, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға да әбден болады [5,89]. Компьютер желісін және мультимедиялық - электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану. Ағылшын тілі, халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде, студенттердің ақпаратты алу мүмкіндігіне үлкен әсер тигізеді. Ол (жаңа халық санағы бойынша) планетада 2,25 миллиард адам үшін, ресми тіл болып табылатыны, кездейсоқтық емес [6,48].

Сонымен қатар, информатика және ақпараттандыру саласында білім алатын болашақ мамандар үшін, ағылшын тілі - бағдарламалау тілінің 99,9%-ын құрайды және олардың кәсіби жұмысының негізі болып табылатынын есте сақтау қажет. Олардың бағдарламаларының жұмысын жақсарту үшін қажет болатын программалау сөздері және терминдері, сөзсіз, барлық сол ағылшын тілінде тап болады [7,538]. Ақпараттың және әр түрлі программалардың 80%-ы ағылшын тілінде енгізіледі, сондықтан информатика мамандарына ағылшын тілін қарқынды үйрену және оқу өзекті тақырып болып табылады.

Негізгі құзыреттеріліктерді қалыптастыру CLIL әдістемесі бойынша (Content Language Integrated Learning) өткізу ағылшын тілінде информатиканы оқытуға, ықпал етеді. Осы оқыту әдістемесінің ерекшелігі – сабақтың жүргізу тиісті тілде, яғни екі тілде (отандық және шетелдік), жүзеге асырылуы [8,3] . CLIL әдістемелік тәсілін анықтау кезінде Еуропа елдерінде мынадай төрт негізгі аспектілері бар:

Content (мазмұны) – бұл білім, дағды, информатика саласының ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру, яғни қабілетімен, іздеу, талдау, таңдау, процестерін және қажетті ақпаратты беруге қабілеті;

Communication (сөйлесу, байланысу) оқыту кезінде студенттер ағылшын тілін қалай пайдалану керектігін үйрену, сонымен қатар, оқытудың шет тілін қолдана білудің қосымшаларын ұсынуы, дегенді білдіреді. Бұл аспект ретінде, коммуникативті құзырлықтарды қалыптастырады себебі ол сұрақтар қоя білу мен жауап алуды, тыңдап, қарым-қатынас жасау қабілетін дамытады, сонымен қатар мұқият тыңдауға және мәселелерді белсенді талқылауды, пікірді білдіру және оларға сыни баға беру қабілеттерін дамытады [9,69];

Cognition (таным) және танымдық ойлау дағдыларды дамытуды жүзеге асырады және білім беру құзыретін қалыптастыруға ықпал етеді, бір немесе бірнеше оқу салаларында студенттердің табысты дайындалуын қамтамасыз ету;

Culture (мәдениет) – жалпы мәдени құзыреттілігін дамытуға жәрдемдесу аспектісі, меңгеру мәдениетін қамтамасыз ету, әлемді білу жолдары, өзін мәдениеттің бір бөлігі ретінде көру, басқа мәдениеттерді саналы түрде түсіну және қабылдау болып табылады.

Информатика, шын мәнінде, бастауыш, орта және жоғары мектептерде мета курс болып табылады, және баланың жалпы мәдени-танымдық жеке дамуы мен өзін-өзі дамыту, білім беру үрдісінің барлық деңгейлерінің сабақтастығын тұтастығын қамтамасыз етуіне көмектеседі. Информатика және ағылшын тілінің интеграциясы немесе байланысы өте пайдалы және сәтті. Интегративтік информатиканың іргелі ғылым ретінде және оның зерттеу негізгі нысандарының сипаты ретінде анықталады. Білім беру процесін ақпараттандыру жалпы білім дағдылары мен информатикада ақпаратпен жұмыс істей білу рөлі талассыз. Информатика және ағылшын тілі тығыз байланысты болып табылады себебі көптеген компьютерлік бағдарламалар, әсіресе күрделі интеграцияланған графикалық пакеттерінің және де интерфейс тілі ағылшын тілі болып табылады. Барлық жоғары деңгейлі бағдарламалау тілдері ағылшын тілінде ресми сөз ретінде қолданылады. Ағылшын тілін «Информатика» мамандықтарында оқитын студенттерге үйрету, ағылшын тіліне ақпараттық көзқараспен қарауға мүмкіндік береді [10,17]. Ол жаңа білімді жүйелендіруге және осыдан ассоциативті байланыстардың пайда болуына көмектеседі деп есептеледі, оның негізінде жан-жақты оқыту қызметі мен жүйелік оқыту қызметіне деген көзқарасты дамытуға, ықпал етеді.

Қорытындылай келе, бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру — бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Бүгінгі

танда жоғары оқу орындарында шет тілін кәсіби деңгейде оқыту басты орында тұр. Яғни әрбір студент өз мамандығына байланысты шет тілін жетік меңгеріп, одан әрі қарай дамыта алады. Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ляховицкий М. В. *Методика преподавания иностранных языков.* – М.: Высшая школа, 1981. – 17-23 с.
2. Пассов С. И. *Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению: 2-е изд.* – М.: Просвещение, 1991-444с.
3. Перкас С.В. *Подготовка иноязычного текста для аудирования.* // *Иностр. яз. в шк.* – 1974. – № 512 с.
4. Фоломкина К. С. *О работе над компонентами чтения.* // *Иностр. яз. в шк.* – 1997. – № 12-20 с.
5. Хегбольд П. *Изучение иностранных языков.* – М.: Просвещение, 1963. –89 с.
6. Әбдіғалиев Қ. *Осы заманғы педагогикалық технология // Қазақстан мектебі.* – 2001. – №2. – б.48.
7. Беспалько В.П. *Педагогика и прогрессивные технологии.* – М., 1995. – 538 с.
8. Бітібаева Қ. *Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.* – Алматы, 1999. – 3 б.
9. Жанпейісова М. *Модульдік оқыту технологиясы.* – Алматы, 2002. – 69 б.
10. Кларин М.В. *Педагогическая технология в учебном процессе.* – М.: Знание, 1989. – 17 с.

МРНТИ 14.35.09

Б.Калжанова¹

*¹«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 2 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Аяпова Т.Т.*

**ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ҚОЛДАНЫСЫ**

Аңдатпа

Сөйлеу тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі, өз сөзін екінші біреуге түсінікті етіп жеткізуі. Сөйлеуге үйрету дегенде мынадай ұғымға мән беріледі: бұл - адам мен адамның тілдік қарым-қатынаста бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі яғни бір адамның өз ойын екінші адамға ауызша жеткізуі, сөйлеуі, айтуы. Сонымен бірге айтылған ойдың адамға түсінікті болып, оны қабылдау арқылы екінші адамның оған өзіндік жауап қайтаруы. Бұл сөйлеуге үйретудің бір адамға ғана мәселе емес екендігін көрсетеді. Тілді оқытудағы ең басты мақсат-студентті сөйлеуге, яғни айтар ойын жеткізе білуге үйрету. Ол тілдік коммуникация арқылы жүзеге асады. Сөйлеу әрекеті-тілді үйрену жолындағы маңызды баспалдақ, қажетті шарт қана емес, ол-адамзаттың қоғамдағы орнын, қызметін көрсететін күрделі әрекет. Өйткені, сөйлеу әрекеті адамдық қасиеті білдіретін басты өлшемдердің бірі. Сондықтан бұл мақалада, шет тілін оқытуда студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы рөлдік ойындар мен видеоматериалдардың тиімділігі қарастырылды.

Тірек сөздер. шетел тілі сабағы, коммуникативтік құзыреттілік, тілдік бірліктер.

Аннотация

Калжанова Б.¹

магистрант 2 курса специальности «Иностранный язык: два иностранных языка»

**ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЭФФЕКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ
КОММУНИКАТИВНЫХ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА**

Коммуникативный акт это процесс высказать свое мнение и передать смысл речевого акта. Изучение говорению определяется основными факторами т.к. разговор между коммуникантами, говорение и передача информации другому человеку. Кроме этого речевой акт должен иметь смысл при передаче адресанту, и адресант должен дать свой определенный ответ. Это показавыет, что, речевой акт не является односторонним явлением. Главная задача обучения языку является изучение языков – развития коммуникативных навыков и высказать свое мнение. Речевой

акт осуществляется через коммуникации. Это является важным ступенем в процессе говорения и комплексный процесс который показывает роль человека в общении и его функционирование. Поэтому речевой акт является важным фактором в жизни человека в обществе. Мы рассматриваем в этой статье эффективность ролевых игр и видеоматериалов в формировании коммуникативных навыков у студентов в обучении иностранного языка.

Ключевые слова. урок английского языка, коммуникативная компетенция, лексические единицы.

Abstract

Ayapova T.T.¹

¹doctor of philological sciences, professor

Kalganova B. – 2-year MA student of the specialty "Foreign language: two foreign languages"

THE USE OF EFFECTIVE TEACHING METHODS IN THE FORMATION OF STUDENTS ' COMMUNICATIVE COMPETENCE AT FOREIGN LANGUAGE LESSONS

Communicative competence is the process of giving opinion and to transfer one's opinion to another person. Teaching speaking is distinguished by the main factors like, dialogue between people, speaking and sending information to an addressee. Therefore, communication act should have meaning when transferred to a sender, and addressee should have to reply in his own way. The main task of learning language is the development of communicative act and to teach to give one's opinion. This proves that speech act is not a one-sided process. It is distinguished as the main stage in speaking and complex process which proves the role of a person in society and its functions. Thus speech act is the main factor in human life in the society. Therefore, we deal with the use of role plays and video materials in the formation of students' communicative competences in teaching FL.

The use of effective teaching methods in the formation of students ' communicative competence at foreign language lessons

Key words: foreign language classes, communicative competence, lexical units.

Жалпы құзыреттілік қасиет адамның белсенді өмірін, оның кәсіби өмірі мен әр алуан әлеуметтік салаларды бағдарлайтын қабілетін анықтайды, сонымен бірге оның әлеуметтік санасы мен ішкі әлемін үйлесімділікке жетелейді. Алдына белгілі бір мақсат қоя білетін әрі сол мақсаттарға қол жеткізу жолдарын қарастыруға, ерікті шешім қабылдауға, әрі олардың орындалуын өз жауапкершілігіне алуға қабілетті, жігерлі, беделді мамандарға қоғамда қажеттілік туындап отырған сәтте осындай көп қырлы сапаның маңыздылығы арта түсуде.

Осы орайда, шетел тілін оқытуда коммуникативтік мақсатқа жетуде ауызша сөйлеудің маңызы зор. Сөйлеуге үйрету үшін оқыту әдісі ситуативті әдіс болуы керек себебі: ситуативтілік сөйлеу әрекетінің табиғи қасиеті болып табылады.

Оқытудың ситуативтілігі студенттер мен оқытушы арасындағы қарым-қатынасқа негізделген жағдайда ғана сабақ үстінде қатынас ситуациясы пайда болады. Е.Пассов ұзақ жылдар бойы жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде коммуникативтік оқытуда «ситуация» мен «ситуативтілік» анықтап алу қажет екеніне көз жеткізген. «Ситуация» - дегеніміз, қарым-қатынас жасаушылардың, сөйлесушілердің санасында қалыптасқан өзара қарым-қатынасының жүйесі; ал «ситуативтілік-қарым-қатынастармен байланыс» деп қорытынды жасайды. Ол іс-әрекеттерде өзара қарым-қатынастарда мынадай жетекші факторлар болады деп көрсетеді: а) статустық; ә) рөлдік; б) іс-әрекеттік; в) ізгілік [1, 24].

Яғни, тілді оқытудағы ең басты мақсат – студентті сөйлеуге, яғни айтар ойын жеткізе білуге үйрету. Сөйлеу тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі, өз сөзін екінші біреуге түсінікті етіп жеткізуі.

Рөлдік ойындар арқылы студенттерді сөйлеуге үйрету дегенде мынадай ұғымға мән беріледі: бұл -адам мен адамның тілдік қарым-қатынаста бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі яғни бір адамның өз ойын екінші адамға ауызша жеткізуі, сөйлеуі, айтуы. Сонымен бірге айтылған ойдың адамға түсінікті болып, оны қабылдау арқылы екінші адамның оған өзіндік жауап қайтаруы. Бұл сөйлеуге үйретудің бір адамға ғана мәселе емес екендігін көрсетеді. Ол тілдік коммуникация арқылы жүзеге асады. Сөйлеу әрекеті-тілді үйрену жолындағы маңызды баспалдақ, қажетті шарт қана емес, ол-адамзаттың қоғамдағы орнын, қызметін көрсететін күрделі әрекет. Өйткені, сөйлеу әрекеті адамдық қасиетті білдіретін басты өлшемдердің бірі. Ауызша сөйлеуге үйрету - тілді жалаң үйрену емес, адамның жалпы ойлау құзыреттілігін кеңейту, жетілдіру деген сөз. Жалпы сөйлеу әрекетін меңгеру үшін мына жағдайларды ескеру қажет: Үйрететін тілде сөйлеуге деген қажеттілік; қоршаған орта, жағдайдың әсері; жеке бастың қабілеті; сөйлеудің негізгі мақсатын айқындау.

Л.О. Свирина «Технология использования видео на уроке иностранного языка» оқу әдістемелік құралында видеоматериалдармен жұмысты ұйымдастырудағы маңызды технологияларды ұсынған:

- 1) предварительно ознакомить с рабочими листами или заданиями;
- 2) раздаточный материал должен быть простым, чтобы ученик обрел уверенность в своем успешном продвижении вперед;
- 3) раздаточный материал не тестирует, а стимулирует речь учащихся;
- 4) рабочие листы позволяют как включить в работу весь класс, так и провести индивидуальную работу [2, 33 с.7].

Соловова Е.Н. коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда видеоматериалдарды қолдануда сұрақтар мен тапсырмалар маңыздылығына баса назар аударған. Видеоматериал соңында берілген сұрақтар арқылы студент тек видеоматериал туралы және өз ойынан мағлұмат беріп қана қоймай, сұрақтарға жауап беруде жаңа мәліметтерді ой елегінен өткізе отырып, бойына сіңіреді [3, 82].

Осы орайда, ағылшын тілінде берілген материалды тіл білімінің салаларымен, яғни, бұл ретте грамматикамен тоғыстыра оқытуда аталған ұстанымның рөлі айрықша болды. Бұл ұстаным оқыту үрдісінде студенттің білімдер жүйесін тұтас қабылдауына, білімді шоғырландыру арқылы кәсіби ойлауды қалыптастыруға, интеллектуалды дамуына көмектеседі, әрі сөйлеу құзыреттілігін дамытады. Барменкова О.И. өз еңбегінді видеоматериалды қолданудың төмендегі ұстанымдарын ұсынған:

Х.Палмер «грамматикалық ережелерді білмеу, сөйлемдегі мағыналық қарым-қатынастарды түсінбеу орфографиялық қателерге» соқтыратынын дәлелдеп, диктанттың түрлеріне, олардың атқаратын рөліне тоқталып, сызбалар мен үлестірме қағаздарды ұтымды қолданудың жолдарын ұсынады [4, 65].

Осы кезекте, біз сабақта ‘Gardening in England’ тақырыбында видеоматериалды қолданған кезде төмендегі жаттығулар мен тапсырмалар орындаты арқылы студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды жүзеге асырдық. Ағылшын тілін оқытуда үлестірмелі қағаздарды таратып, жаттығуларды орындау көптеп қоланылады. Сондай жаттығулардың ішінде студенттің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда төмендегідей жаттығуларды қолдануға болады:

1. True (T) or False (F)

- a. English people like gardening _____
- b. Flower shows and vegetables shows are not popular in England _____
- c. At these shows gardeners get prizes _____
- d. Looking at flowers or eating vegetables is more important to a lot of gardeners than the process of growing plants _____

2. Put the words in the correct order

1. Were/yesterday/what/doing/you/ at/ 3/ o'clock/
2. Was/ watering/ flowers/I/
3. Enjoy/ I/ working/ in the garden/ mother/ my/ was/ the / flowers/ watering/

3. Translate the sentences

1. Асемнің бағы бар.
2. Оның бағында әртүрлі гүлдер өседі
3. Әсел бағында жұмыс істегенді ұнатады
4. Оның бағбан болғысы келеді

1. Choose the right form

- a. Mike met/ was meeting Omar at 3 o'clock in the afternoon on Monday.
- b. Omar`s father planted/ was planting trees at that time.
- c. Asel whitewashed/ was whitewashing the fruit trees at that time.
- d. After the lunch between 2 and 3 Omar watered/ was watering the flowers.
- e. Omar was/ were pruning dread branches.

2. Complete the crosswords with the words of gardening.

Осындай қарапайым технологияларды қолдана отырып, студенттердің қоршаған ортаға байланысты лексиканы қалыптастыру және шығармашылық іс-әрекет талаптары орындау мақсатында, студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін арттыру мақсатында бағдарламадағы мәтіндерге сәйкес деңгейлік, шығармашылық тапсырмаларды алып қарастырдықта, практика жүзінде қолданып, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

- студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;

- қызығушылық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде студенттердің коммуникативтік дағдылары дамиды;

- студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы студенттерді шығармашылыққа баулиды;

- студенттерді коммуникативтік тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөліп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор;

- қызығушылық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс-амалдар пайдалану студенттердің коммуникативтік дағдылары мен қатар интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, оқу-танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады.

Сапалы білімді қамтамасыз етуде қазіргі қолданылып жатқан әдіс-амалдар өте мол, студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін арттыруда жаңа технологиялар да артуда, тек әр ұстаз, өз студенттеріне ыңғайлысын қолдана білуден ұтады. Соның бірі ағылшын тілін оқытуда қолданылған шығармашылық тапсырмалар, студенттер өздері ізденеді, тілге деген құрметі артады, әр тақырыптың мәні ашылып, талданады, қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстырылып, сыйластыққа үйретеді, пәнге деген қызығушылықтары даарта түседі, ең негізгісі студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады деп ойлаймыз.

Рөлдік ойындар мен видеоматериалдарды тиімді қолданып студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін іске асыру мақсатында өз сабағымызда сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының стратегияларын қолдандық. Сын тұрғысынан ойлау, өз алдына мәселе қойып, әркез соған өз бетімен шешім іздеу, баламалар ұсыну, өз көзқарасын қорғай білу болып табылады. К.Құдайбергенова пікірінше де сын тұрғысынан ойлау – ол алдымен оқытудың студентке бағытталған орталықталықтандырылған түрі, ол студенттің дамуына, соның ішінде сыни көзқарасы бар жеке тұлғаның дамуына, зерттеуші студенттің дамуына, оның өзіндік «Менін» жүзеге асыруға, студенттің шығармашылық мүмкіндігін ашуға, яғни, бір сөзбен айтқанда, коммуникативті қатынасқа үйрететін бағдарлама [5]. Өз сабағымда сын тұрғысынан ойлау стратегияларын пайдаланғанда, мен студенттердің білімді өз бетінше ізденіп, зерттеп, бірлесе отырып жаңа идеялар мен тұжырымдарды әр түрлі жолдармен ұсынатындарын, жаңа білімді белсенді түрде талдап, жинақтап, оларды күнделікті өмірдегі жағдайлармен байланыстыратындарын, бір-біріне деген сенімділіктері мен түсінушіліктерінің дамитын байқадық.

Коммуникативтік қарым-қатынас процесі оқытудың мақсатына, жағдайына, мүмкіндігіне қарай үнемі өзгерісте болады. Сондықтан, сөйлеуші сол өзгерістерге байланысты қарым-қатынастағы өзгерістерді де ескеріп отыруы керек. Студенттерді коммуникативтік қарым-қатынастың әр түріне дайындау үшін материалдарды да жиі түрлендіріп отыруды қажет етеді. Осы ұстанымға байланысты тілдік дағдылар да өзгертіліп отырылуы керек. Абдилдаева Ш.К., Есембекова Ш.Т. пайымдауынша бұл студенттердің айтқысы келген ойын басқаша жеткізуге, сөйлеу құзыреттілігін жетілдіруге, тез сөйлеуге көмектеседі [6]. Сонда ғана, студенттер жаңа материалды іс жүзінде қолдануға тезірек машықтанады. Материал жаңа болуы керек, сонымен бірге қайталау кезінде сол қалпында емес, басқа контекстерде өзгертіліп берілуі керек, сол кезде ғана студенттердің білік дағдылары бірте-бірте дамиды.

Қорыта келгенде, оқу ретіндегі ойын тиімділігі мынадай бірқатар талаптарды сақтауға байланысты, яғни олар: студенттер әрекет ететін қиялдағы жағдайдың, жоспардың болуы және студенттердің ойын нәтижесін, ойын ережесін міндетті түрде түсінуі. Ойын бұл тек ұжымдық көңіл көтеру емес, бұл оқытудың барлық міндеттеріне қол жеткізудің негізгі тәсілі, сондықтан ол қандай дағды және икемділікті талап ететіндігін, студенттің нені жасай біледі және ойын барысында неге үйренгендігін білу қажет. Ойын студенттердің ойлау қабілетін күшейту қажеттілігін алдына қоюы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Пассов Е.И. Основы методики обучения иностранным языкам. – М.: издательство Русский язык, 1977. – С.300.

2. Свирина Л.О. Технология использования видео на уроке иностранного языка. – Казань, 2011. – 125стр.

3. Соловова Е.Н. *Использование видеонаукокаиностранныго языка // ELT NEWS & VIEWS № 1 март 2003.* – С. 2. Smith P. *Video, Computers, and U.S. Language Education/Language Acquisition Center, University of Texas of Arlington, 1995.* – 312 p.
4. Мартыненко Л.С. *Ролевые и деловые игры на уроках английского языка.* – М., 1997. – 56-58 б.
5. Дубинина Т.Г. *Использование видео на уроках иностранного языка как средство формирования коммуникативной компетенции учащихся.* 2012.
6. Абдилдаева Ш.К., Есембекова Ш.Т. *Шетел тілі сабағында рөлдік ойындарды қолданудың тиімділігі.* – Қызылорда, 2014 ж. – 35б.

МРНТИ 14.07.07

Н.Балқаш¹

¹«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының I курс магистранты

ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Берілген мақалада қазіргі заман талабына сәйкес шетел тілін оқытуда интернет ресурстарын қолдану жайы, студенттердің қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруда оның маңыздылығы, тиімділігі жөнінде сөз болады.

Қарым-қатынас тілі мен мәдениет мәселесін зерттеу қатысымдық компоненті оқыту мазмұнына енгізу қажеттілігі арқылы анықталған. Тіл – этникалық топтың рухани мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мәдени құндылықтарды тасымалдаушы ретінде мәдениет дамуының негізі ретінде пайда болады.

Қатысымдық құзыреттілік басқа халықтардың мәдениетін таныстыру құралы ретінде студенттерге шетел тілін оқыту мазмұнына мәдениет мәселесін енгізу арқылы отандық мәдениет пен өзге ұлт мәдениетінің дамуына ықпал етуге арналған.

Тірек сөздер: Интернет ресурстар, мультимедиялық бағдарламалар, компьютер технологиялары, қатысымдық құзыреттілік, шетел тілі.

Аннотация

Балқаш Н.¹

¹магистрант I курса специальности «Иностранный язык: два иностранных языка»

ФОРМИРОВАНИЕ КОМУНИКАТИВНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ СТУДЕНТОВ ПОСРЕДСТВОМ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСОВ

В данной статье рассматривается использование интернет-ресурсов в преподавании иностранного языка в соответствии с современными требованиями, его актуальность и эффективность в формировании коммуникативных компетенций студентов.

Исследование проблемы взаимосвязи языка и культуры определило необходимость включения в содержание обучения русскому языку национально-культурного компонента. Поскольку язык, являясь компонентом духовной культуры этноса, выступает как условие развития культуры, как транслятор культурных ценностей от поколения к поколению.

Коммуникативная компетенция органично входит в содержание обучения иностранному языку как средство приобщения к культурам других народов. Включение культуры в содержание обучения призвано содействовать формированию у учащихся развернутого представления о родной культуре и культуре народов.

Ключевые слова: интернет ресурсы, мультимедийные программы, компьютерные технологии, коммуникативная компетенция, преподавание иностранных языков.

Abstract

Balkash N.¹

¹1-year master student of the specialty "Foreign language: two foreign languages"

FORMATION OF STUDENTS' COMPETENCIES THROUGH THE USE OF INTERNET RESOURCES

This article is considered with the use of Internet resources in teaching a foreign languages in accordance with modern requirements, its relevance and effectiveness in the formation of students' communicative competencies.

The research of the problem of the relationship between language and culture has identified the need to include in the content of training national-cultural component. Since language is considered as a component of spiritual culture of the

ethnic group, it appears as a condition for the development of culture as a translator of cultural values from generation to generation.

Communicative competence is a part of the content of foreign language teaching as a means of familiarizing the cultures of other peoples. The inclusion of culture in the learning content is designed to promote the development of students' full-scale representation of the native culture and the culture of the people.

Key words: Internet resources, multimedia programs, computer technologies, communicative competence, teaching foreign languages.

Интернеттің пайда болуымен біздің өмірімізде қарым-қатынас жасаудың жаңа мүмкіндіктері уақыт пен кеңістікке қарамастан ашылды. Бұл күндері электрондық хат алмасулар, онлайн жүйесінде пікірталастар, мәтіндік чат және басқа да көп салалы ресурстар ашылды. Мысалыға Wikis, блогтар, бейнеконференциялар жүргізу үшін (Skype), суреттер мен бейнелік ұсыныстар (You Tube), виртуальды әлем, әлеуметтік желілер, Facebook және ұялы телефондарға ұсыныстардың өсуі. Бұл желілерде отырып, қатынас жасауға болады. Шет тілін оқытуда қазіргі заманғы технологиялар дәстүрлі сабақты өзгертуде оқытудың жаңа жолдарын әкелді. Компьютерді шет тілін үйренуде 1960 жылдардан бастап қолдана бастады. Оны пайдалану әдісі грамматикалық үлгілерді, сөздерді қабылдауда, есте сақтауда және қайталауда қолданды. Ақырында коммуникативтік әдіс-тәсілдің пайда болуымен тілді қолдануға, оқушыны қызықтыруға және тілдік ортаны қалыптастыруға көңіл бөлінді. Тілді үйренуде көптеген бағдарламалар пайда болды. Олар жаттығу ретінде емес, әртүрлі тілдік ойындар, мәтіндік қалпына келтірілген, таңдау мен жауаптарын бақылауға арналған бағдарламалар және т.б.

Білім беру, білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдерімен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі ғана емес, тарихи-танымдық, педагогикалық, саяси-экономикалық сауатты және ақпараттық – коммуникациялық технологияны жетік меңгеруі тиіс. Еліміздің мәртебемінің биік болуы әсіресе, жас ұрпақтың білімділігі мен белсенділігіне байланысты. Қазіргі заманғы білім беруге қойылатын басты талап сапалылық. Мұғалім заман талабына сай, білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істейтін оқытудың жаңа инновациялық әдістерін шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға саналады.

Біздің ойымызша, *құзыреттілік қалыптастыру* дегеніміздің өзі болашақ маман - қазіргі шәкірттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығуы, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Шетел тілін үйретуде оқушының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруда коммуникативтік жаттығулар арқылы пәнаралық кешенді амал оқыту мазмұнының маңызды бір бөлігі ретінде меңгеруі тиіс, себебі шетел тілінен оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудағы пәнаралық кешенді амалды игеру олардың дүниетанымын кеңейту құралы болып қана қоймай, сондай-ақ оқушының болашақ кәсіби біліктілігінің алғышарты болып табылады.

Интернет ресурстарын шетел тілін үйренушілерге аутентті мәтінді қолдануға, тіл тасушыны тыңдауға, олармен қарым-қатынас жасауға және тілдік ортаны қалыптастыруға септігін тигізеді. Интернеттің көмегімен студент фонетикалық, грамматикалық, лексикалық жаттығулар, оқуға және грамматикаға арналған тесттермен жұмыс жасай алады. Ағылшын тілі сабағында материалды интернет ресурстарын пайдалана отырып, көптеген дидактикалық мәселелерді шешуге болады. Студенттерге мультимедиялық технологияларды пайдалану, оқып жатқан құбылыстар мен объект жайында толық және дәл ақпарат береді. Бұл білім сапасын арттырады, студенттердің танымдық қызығушылықтарын қанағаттандырады және жетілдіреді. Оқытудың көрнекіліктерін жетілдіреді, тіпті қол жеткізе алмайтын материалды пайдалануға мүмкіндік береді. Студенттердің жұмыс істеуі қарқынды болады, оқу материалын оқып-үйренуде жылдамдығын арттырады, студенттің сабақта және сабақтан тыс өз бетінше жұмыс істеуі үшін жұмыс көлемін ұлғайтады.

Компьютер студентті тек оқу материалдарымен қамтамасыз етуші емес, сонымен қатар оқытудың тәсілі ретінде қолжетімділігі, материалдарды жинау мен өңдеуде, мәселелерді шешуде қолданыла бастады. Грамматикалық материалды тексеруде, мәтінді өңдеуде атақты бола бастады. Қазіргі таңда

шет тілінде үйрету тек қана компьютерге және сан алуан оқу бағдарламаларына ғана емес, интернет ресурстарын қолдану арқылы басқа да пайдаланушылардың қарым-қатынасында. Оған себеп технологиялық жетістіктер ғана емес, сонымен қатар педагогика мен методикадағы жаңа әдіс-тәсілдер [1].

Дидактикалық тұрғыдан интернет екі негізгі компонентті енгізеді: 1. Телекоммуникациялық пішіндер (Интернет-технологияларға қатысты, электрондық хат алмасулар, чат, жиындар, ICQ, веб конференциялар); 2. Ақпараттық ресурстар; Телекоммуникациялық ресурстардан оқуға арналған Интернет ресурстардың айырмашылығы тек қана оқыту мақсатына арналған. Олар әр түрлі пәндерде құрастырылған, сонымен қатар шетел тілінде де. Қазіргі кезде жаңа білім беру жүйесі интернеттің пайда болуы арқасында дамығанын барлығы да мойындайды. Көптеген әдіскерлер видеофильм, электрондық хат алмасулар (email), мультимедиялық презентация, анимациялық суреттер және т.б. көмегімен шетел тілінде монолог және диалог түрінде сөйлеу қабілетін қалыптастыратын жаттығуларды құрастырумен айналысып жатыр. Шетелде болмай, сол елдің тілінде сөйлей алу қабілетіне ие болу оңай емес.

Ағылшын тілі сабағында материалды интернет ресурстарын пайдалана отырып, көптеген дидактикалық мәселелерді шешуге болады. Студенттерге мультимедиялық технологияларды пайдалану, оқып жатқан құбылыстар мен объект жайында толық және дәл ақпарат береді [2]. Бұл білім сапасын арттырады, студенттердің танымдық қызығушылықтарын қанағаттандырады және жетілдіреді. Оқытудың көрнекіліктерін жетілдіреді, тіпті қол жеткізе алмайтын материалды пайдалануға мүмкіндік береді. Студенттердің жұмыс істеуі қарқынды болады, оқу материалын оқып-үйренуде жылдамдығын арттырады, студенттің сабақта және сабақтан тыс өз бетінше жұмыс істеуі үшін жұмыс көлемін ұлғайтады. Интернет желісіндегі ақпараттық ресурстар әртүрлі тілдерде аудио-визуальды, мәтіндік материалдармен қамтамасыз етілген. Ақпараттандырудың қазіргі кезеңінде әрбір студент, оқытушы ақпараттық технологияларды тиімді қолдана білуі, интернет ғаламдық желісін пайдалана алуы тиіс.

Бүкіләлемдік жүйенің кең мүмкіндіктерін қолдану арқылы студенттердің қарым-қатынас құзіреттілігі іс-әрекет барысында қалыптасады. Оқыту мазмұнының ғылыми негізін меңгеру іс-әрекет әдістерімен байланысты. Кез келген іс-әрекет түрін меңгеруде оны психологиялық теориясымен орындау, әрекет ету кезінде байқалады. Мысалы сөйлеу әрекетін студент шынайы қарым-қатынаста меңгереді [3]. Оны компьютерлік телекоммуникация құрайды. Оқыту үдерісінде интернетті қолдану мынадай мақсаттарды шешеді:

- сабақтың мазмұнын жүйеге қосуға, оқыту бағдарламаларын кіріктіруге;
- жоба бойынша жұмыстарда өз бетінше мәліметтер іздеуге;
- өз бетінше шетел тілін үйренуге және терең меңгеруге;
- біліктілік емтихандарына өз бетінше дайындалып, тапсыруға;
- шетел тілінде қарым-қатынас жасаудың жаңа формасы ретінде;
- білім,білік, дағдының арақашықтығын анықтауда;
- оқытушының жетекшілігімен арнайы шетел тілінен қашықтықтан оқуға;

Шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты-коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру, басқа мақсаттары (білім беру, тәрбиелік, жетілдіруші) осы негізгі мақсатты жүзеге асыру кезінде іске асады. Коммуникативті тіл табу білім алуда қатынаста қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру қабілеттіліктерін, яғни интернеттің басты қызмет атқаратыны болып табылады. Қатынассыз интернеттің мәні жоқ-бұл халықаралық кроссмәдени қоғам, онда миллиондаған адамдар бір уақытта бір-бірімен электронды түрде қатынас жасай алады.

Шетел тілі сабағында оған қосыла отырып, біз шынайы қарым-қатынастың моделін құрастырамыз. Студенттер интернетпен қатынас жасай отырып, тілдік ортада өмірлік жағдаяттарға тап болады. Алғашқысында олар түсінуге, мазмұнын және мағынасын айтуға көп көңіл бөледі. Интернетті білім алудың көмекші техникалық құралы екендігін және жетістіктерге жету үшін оны оқу үрдісінде сауатты қолдану керек екендігін ұмытпау керек. Шетел тілін үйренуде интернет сөйлеу әрекетінде мүмкіншіліктері қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар сөздер мен грамматиканы меңгеруде де тиімділігін көрсетеді. Интернет әлеуметтік және психологиялық ахуалдарын жетілдіреді. Олардың өздеріне деген сенімділіктері артады, ұжымда жұмыс істеу қабілеттіліктері және де білім алуларына жағымды атмосфера құрады. Интернет қорларын қолдана отырып, оқу үрдісінде біраз дидактикалық тапсырмаларды ағылшын тілінде шешуге болады. Олар

оқу қабілеттерін қалыптастырады, Интернет желісіндегі дыбыстық аутентті мәтіндерді тыңдап, түсінуге тырысады, монологты және диалогты сөйлеуде мәселелік талқылауды үйренеді, реферат және шығарма жазуға, жазбаша жауап қайтаруға үйренеді, сөздік қорын дамытады, мәдени білімдерін толықтырады, тілін оқып жатқан елдің мәдениетімен, саясатымен және салт-дәстүрлерімен танысады. Коммуникативті технологиямен жұмыс істеген кезде оқытушының рөлі ауысады, оның басты міндеті – студенттің жетілуіне және творчестволық ізденістеріне бағыт-бағдар беріп отырады. Студенттер өз беттерімен көбірек ізденуге, білім алуға тырысады.

